

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Сүлейман Демирел атындағы университет**

Байтелиева Жанар Дәрібекқызы

ҚАЗАҚ ЭТНОЛИНГВИСТИКАСЫ

Оқу құралы

Алматы, 2011

УДК 81: 39

ББК 74.6

Б 20

Баспаға Абай атындағы Қазақ ҰПУ-нің жанындағы «Білім» тобындағы мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік секциясы және ҚР БҒМ Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесі ұсынған
Хаттама № 15. 10.06.2011 ж.

Пікір жазғандар:

ҚР ҰҒА А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты этнолингвистика бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор Шойбеков Р.

Сүлейман Демирел атындағы университеттің профессоры, ф.ғ.д. Кудеринова Қ.

БАЙТЕЛИЕВА Ж.Д.

Б 20 **Қазақ этнолингвистикасы: Оқу құралы.** – Алматы, 2011. –109 б.

ISBN 9965-792-52-6

Этнолингвистика – этнос болмысын оның тілі арқылы танып-білу мақсатынан туындаған тіл білімінің антрополингвистикалық бағыттағы саласы.

Ұсынылып отырған оқу құралында этнолингвистика ғылымының қалыптасу, даму тарихы, этнолингвистикалық мектептер, сол мектептердің өкілдері мен олардың негізгі еңбектеріне тоқталады.

Оқу құралында автор этнолингвистика ғылымының қазақ тіл біліміндегі негізін қалаушы академик Ә.Қайдардың, сондай-ақ, М.Копыленко, Е.Жанпейісов, Н.Уәли, Ж.Манкеева т.б. ғалымдардың теориялық тұжырымдарын берген.

Оқу құралы жоғары оқу орындары филология факультеттерінің студенттері мен магистранттарына, оқытушыларына, жалпы көпшілік қауымға арналған.

УДК 81: 39

ББК 74.6

ISBN 9965-792-52-6

Байтелиева Ж., 2011

АЛҒЫ СӨЗ

«Қазақ этнолингвистикасы» – жоғары оқу орындары филология факультеттерінің студенттеріне таңдау курсы ретінде оқытылатын ғылыми-теориялық пән.

Бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде тілге жаңаша көзқарас пайда болды. Онда негізінен тілді логикалық, философиялық тұрғыдан зерттеу кең етек алуда. Ғылым атаулының осылайша дамуы барысында лингвистика ғылымының да көптеген ғылымдармен байланысқа түсіп, солармен қанаттаса дамып жатқанын байқауымызға болады. Тіл білімі ең алдымен қоғамдық ғылымдармен тығыз байланысты. Өйткені лингвистика тілді қоғаммен бірге туып, бірге дамып жетілетін құбылыс ретінде, қоғам мүшелерінің пікір алысу, қатынас құралы ретінде қарастырады.

Тіл білімінің теориясы мен тарихын жақсы түсіну үшін өткен ғасырлардағы ғылыми бағыттардың, ағымдардың, көзқарастардың, түрлі ғылыми мектептердің ерекшеліктерін ажырата білу керек. Жаңа ғылыми бағыттар мен ағымдардың туындауына негіз болған басты себептердің бірі – тілге деген жаңаша түсінік, түрлі анықтамалар мен оның өзіндік мәнін, ерекшелігін, қызметін айқындауға байланысты айтылған пікірлер, сан алуан көзқарастар. Қазіргі уақытта екі немесе бірнеше ғылымның өзара түйіскен жерінен сол ғылымдардың бәріне ортақ, бәріне бірдей қатысты мәселелерді зерттейтін дербес ғылыми пәндер жасалып, ғылымда интеграция үдерісі жүріп жатыр. Ғылымдардың интеграциясы өте-мөте күрделі үдерістерді, шындық болмыстың құбылыстарын бірнеше ғылымдардың бірлесе кешенді зерттеуі түрінде де, әртүрлі ғылымдардың басқа ғылымдарға кірігуі, әр басқа ғылымдардың пәндері мен әдістерінің өзара жақындасуы түрінде де жүріп жатады. Айталық, этнос пен тіл, тіл білімі мен психология, тіл білімі мен философия, тіл білімі мен мәдениеттану, тіл мен таным арасындағы, осы аталған ғылым салаларының әрқайсысы мен қоғамның, қоғамдық әрекеттер кеңістігі туралы ғылым мен көптеген басқа ғылымдардың арасындағы нақты шекарасын қазірде дөп басу қиын. Мұның өзі қоғамдық үдерістердің бір ғана формасын зерттейтін біртектес ғылымдардың ғана емес, шындық болмысты әр алуан қырынан зерттейтін әртүрлі ғылымдардың тоғысуының қазіргі кезде қарқынды үдерісі жүріп жатыр деуімізге толық негіз болады. Интеграция қазірде математика мен лингвистика тәріздес бұрын-соңды бір-бірімен ешбір ұқсастығы жоқ секілді болып көрінетін ғылымдарды да қамтып отыр.

Қандай заманда болмасын ғылым, өнер, білім – барлығы да түптеп келгенде, адамды тануды бірінші мақсат етіп қойған. Өмірдегі алуан әрекеттердің бәрі де адаммен немесе оның қасиеттерімен байланысты. Мәселелер қалай өрбісе де, бәрі айналып келгенде адам болмысына тіреле бермек. Себебі мұның бәрі адамды тану қажеттігінен туған идеялар.

Соңғы 15-20 жылдың төңірегінде лингвистикалық зерттеулердің антропоэзектік аспектісі қарқынды дамып келеді. Мұның мәні адам болмысы мен тіл табиғатының байланысы шеңберінде өрбитін кешенді мәселелердің

туындауымен байланысты. Тек лингвистика ғана емес, жалпы гуманитарлық пәндердің ғылыми парадигмасы бұрын үстемдік еткен «қатаң ғылыми», әрі жүйелілік-құрылымдық ұстанымнан бет бұрып, функционалдық парадигманы жетекші бағытқа айналдырды.

Тіл білімінде соңғы жылдары антропоэзектік бағыттың қарқынды дамуының нәтижесінде этнолингвистика, лингвомәдениеттану, психоллингвистика, когнитивтік лингвистика секілді ғылым салалары пайда болды. Бұл ғылым салаларының басында В.фон Гумбольдт, А.А.Залевская, А.А.Потебня, А.Скольников-Алексеев, С.А.Маслова секілді ғалымдар тұр және олар осы ғылым салаларының теориялық негізін салуда үлкен жол салып кетті. Аталған жаңа ғылым салаларының бәрі дерлік екі үлкен ғылымның түйіскен жерінен жаңа ғылым болып туып, қоғамдық әрекеттердің шығуы мен дамуы тұрғысынан зерттеліп жатыр.

Ұсынылып отырған оқу құралында:

- лингвистикадағы антропоэзектік бағыт пен оның салаларына;
- этнолингвистика ғылымының қалыптасу, даму тарихына;
- лингвистикалық мектептер, сол мектептердің өкілдері мен олардың негізгі еңбектеріне;
- этнолингвистиканың мақсаты мен міндеттеріне;
- этнолингвистиканың басқа ғылым салаларымен байланысына;
- тілдік бірліктерге этнолингвистикалық талдау жасаудың әдіс-тәсілдеріне тоқталады.

Оқу құралында негізінен этнолингвистика ғылымының қазақ тіл біліміндегі негізін қалаушы академик Ә.Қайдар, М.Копыленко, Е.Жанпейісов, Н.Уәли, Ж.Манкеева, Г.Смағұловалардың теориялық тұжырымдарын берген.

I тарау. Этнолингвистика ғылымының теориялық негіздері

1.1 Тіл біліміндегі антропоэкеттік бағыт және оның салалары

Қазіргі тіл білімінде ұлттың рухани-мәдени қазынасы ретіндегі тілді зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде. Оның себебі: әр тіл – өз бойында ұлт тарихын, тіл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол жай таңбалық жүйе емес, мәдениет. Сондықтан оны зерттеуде дәстүрлі құрылымдық лингвистиканың мүмкіншілігі шектеулі. Себебі бұл арада тілдің қызметі тек коммуникативтік емес, ол (тіл) – этномәдени ақпаратты жинап, сақтаушы, жеткізуші, келесі ұрпаққа жалғастырушы, сайып келгенде бір бүтін етіп тұтастырушы [1]. Сондықтан да қазіргі қазақ тіл білімінде тіл мен мәдениет сабақтастығын, атап айтқанда, тілдің бойындағы ұлттық сипатты, ұлттық рухты тануға негізделген жаңа салалар өріс алып келе жатыр.

Профессор Н.Уәли: «Адам санасындағы ақиқат дүние туралы ақпараттар – сыртқы дүниенің тілдік тұлға санасындағы моделі. Сыртқы дүниенің санадағы ақпараттық моделі бірте-бірте жинақталған, жүйеге түскен түрде болады. Ұзына бойы сыртқы дүние туралы, ондағы белгілі бір объект туралы ақпарат қабылданған сайын санада оның бейнесі тереңдей түседі, нақтылана береді, бөлік-бөлшектеріне дейін, бүге-шігесіне дейін айқындала береді. Осының нәтижесінде жеке тұлғаның тілдік семантикасы да икемді кең өрісті болады» – дейді [2, 56]. Ары қарай осы ойын мына мысалдармен дәлелдейді: *Қар* бір ғана нәрсе, бір ғана зат, ал оның *қасат қар*, *күртік қар*, *омбы қар*, *ақша қар*, *көкше қар*, *көбік қар*, *наурыздың ақша қары*, *жолдас қар* ақиқаттағы «түпнұсқаға» жақындай түскенін, онымен тіпті тең түсіп жатқанын байқатады. Алайда барлық жағдайда ақиқаттағы түпнұсқамен тілдік білім (семантика) үнемі тең түсіп жатпайды. Мысалы, ағылшын тілінде қардың екі түрінің *powolery snow* «күртік қар»; *spring snow* «көктемгі қар» деген атауы бар екен, басқалардан гөрі оны шаңғышылар көбірек қолданатын көрінеді. Бұл ағылшындардың тұрмысында қардың соншалықты мәнді емес екенін байқатады [3, 273]. Сондай-ақ, табиғатта саңырауқұлақтың ондаған түрі кездесетін болса, қазақтар үшін саңырауқұлақ бір ғана денотат, соған сәйкес бір ғана саңырауқұлақ бар. Қазақ тілі «ақиқатты осылай қабылдайсың» деп бізді де осыған мәжбүр етеді. Өйткені саңырауқұлақтың қазақтар үшін мәдени семантикалық мәні айтарлықтай емес. Ал басқа бір тілде саңырауқұлақты бүге-шігесіне дейін баяндап беретін атаулары бар, яғни тілдік білім (семантика) «түпнұсқаға» жақындай түседі. Дүние туралы білім тілдік білімді ұлғайта, тереңдете береді. Тілдік білім өзінің ақиқаттағы қайталамасына (аналогына) жақындай түседі [2, 56].

Ғылым атаулыны жалпы екі топқа бөлеміз: біріншісі – жаратылыстану ғылымдары, екіншісі – қоғамдық ғылымдар. Ғылым атаулының осылайша екі топқа жіктелуі олардың нені зерттейтіндігімен байланысты. Шындық

болмыстағы құбылыстардың бір тобы материалдық құбылыстар, яғни жаратылыс құбылыстары болса, келесі бір тобы – қоғамдық құбылыстар. Жаратылыс құбылыстарын жаратылыстану ғылымдары (физика, химия, биология, математика және осылардан бөлініп шыққан басқа ғылымдар) зерттесе, қоғамдық құбылыстарды қоғамдық ғылымдар (философия, тарих, экономика, заң ғылымдары және т.б.) зерттейді.

Лингвистика ғылымы осы салалардың қайсысына жататындығы туралы ғылым тарихында түрліше көзқарастар пайда болған. Мәселен, ХІХ ғасырда кейбір ғалымдар тілді жаратылыс құбылыстарының қатарына жатқызды да, осыған орай, тілді зерттейтін лингвистика ғылымын жаратылыстану ғылымдарының категориясына жатқызып, тілді жаратылыс құбылысы ретінде қарастырады. Неміс лингвисті Август Шлейхер (1821-1868) дәл осындай пікірде болып, тілді жанды зат, тірі организм секілді құбылыс деп қарастырады [4]. Оның пікірінше, тіл де жанды зат секілді туады, өседі, көбейеді, қартайып тозады, ақыры өледі. Август Шлейхер тілді биологиялық құбылыстардың қатарына жатқыза келіп, оны зерттейтін лингвистика ғылымын да жаратылыстану ғылымдарының санатына қосады. Август Шлейхердің бұл тұжырымын теріске шығарып, оның себебін тіл мен тірі организмнің арасында түбірлі айырмашылықтар бар екенімен дәлелдеген ғылыми көзқарастар пайда болды. Олай дейтін себебіміз тірі организмнің өлуі биологиялық тұрғыдан болмай қоймайтын шарасыздық. Ал тіл қандай да бір тірі организмнен болсын әлдеқайда өміршең ұзақ өмір сүреді. Бұған тілдің кумулятивтік қызметін жатқызуға болады. Тіл өз дамуының ішкі заңдары бойынша дамып, қалыптасып отырады, бірақ оның тірі организм секілді өмірін тоқтатуы шарт емес. Тірі организм биологиялық құбылыстардың қатарынан орын алатұғын болса, тіл қоғамдық құбылыстардың қатарына жатады. Демек, тіл – қоғамдық құбылыс, сондықтан оны зерттейтін ғылым – тіл білімі де қоғамдық ғылымдардың қатарынан орын алары сөзсіз.

Тіл білімінің ғылымдар жүйесінде алатын орнын түсіну үшін қазіргі замандағы ғылымның дамуы мен сипаты туралы мәселеден хабардар болу қажет. Бүгінгі таңда бір жағынан, ғылымда бұрын болмаған жаңа салалар өмірге келіп, дифференциация үдерісі жүріп жатса, екінші жағынан, екі немесе бірнеше ғылымның өзара түйіскен жерінен сол ғылымдардың бәріне ортақ, бәріне бірдей қатысты мәселелерді зерттейтін дербес ғылыми пәндер жасалып, ғылымда интеграция үдерісі де жүріп жатыр. Мәселен, тіл білімінде соңғы жылдары антропоэзектік бағыттың қарқынды дамуының нәтижесінде этнолингвистика, лингвомәдениеттану, психоллингвистика, когнитивтік лингвистика секілді ғылым салалары пайда болды. Бұл ғылым салаларының басында В.фон Гумбольдт, А.А.Залевская, А.А.Потебня, А.С.Скольников-Алексеев, С.А.Маслова секілді ғалымдар тұр және олар осы ғылым салаларының теориялық негізін салуда үлкен жол салып кетті. Аталған жаңа ғылым салаларының бәрі дерлік екі үлкен ғылымның түйіскен жерінен жаңа ғылым болып туып, қоғамдық әрекеттердің шығуы мен дамуы тұрғысынан зерттеліп жатыр. Мұның өзі қоғамдық үдерістердің бір ғана формасын зерттейтін

біртекте ғылымдардың ғана емес, шындық болмысты әр алуан қырынан зерттейтін әртүрлі ғылымдардың тоғысуының қазіргі кезде қарқынды үдерісі жүріп жатыр деуімізге толық негіз болады. Интеграция қазірде математика мен лингвистика тәріздес бұрын соңды бір-бірімен ешбір ұқсастығы жоқ секілді болып көрінетін ғылымдарды да қамтып отыр.

В.Гумбольдт еңбектерінен басталған тіл біліміндегі тіл мен мәдениеттің қарым-қатынасы мәселесінің тұжырымдарын төмендегідей анықтауға болады: 1) материалдық және рухани мәдениет тілде көрінеді; 2) кез келген мәдениет ұлттық, оның ұлттық сипаты тілде көрінеді; 3) ұлттық рухтың көрінуі оның мәдениетінде; 4) тіл – адам мен оны қоршаған әлемді жалғастырушы аралық.

В.Гумбольдт концепциясы (тұжырымдамасы) А.А.Потебня, Ш.Балли, И.А.Бодуэн де Куртэне, Р.О.Якобсон және басқа зерттеушілер еңбегінде жалғасын тапса, қазақ тіл білімінде Ә.Т.Қайдар, Е.Жанпейісов, М.М.Копыленко, Р.Сыздық, Н.Уәли, К.Хұсайын, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, А.Сейілхан, А.Ислам т.б. еңбектерінде көрініс табады.

Осы еңбектердің нәтижелерін қорыта келіп, тіл мен мәдениеттің тығыз байланысы коммуникативтік үдерістен, онтогенезден көрінеді деп тұжырым жасауға болады. Тіл – мәдениет дерегі, өйткені ол мәдениеттің құрастырушы бөлігі және тіл мәдениетті танудағы негізгі құрал, себебі ол арқылы біз мәдениетті меңгереміз. Тіл мәдениеттің жалпы сипатын танытады, негізгі ақпаратты жинайды, сақтайды және жеткізеді. Осыған сай тіл әрбір этникалық қоғамдастықта, бір жағынан, этностың мәдени өзгешелігінің факторы ретінде, екінші жағынан – тіл шеңберінде мәдениеттің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуын қамтамасыз етеді. Осылайша қазіргі, келер ұрпақты бір тұтастырып байланыстырады. Демек, тіл мәдениетте өсіп-өнеді, дамиды және соны бейнелейді. Мәдениет этномәдени ақпараттар береді. Ал этномәдени ақпараттар әртүрлі формаларда жүзеге асады. Олар материалдық және рухани мәдениеттің туындылары т.б. Атап айтқанда, белгілі бір этномәдени ортадағы өмір сүру жағдайы, эстетикалық норма, тұрмыстық дағдылар, пайымдаулар, этникалық көзқарас, жергілікті культ пен дәстүрлік тәжірибе – ғасырлар бойы қалыптасқан бай «мәдениет тілі» немесе этнотаңбалар (Ю.М.Лотман т.б.). Бірақ ең негізгі форма – сөздік ақпарат. Оның негізін құрайтын этнографизмдер мәдениетті айқындап қана қоймай, оны символдау қызметін атқарады.

Материалды дүние – біртұтас және оның бірлігі де материалдығында. Дүниенің біртұтастығы оның салаларының, фрагменттерінің, әртүрлі жақтарының өзара тығыз байланысты, бірімен-бірі шарттас екендігін, бір-біріне әсер ететіндігін көрсетеді. Материалды дүниенің әртүрлі жақтарын зерттейтін ғылымдардың баршасының етене бірлігі де осымен айқындалады. Дегенмен бұл да жеткіліксіз. Бүгінгі таңда өмірдің әрбір жеке саласы, әдетте бір ғана емес, әртүрлі ғылымдардың біртұтас кешенінде зерттелінеді, бұл ғылымдардың әрқайсысы өзі өмірдің осы салаларының белгілі бір жағын зерттейді. Міне, сондықтан да қазіргі кезде мысалы, XVII-XVIII ғасырларда біртұтас ғылым ретінде саналған жаратылыстану ғылымдарының салалары

химия, физика ғана емес, физикалық, химиялық ғылымдардың біртұтас кешендері туындап жатыр. Бұл жағдай қоғамдық ғылымдарға да тән құбылыс.

Мұның бәрі көбіне-көп ғылымдардың өте қызу қарқынымен жүріп жатқан дифференция, әсіресе интеграция үдерісінің нәтижесі болып табылады. Жоғарыда сөз болған мәселелер И.Д.Андреевтің «Ғылым және қоғамдық үдеріс» деген еңбегінде ауқымды түрде айтылады [5, 15-18].

Ғылым атаулының осылайша дамуы барысында лингвистика ғылымының да көптеген ғылымдармен байланысқа түсіп, солармен қанаттаса дамуын байқауымызға болады. Тіл білімі ғылымы ең алдымен қоғамдық ғылымдармен байланысты. Өйткені лингвистика тілді қоғаммен бірге туып, бірге дамып жетілетін құбылыс ретінде, қоғам мүшелерінің пікір алысу, қатынас жасау құралы ретінде қарастырады. Тіл білімі тілдің шығуын, жасалуын және дамуын зерттегенде, тарих ғылымының деректерін де пайдаланады. Тарих ғылымы халық тарихын, қоғам тарихын зерттеу барысында тіл білімінің деректері мен жетістіктерін де өз қажетіне жаратады.

Бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде тілге жаңаша көзқарас пайда болды. Онда негізінен тілді логикалық, философиялық тұрғыдан зерттеу кең етек алууда. Бұл дегеніміз тіл білімі антропоэлектік бағытта зерттелуде деген сөз.

XVIII-XIX ғасырлар аралығында көрініс бере бастаған «тіл мен мәдениетті байланыстыра қарау» идеясы бүгінгі таңда саналы түрде тілді антропологикалық ұстанымда зерттеу бағытына ұласты. Лингвистика ғылымында антропоэлектік концепцияның қарқынды дамуы XX ғасырдың екінші жартысынан басталады.

Лингвистикадағы антропоэлектік әдіс тілді адам болмысымен бірлікте қарастыруды көздейді. Әлемдегі барлық құбылыстар адам тәжірибесі мен құндылықтары тұрғысынан қарастырылады. Қандай заманда болмасын ғылым, өнер, білім – барлығы да түптеп келгенде, адамды тануды бірінші мақсат етіп қойған. Өмірдегі алуан әрекеттердің бәрі де адаммен немесе оның қасиеттерімен байланысты. Мәселелер қалай өрбісе де, бәрі айналып келгенде адам болмысына тіреле бермек. Себебі мұның бәрі адамды тану қажеттігінен туған идеялар екені мәлім.

Соңғы 15-20 жылдың төңірегінде лингвистикалық зерттеулердің антропоэлектік аспектісі қарқынды дамып келеді. Мұның мәні адам болмысы мен тіл табиғатының байланысы шеңберінде өрбитін кешенді мәселелердің туындауымен байланысты. Тек лингвистика ғана емес, жалпы гуманитарлық пәндердің ғылыми парадигмасы бұрын үстемдік еткен «қатаң ғылыми», әрі жүйелілік-құрылымдық ұстанымнан бет бұрып, функционалдық парадигманы жетекші бағытқа айналдырды.

Бұл бағыттың теориялық негіздемелері маркстік-лениндік ережеге сәйкес болмағандықтан, кеңес тіл білімінде сынға алынды (Гухман, 1961; Чесноков, 1977). Сол себептен, біздің ғылыми кеңістігімізде бұл бағыт кешендеу, кенжелеу қалған әдіс болып отыр. Бірақ кеңестік заманда да тілшілер мәдениет пен тіл арасындағы байланыс мәселесінен қол үзбей, оған жиі көңіл аударып отырды.

В.фон Гумбольдттың пікірінше, тіл философиясының негізгі принципі – тілді және оның формасын халық тіршілігі мен оның ұлттық санасының көрінісі ретінде тану болып табылады. Ол тілдің бастау арнасын өмірдің материалдық жағдаяттарынан емес, рухани әлемнен іздейтін өзіндік көзқарасын танытқан. В.фон Гумбольдт эволюция заңы бойынша тұжырымдалатын тілдің біртіндеп дамуы мен сол арқылы күрделене жетілетіндігі жайлы жорамалды теріске шығарып, оның әуел бастан-ақ адамзаттың жаратылысымен біртұтас жүйеде құрылып, ерекше қабілет түрінде бірден пайда болғандығын алға тартады.

Қазақ тіл білімінде соңғы кездері тілдегі антропоэлектік парадигма төңірегінде айтарлықтай сапалы зерттеулер жүргізіліп келеді. Ә.Қайдар, М.Копыленко, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Н.Уәли, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, Б.Момынова т.б. ғалымдар бұл мәселені тіл тарихы, лексикология, этнолингвистика, когнитология, лингвомәдениеттану салалары тұрғысынан жан-жақты қарастырып, өз үлестерін қосу үстінде.

Тіл білімінің теориясы мен тарихын жақсы түсіну үшін өткен ғасырлардағы ғылыми бағыттардың, ағымдардың, көзқарастардың, түрлі ғылыми мектептердің ерекшеліктерін ажырата білу керек. Жаңа ғылыми бағыттар мен ағымдардың туындауына негіз болған басты себептердің бірі – тілге деген жаңаша түсінік, түрлі анықтамалар мен оның өзіндік мәнін, ерекшелігін, қызметін айқындауға байланысты айтылған пікірлер мен сан алуан көзқарастар. Лингвист ғалымдар тілді сан алуан аспектіде қарастырады. Міне, осыдан келіп лингвистердің пікірлері бірнеше жікке жарылады. Бұған мысал ретінде жоғарыдағы Август Шлейхердің пікірін айта кесек болады. Ғалымдардың біразы тілді қоғамдық құбылыстар қатарында деп қараса, енді біреулері тілді жаратылыстану құбылыстарына жатқызады. Ал келесі біреулері тілді жеке адамдардың психикасына, яғни сөйлеу ерекшелігіне жатқызып, оны психология ғылымының қатарына қосады. Бұл тәрізді сан алуан пікірлер тілге анықтама беруде пікір қайшылықтарына әкеп тірейді. Көтерілген мәселелерді шешуде тіл білімінің тарихында бірнеше көзқарастар мен ағымдар, әртүрлі бағытты ұстанған лингвистикалық мектептер болды.

Тіл білімін зерттеудегі түрлі ғылыми бағыттар мен олардың ұстанған принциптері алуан түрлі болса да, негізгі үш бағыт аясында жүргізіліп келе жатқанын тіл білімі тарихына көз жүгірту арқылы аңғаруға болады. Олар біріншіден, *структуралистік (құрылымдық) бағыт*. Бұл бағыттың негізгі ұстанымы тілді өз ішінен зерттеу болды. Структуралистік бағыт ХХ ғасыр мен ХХІ ғасыр басына дейін кең қанат жайып, тілді өз ішінен зерттеу мәселесінде көптеген жетістіктерге жетті. Соның негізінде бүгінгі күні жекелеген тіл білімінде болсын, жалпы тіл білімінде болсын тіл білімінің грамматика саласындағы түйіткілді мәселелері біршама толық шешілді, соның нәтижесінде әлемдік грамматикада қазіргі күні дау тудыратындай аса күрделі мәселелер жоқтың қасы деп, шартты түрде айтуға болады. Әрине структурализм бірден пайда болған жоқ. Оның алғашқы соқпағын Ф.де Соссюр салған болатын. Ол: «Тіл өзара шарттас, бір-біріне тәуелді

элементтерден тұратын күрделі біртұтас құрылым», – дейді [6]. Структуралистер өз зерттеулерінде Ф.де.Соссюрдің осы пікірін әрі қарай дамытты.

Структурализм мектептерінің басын біріктіретін қағидалар:

1. Структуралистер «тіл білімінің негізгі міндеті – тілдің құрылымын, жүйесін зерттеу, тілдің құрылымдық элементтері арасындағы байланысты талдау», – дейді.

2. Структуралистер Ф.де.Соссюрдің ізімен тілді таңбалар жүйесі деп біледі. Тілдік бірліктердің (морфема, сөз, сөйлем) барлығын жеке-жеке таңба деп есептейді.

3. Структурализм мектептері синхрония, диахрония проблемаларына да мән береді.

Структурализмнің көпшілікке танымал үш мектебі бар. Олар: *Прага* (Чехословакия), *Копенгаген* (Дания) және *дескриптивтік* (Америка) мектептері. Әр мектептің өзіндік ерекшеліктері мен жекелеген принциптері бар. Алайда ол ерекшеліктері мен принциптері сол структуралистік ағымға қызмет етеді.

Ал екінші бағыт – *антропоэзектік парадигма*. Антропоэзектік парадигма өз бастауын Еуропадан В.фон Гумбольдттың лингвофилософиялық концепцияларынан алатындығы жөнінде жоғарыда аздап тоқталып өттік. Антропоэзектік парадигманың аясы өте үлкен. Этнолингвистика – соның бір саласы.

Тіл білімі үшін тілдің өзіндік құрылымын, ішкі жүйесін зерттеу қандай қажет болса, тілге әсерін, ықпалын тигізетін сыртқы жәйттерді (экстарлингвистикалық жағдайларды) зерттеп білу де сондай қажет.

Бүгінгі таңда антропоэзектік бағыт негізінде жүзеге асатын, бір-бірімен өзара шарттас, әрі іштей тығыз байланысқан бірқатар ғылым салалары қалыптасты. Атап айтсақ, олар: әлеуметтік лингвистика (социоллингвистика), лингвомәдениеттану (лингвокультурология), когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, психоллингвистика, гендерлік лингвистика. Лингвистиканың басқа ғылым салаларымен интеграциялануы нәтижесінде өмірге келген бұл пәндер макролингвистиканың аясында қарастырылады.

Антропоэзектік бағыт лингвистиканы ғылымның басқа салаларымен, тармақтарымен жақындастырды. Себебі антропоэзектік бағыт тілді адам арқылы зерттеуді, зерттеудің басты тұлғасын адам етіп алуды мұрат тұтады. Ал адамның әртүрлі іс-әрекетін, оның бүкіл болмысын зерттеуді тек лингвистика ғана емес, ірі, іргелі ғылым салаларының бәрі де бағыт-бағдар етіп алып отырғаны – бүгінгі күннің шындығы.

Адамды, оның жан дүниесін тілінен тыс зерттеуге болмайды. Сондай-ақ тілді де адам арқылы, адамның жан дүниесі арқылы зерттемей болмайды. Адам өз сөзінің иесі, өз сөзінің қожасы болса, тілдің иесі де, қожасы да халық. Дәлірек айтқанда, тілдің субъектісі, біріншіден, тілдік тұлға (жеке адам, тілді тұтынушы), екіншіден, халық, ұлт (тілдік ұжым) [2].

Бұдан бұрынғы дәстүрлі лингвистикалық зерттеулерде халық, ұлт, жеке тілдік тұлға, ескеріле бермейтін, яғни тілді өзінің субъектілерінсіз, имманентті жүйе ретінде қарастыру үрдісі басым болды. Қазіргі лингвистикалық парадигмада тілдік құбылыстарды, оның құрылым-жүйелерін, тілдік бірліктердің қызметін тілдің субъектілерімен байланысты зерттейтін антропоэзектік ұстаным ерекше күшейе түсті.

Тілдің антропоэзектілігі туралы идея бұрыннан, бағзы заманнан келе жатқанмен, жаңа парадигма зерттеудің объектісі, әдіс-тәсілдері, объектіні жаңа қырдан тану, талдау, категориялық ұғымдарды анықтау, негізгі бірліктерін айқындау, ережелерін белгілеу тәрізді міндеттерді енді-енді жүзеге асырып келеді.

Антропоэзектілік принципі – зерттеудің ерекше принципі, өйткені оның мәні кез келген зерттеу нысанының адам үшін маңыздылығын көрсетуден, адамның тыныс-тіршілігіндегі, қызметіндегі адам тұлғасын дамыту мен жетілдірудегі рөлін анықтаудан, оны бағалаудан тұрады әрі нәтижесі де соған қарай қорытылады. Сондықтан дүниедегі түрлі құбылыстарға сараптама жасау адамнан басталады, адам зерттеудің бастау көзі болып саналады, сөйтіп адам сараптама жасау процесіне тартылады және тек қана адам сараптаудың келешегі мен түпкі мақсатын белгілеуші бастапқы және соңғы нүктесіне айналады.

Лингвистикада тілдік құбылыстарды «тіл және адам» диадасы спектрінде қарастыру антропоэзектілік принциптің табиғатын, өзіндік ерекшелігін, бұл принциптің немен, қандай проблемамен және қалай байланысып жатқанын зерттеп-білу деген сөз.

Профессор Б.Момынова антропоэзектік бағыт бойынша қарастырылатын мәселелер қатарына мыналарды жатқызады:

- адам факторы – тілдегі негізгі фактор;
- тіл адамға, оның ойына және мінез-құлқына қалай әсер етеді; осы әсер адамның санасында қалыптасқан әлемнің тілдік суретіне нені қосады;
- адам өзі сөйлейтін (тұтынып жүрген) тілге қалай ықпал етеді, жалпы ықпал ете ала ма;
- адамның лингвокреативті іс-әрекетін жүзеге асыру үшін тіл жүйесінің қай бөлігі ыңғайлы болып табылады немесе адам үшін қай бөлік ашық та қолайлы;
- жүйенің қай бөлігі адам ықпалына көп ұшырауы мүмкін;
- қай бөлік өзгерісті қабылдауға бейім т.б.

Міне, тілдегі антропоэзектік бағыт зерттейтін мәселелердің қысқаша сипаттамасы осындай, бұл бағыттағы зерттеулер осы проблемалардың айналасына шоғырланған. Антропоэзектік бағыт қазақ тіл білімінде тіл мен мәдениет сабақтастығын терең зерттеген ғылыми еңбектер арқылы танылып отыр.

Антропоэзектік парадигма бұрыннан белгілі, танымал классикалық әдістемелік зерттеулер сияқты таным нысанын зерттегеннен гөрі, таным субъектісіне, яғни адамға бет бұрады. Өйткені адам – тұлға, жай ғана ізгілік

пен қайшылықтардың жиынтық образы емес, ұлттық және әлеуметтік белгілерді бойына жинақтаушы тұлға. Сондықтан да этнолингвистика, этнопсихология, этнопедагогика, психоллингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика – бәрі де адам санасы мен танымын, оның терең қатпарларын, таным мен сананың, адам ұғым-түсінігінің, ойы мен ойлауының тілі арқылы жарыққа шыққан нәтижелерін зерттейді [7, 11-12].


Тіл білімі салаларының үшінші бір үлкен тобы *салыстырмалы-тарихи тіл білімі* деп аталады. Салыстырмалы-тарихи тіл білімі де іргелі ғылым салаларының қатарына жатады. Салыстырмалы-тарихи тіл білімі негізінде генеалогиялық жағынан туыстас тілдерді, сонымен қатар генеалогиялық жағынан әртектес, типологиялық құрылымы сан алуан тілдерді салыстыра зерттеуде біршама табыстарға қол жеткізген ғылым саласы болып табылады. Зерттеу ісіне салыстырмалы-тарихи әдісті қолдану XIX ғасырдың басынан басталады.

1816 ж. неміс ғалымы Франц Бопп санскрит тіліндегі етістіктердің жіктелу жүйесін грек, латын, парсы, герман тілдеріндегі етістіктердің жіктелу жүйесімен салыстыра зерттеген еңбегі арқылы аталған тілдердің туыстығын дәлелдеді. Кейінірек ол бұл тілдерден жинаған материалдарын иран славян, балтық, армян тілдері мәнбілерімен (деректермен) толықтыра келіп, 1833-49 жылдары «Үндіеуропа тілдерінің салыстырмалы грамматикасын» жазды. Тіл білімі тарихында Франц Бопп салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізін салушы деп саналады.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімін қалыптастырушылардың аса көрнекті өкілінің бірі – неміс ғалымы В.фон Гумбольдт (1767-1835 ж.). Ол санскрит, қытай, малай, америка үндістері т.б. көптеген тілдерді зерттеген. В.фон Гумбольдт ілімінің өзінен кейінгілерге еткен әсері туралы профессор В.А.Звегинцев: «лингвистердің кейінгі замандардағы дамуына тигізген әсерінің тереңдігі, күші жағынан онымен пара-пар келетін басқа бір ғалымды атау қиын», – деп жазды.

Шындығында, тіл білімінің мақсаты – тілдер дамуының жалпы заңын белгілеу. Ол заң барлық тілдер үшін маңызды, ортақ, жалпы заң болуы керек.

Қорыта келгенде, біз ең алдымен этнолингвистика ғылымына бармас бұрын, лингвистика ғылымының қалыптасуы, даму тарихы, лингвистика ғылымын қалыптастыруда ерекше ықпал еткен лингвистикалық ғылыми бағыттар мен лингвистикалық мектептер, сол мектептердің өкілдері мен олардың еңбектеріне арнайы тоқтауды жөн санадық. Себебі қандай да болмасын ғылымды игеру үшін оның ең алдымен тарихынан хабардар болу арқылы ғана, оның өзекті теориялық мәселелерімен таныс болуға болады. Сонымен этнолингвистика ғылымы антропоөзектік парадигма аясындағы ғылым саласы болып табылады.



Тақырып бойынша сұрақтар:

1. Тіл білімінің ғылымдар жүйесіндегі орны туралы қандай пікірлер бар?
2. Ғылымдағы дифференция үдерісі, интеграция үдерісі дегенді қалай түсінесіз?
3. Қазіргі таңда тіл білімі басқа қандай ғылымдармен байланыста зерттелуде?
4. Тілдің кумулятивтік қызметі дегеніміз не?
5. Қазіргі таңда тіл білімі қай бағытта қарқынды дамуда?
6. Жалпы тіл біліміндегі негізгі бағыттарды атаңыз, қысқаша түсінік беріңіз.
7. Структуралистік бағыт қашаннан бастау алды және оның негізін салушылар кімдер?
8. Антропоэзектік бағыттың қалыптасу тарихын айтыңыз.
9. Антропоэзектік бағыттың ұстанатын принципіне не жатады?
10. Тіл білімі тарихында салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізін салушылар кімдер және олардың еңбектерінің ерекшелігі неде?
11. Лингвистиканың басқа ғылым салаларымен интеграциялануы нәтижесінде өмірге келген пәндерді атаңыз.

1.2 Этнолингвистика – ғылым саласы

Тіл – халықтың рухани және материалдық мәдениетінің, тарихының, бүкіл бітім-болмысының жарқын айнасы. Қоғамда орын алушы барлық өзгеріс пен жаңалық атаулы халықтың тілінде көрініс табады. Белгілі бір уақыт кеңістігінде дамушы ғылым мен мәдениет, экономика мен техника т.б. тілдің сөздік құрамының үздіксіз дамып отыруын талап етеді. Белгілі бір тілге өзіндік тәжірибелер жиынтығын меңгерген ерекше ұғым сәйкес келеді. Осылайша тіл адамдардың өзара пікір алысу құралы болады. Өйткені тіл – оны білетін барлық индивидтер өзара тілдесе алатын белгілердің арнаулы жүйесі. Кез келген тілде сөйлейтін халықтың өзіне тән тарихы, мәдениеті, өркениеті бар. Белгілі бір халықты тану, оны сезіну тәсілдері тілге өз әсерін тигізсе, тіл, керісінше, сөйлеуші адамдар арасында делдалдық қызмет атқарып, дүниені тануға көмектеседі. Белгілі бір тілдің сөздік қорына келетін болсақ, оның мәдениет, тарих және өркениет арқылы түсіндірілетінін атап өтуге болады. Сондықтан сөздер заттарды емес, адамдардың сол заттар жайлы ойын, түсінігін білдіреді.

Кез келген халықтың өзін-өзі тануы ұрпақ, уақыт, мәдениет сабақтастығы жүзеге асатын оның тарихы мен рухани дәстүрлерін білмей ешқашан да іске аспақ емес. Сондықтан да болар уақыт өткен сайын тіл мәселесі тек тіл мамандарын ғана емес, адаммен байланысты барлық мамандық иелерін толғандыруда. Демек лингвистердің тілдік болмысқа түрлі көзқарас деңгейінде талдау, зерттеу жұмыстарын жүргізуі табиғи құбылыс.

Қазіргі таңда зерттеу нысаны тіл болып саналатын бірнеше жаңа аспектілер қалыптасқандығын жоғарыда атап өттік. Солардың қатарында этнолингвистика да жеке ғылым саласы ретінде танылып отыр.

Этнолингвистика (гректің *ethnos* – тайпа, халық деген сөзінен шыққан) – этнос болмысын оның тілі арқылы танып-білу мақсатынан туындаған лингвистиканың (тіл білімінің) антропологикалық бағыттағы саласы. Сонымен қатар этнолингвистика – халықтың этногенезін, тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпын, мекен-жайын, басқа халықтармен тарихи-мәдени байланысын, күнделікті тұрмысын, материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін тіл білімінің жаңа саласы болып табылады. Ол тарих, археология, әдебиеттану, мәдениеттану, өнертану ғылымдарымен ұштасып жатса, ал этнография ғылымымен тығыз байланысты. Оны «этнолингвистика» терминінің жасалуынан да көруге болады [9]. Бірақ оның мағынасын, профессор М.Копыленко сөзімен айтқанда, этнография мен лингвистиканың қарапайым қосындысы (симбиоз) деп қарауға болмайды. Бұл саланың пайда болып, даму барысында осы әртүрлі бағыттар мен мектептердің ерекшеліктеріне байланысты этнография мен лингвистиканың арасалмағы өзгеріп отырады. Нақтырақ айтқанда, академик Ә.Қайдар «этно» компонентінің мәнін «этнография» ұғымымен шектемей, кеңірек қарайды. Ол этнолингвистика саласын этнос пен оның тілінің ортасынан туындаған ғылым саласы деп қарап, соған сәйкес «этнос» компонентінің: «Өткен бір дәуірлерде дүниеге келіп, белгілі бір географиялық ортада қалыптасқан, шұғылданған тіршілік-

тірлігі бірыңғай, мінез-құлқы ұқсас, діні де, тілі де бір, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы ортақ, өзінің тегін, туыстығын, тұтастығын сезіне білетін, сатылап даму барысында аналық, аталық, рулық, тайпалық, ұлыстық және халықтық дәуірлерді басынан кешіріп, бүгінде дербес ел болып отырған адамдар қауымы», – деген ғылыми түсініктемесіне ерекше мән жүктейді. Осыған қарап, этнолингвистиканы тіл мен этнография фактілерінің жай қосындысы деп қарауға болмайды. Этноним – (грек. *othos* – халық, *онута* – есім, атау) ру, тайпа, ел, халық, ұлт аттары. Халқымызда этнонимдер ұран, ту, таңба ретінде де жұмсалып, ру, тайпа, ұлыс, ел аттарымен де, солардың ішінен шыққан ру басылары мен би, ақсақал, батырлардың есімдерімен де аталған, жер-су аттары ретінде де қолданылған. Ал этнонимика – этнонимдердің шығуы мен таралуын, қолданылуын және құрылымын зерттейтін ономастиканың бір бөлімі [8, 54].

«Этнос» пен «тілді» кең мағынада да, тар мағынада да қолдана береміз. Осыған байланысты академик Ә.Қайдар [9] «этностың» орнына «этнос болмысы», «тілдің» орнына «тіл әлемі» деген термин-ұғымдарды қолданады. Оның түрлі себептері бар екендігін былай түсіндіреді: біріншісі – «этнос» деген ұғымның ауқымы тым кең және барша жұртқа бірдей түсінікті еместігі; екіншісі – «этносты» тар мағынаға сыйғызып, «мәдениет», «этнография», «мифология» т.б. осы сияқты ұғымдардың баламасына айналдыруға келмейтіндігі; үшіншісі – этнолингвистиканың *этностың* шығу тегін, қауым ретінде қалыптасу процесін ғана емес, сонымен қатар оның тілінде қалыптасқан деректер арқылы болмысын яғни рухани, мәдени өмірін, салт-дәстүр, тіршілік-тірлік көздерін, ұлттық дүниетаным мен менталитетін паш етуге мүдделі екендігінде.

Этнос тілінде тек оның өзі туралы ғана емес, өзі жасап келе жатқан табиғи ортасы мен қоғамдағы қарым-қатынастары туралы да, жан дүниесі, жүрек сыры, қуануы мен сүйінуі, ренжуі мен күлуі, түс көруі, ұққаны мен түйгені, танымы мен талғамы, барлықтағы құбылысты өзінше бағалап-бағамдауы – бәрі-бәрі, біле білсек, өз тілінде өрнегін тауып, өзіне-өзін көрсететін айна іспеттес. Этнос туралы осыншама мол деректер мен мағлұматтарды тек тіл ғана өз бойына сыйғызып, сары майдай сақтап, шашпай-төкпей ұрпағына жалғастыра алады. Осы қасиетіне байланысты тіл феноменін – «тіл әлемін» этностың өзін танып-білудің қайнар көзі, біліктіліктің кәусар бұлағы десек, артық айтқандық емес. Бұл ұғымның ауқымына тілдің барлық қасиеті түгел сыйып тұрғандай: этностың дүниеге келуіне ұйытқы болған да – тіл, рухани-мәдени өмірінің өзегі де, өзін-өзі танып-білудің өлшемі де – сол тіл т. т. Осының бәрі «тіл әлемінен» табылады. Сонымен, «тіл әлемі» дегеніміз – этнос болмысына қатысты мындаған, тіпті миллиондаған мағыналық бірліктердің жиынтығы, синтезі [9].

Этнолингвистика этнос мәдениетімен тікелей байланысты. Қазақ этнолингвистикасының негізін қалаушы Ә.Қайдардың пікірінше, «этнос мәдениеті әрбір этносқа тән табиғи, әлеуметтік ортаға сәйкес қалыптасқан құбылыс. Өмір-тіршілік салты, ортақ тіл, ортақ дүниетаным, ортақ психология

т.б. осының бәрін біз этнос мәдениетінен таба аламыз. Ал соның бәрін танып-білудің ең басты құралы – тіл екендігін мәдениеттанушы ғалымдардың бәрі мойындайды». Ол: «Этнолингвистика» – этностың инсандық болмысынан туындап, санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасып, қорланып, рухани мәдени мұра ретінде атадан балаға, әулеттен нәсілге үзілмей ауысып келе жатқан дәстүрлі мирасты жаңғыртып, жан-жақты зерттеп, танымдық мәнін ашып, болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің күрделі де құнарлы саласы [7, 13], – деп нақты, әрі тұжырымды анықтама береді.

Этнолингвистика – жалпы ғылымға тән дифференция үдерісінің тіл біліміндегі бір көрінісі іспетті іштей жіктелудің нәтижесінде пайда болған. Тіл білімінің социоллингвистика, психоллингвистика, паралингвистика, лингвостатистика т.б. салаларымен қатар тұрады. Бұл сала көп жағдайда этностың шығу тегіне, оның салт-дәстүріне, ата-бабаларының тағылымына, қоршаған табиғи ортасына, сондай-ақ этнос өмір-тіршілігіне қажетті де ерекше орын алатын заттық (материалдық) мәдениеттің қыр-сырына да ерекше мән беріп келеді.

Профессор М.М.Копыленконың пайымдауынша, «этнолингвистика» [10] термині ғылым әлемінде ең алғаш шетел ғалымы Б.А.Уорфтың идеясы негізінде этнография мен социология ғылымдарының аралығынан туындаған болып танылады. Ал бұл идея Э.Сепирдің [11] тіл фактілерін этнос мәдениеті мен жеке тұлға тұрғысынан қарастыратын теориясымен сәйкес болғандықтан, ғылымда «Сепир-Уорф болжамы» деген атпен де белгілі болып келді. Алайда этнолингвистика идеясын әр қырынан және әр деңгейде қарастырып келе жатқан ғалымдардың (мәселен, В.Гумбольдт, В.Вундт, А.А.Потебня, Г.Шухардт, Ф. Де Соссюр, Бодуэн де Куртенэ т.б.) өздері де о бастан-ақ этнолингвистиканың «этнос пен этнос тілі» негізінде қалыптасатынын толық мойындаса да, олардың өзара қатыстылығы мен үйлесімін айқындауға келгенде бір жерден шыға алмай жүргендігі мәлім.

Қорыта айтқанда, этнолингвистика – тілді этнос болмысына қатысты зерттейтін, сонымен бірге тілдің қызметіндегі және дамуындағы тілдік, этномәдени және этнопсихологиялық факторлардың өзара әсерін қарастыратын тіл білімінің саласы. «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте» этнолингвистиканың кең түрдегі ұғымына былайша анықтама берілген: «Этнолингвистика қандай тәсіл арқылы берілгеніне қарамай (сөз, пән, салт т.б.) мәдениеттің, халықтық психологияның және мифологияның «мазмұнын» лингвистикалық әдістер көмегімен зерттейтін кешенді пән» (ЛЭС, 597).

Уақыт талабына сай этнолингвистиканы *синхронды* (синхронды) және *тарихи* (диахронды) деп екіге бөледі [12]. *Тарихи этнолингвистика* тіл мен оның зерттеу әдістерін халықтың этникалық тарихы мен материалдық және рухани мәдениетінің тарихын тану құралы ретінде қолданады. Ал *синхронды этнолингвистика* тіл мен оның зерттеу әдістерін қазіргі таңда халықтың өзекті, ұлттық және әлеуметтік мәселелерінің қаруы мен құралы

ретінде қарастырады. Қазіргі таңда қазақ этнолингвистикасы өзіндік бағыт-бағдары, ұстанатын қағидалары бар іргелі ғылым саласына айналып отыр.

Тақырып бойынша сұрақтар:

1. Этнолингвистика – қандай ғылым?
2. Этнолингвистика қай ғылым салаларымен тығыз байланысты?
3. Ә.Қайдардың этнолингвистика саласы жөнінде айтқан пікірі.
4. М.Копыленконың этнолингвистика термині туралы пікірі.
5. Этнолингвистиканың түрлері, айырмашылықтары.
6. Этнолингвистиканың анықтамасы.

1.3 Этнолингвистика ғылымының зерттелу тарихы және этнолингвистикалық мектептер

Лингвистика тарихында тіл мәселелерінің сол тілді қолданушы қауымның мәдени өмірімен, салт-сана, әдет-ғұрпымен байланыстыра зерттелуінің алғашқы көріністері ХҮІІІ ғасырдың соңғы жартысында өмір сүрген неміс жазушысы және әдебиетшісі Иоганн Гердердің (1744-1803) поэзияға байланысты еңбектерінен байқалады. И.Г.Гердер халықтың өзіндік ерекшелігі оның табиғи дербестігінің сөзсіз құндылығында деп есептеді. Оның пайымдауынша, кез келген ұлттық мәдениет – жалпы адам мәдениетінің өзіндік ерекшелігімен берілу жолы; туған тіл – ана сүтімен жететін ұғымның барлық мөлшері. Туған тіл – ақыл-ойдың барлық жазу-сызбасы өніп шығатын жазық дала [10]. Десекте этнолингвистика ілімі немістің атақты тілтанушысы В.фон Гумбольдтың теориялық талдауларынан бастау алады. В.фон Гумбольдтың концепциясы: Өмірде адам, тіл, ойлау және дүние (әлем) дегендер болады. Олар бір-бірімен тығыз байланыста болады. Тіл – адам мен дүниенің арасындағы аралық нәрсе. Ол – адамды сыртқы дүниемен байланыстырушы. Тіл – халық рухының сыртқы көрінісі, халық ойының, дүние тану дәрежесінің көрсеткіші. Халық тілі – оның рухы, халық рухы – оның тілі. Бұл екеуі тепе-тең, – дейді [13].

XIX ғасырдың орта кездерінен бастап қалыптасқан психологиялық бағыт өкілдері – Гейман Штейнталь, Мориц Лацарус және Вильгельм Макс Вундттар Гумбольдт теориясын жалғастыра отырып, этнолингвистика ғылымының теориялық жетілуіне септігін тигізді десе де болады. Бұлардың пікірінше, жеке адам психологиясы халықтық психологияға ұласады. Халықтық психология – халықтың рухы жөніндегі, яғни адамдардың рухани қасиетін, әрекетін қарастыратын ілім. Ал халықтың рухы оның тілінде айқын көрініс табады.

XIX ғасырдың аяқ кезі мен XX ғасырдың бас кезінен бастап, Францияда қалыптасқан социологиялық мектептің негізін салушы Фердинанд де Соссюр тілдің қоғамдық сипатын, әлеуметтік мәнін жаңа бағытпен түсіндіре отырып, жалпы тіл білімінің теориялық өрісін кең түрде, жан-жақты қарастырды. Ол тіл білімін ішкі және сыртқы факторларға бөліп, ішкі лингвистикада тілдің құрылымын, жүйесін, яғни тілдің өзіндік ішкі заңдылықтарын зерттесе,

сыртқы лингвистиканың зерттеу нысаны – синхронды және диахронды түрде тіл мен халықтың өзара жан-жақты байланыстылығы (яғни мәдениет, әдебиет, саясат, салт-дәстүр байланыстары) болып табылады. Ф. де Соссюрдың пайымдауынша, тіл тарихы мен ұлт тарихы өзара әсер етеді және халықтың салт-дәстүрі тілде көрініс тауып, керісінше тіл сол халықты едәуір жетілдіріп қалыптастырады.

Этнолингвистиканың тіл ғылымы ішіндегі жеке сала ретінде қалыптасуы ХХ ғасырдың 20-30 жылдарынан басталды. Бұл сала бізге белгілі екі түрлі бағыт негізінде қалыптасты: оның бірі – *еуропалық этнолингвистика* болса, екіншісі – *американдық этнолингвистика*.

Еуропалық этнолингвистиканың басында В.Гумбольдтың теориялық принциптерін тікелей дамытуды мақсат қойған «жаңа гумбольдтшылдық» философиялық мектебінің өкілдері тұрды. Бұл мектептің негізін салушылардың бірі – Йоханн Лео Вайсгербер өзінің «Неміс тілінің күші туралы» атты төрт томдық кітабының «Неміс тілінің дүниетанымы туралы» (1950) томында В.фон Гумбольдтың адам және оның лексикасында ерекше ұлттық дүниетанымды белгілейтін сыртқы әлем аралығындағы тіл туралы көзқарасын жетілдіре отырып, этнолингвистикалық ой-тұжырымдарын келтіреді. Сол себептен Л.Вайсгербер ең алдымен тек идеологиялық тұрғыда шешетін «тіл мен ұлт» мәселесін қарастырды [14].

Американдық этнолингвистика мектебінің көш басында этнограф, әрі тілтанушы ғалым Франц Боас, антропологиялық лингвистиканың негізін салушы ғалым Эдуард Сепир және алдыңғылардың идеясын әрі қарай дамытқан тілтанушы ғалым Бенджамин Ли Уорф болды. Бұл мектепті жаңа гумбольдтшылдық бағытының американдық нұсқасы негізінде қарастыруға болады. Алайда ол гумбольдтшылдық дәстүрден тыс құрылып, үндістер тайпаларының тілін және олардың өмір-салты мен мәдениетін өзара байланыстыра зерттеу арқылы қалыптасты.

XIX ғасырдың соңына таман, атап айтқанда 1887 жылы Американың Табиғат тарихы мұражайы америкалық «үндістердің» шығу тегін анықтау мақсатымен арнайы экспедиция жасақтаған болатын. Экспедицияның басты мақсаты Солтүстік Азия халықтары мен Солтүстік батыс Американы мекендейтін этностарды жан-жақты салыстыру арқылы сан ғасырлар адамзат ойын мазалап келген қиын жұмбақтың сырын ашу еді. Алты жылға созылған қиындығы мол бұл жұмысқа қажетті қаржыны жоғарыда аталған мұражайдың президенті Морис Джезап шығарған еді. Морис Джезап қалталы банкир болумен қатар өз есімінің әлемдік мәні бар ірі жаңалықтармен байланысты аталуын ерекше қалайтын адам болатын.

Экспедицияны ұйымдастыру аталған мұражайдың антропология бөлімі меңгерушісінің орынбасары, кейін әйгілі американдық антрополог дәрежесіне көтерілген Франц Боасқа (1858-1942) жүктеліп, алдын ала жасалған жоспар бойынша, экспедиция барысында ол төмендегідей үш сұраққа жауап беруге тиіс еді: 1. Американы ежелден мекендеп келе жатқан байырғы этностардың арғы тегі қайдан шыққан? 2. Америкалық ежелгі этностар мен Азия

этностарының ара жігі қандай? 3. Америка мен Азия мәдениетінің арасында байланыс бар ма? [15].

Жиырма жылдай уақыт өткен соң Ф.Боас пен Э.Сепирдің идеяларын жалғастыра отырып, ары қарай дамытқан Б.Уорф болды. Оның пікірінше, әр тілдің өзіне тән метафизикасы болады, үндістердің хоупи тайпасының тіліндегі ұғымдар, ішкі грамматикалық бірліктер ортаеуропалық стандартты тілдердегі ұғымдармен, грамматикалық бірліктермен ұқсас келеді және алғашқылардың дүниеге көзқарасы, метафизикасы еуропалық тілдерден өзгешелігі бар.

Сонымен этнолингвистиканың жеке сала болып қалыптасуына алғашқыда Америка үнділерінің тілін зерттеу, олардың генетикалық туыстығын ажырату мәселесін көздеген ізденістер, этнографиялық материалдар ықпал етті десек, тілдік мазмұндағы деректердің этнолингвистиканың зерттеу нысанына айналуы ХХ ғасырдың І жартысында Ф.Боас және оның шәкірттері көзқарастарынан басталады, бұл осыған дейінгі Америка үндістері тілдерінің туыстығын, құрамын бейнелейтін классификациялардың толығы мен этнолингвистиканың зерттеу ауқымын нақтылап, кеңейтуімен ерекшеленеді.

Э.Сепир мен Б.Уорф этнолингвистиканың деңгейін жалпы тіл білімінің қазіргі таңдағы сипатына жетілдіріп берді. Американдық үндістердің тілі мен мәдениетінің өзіндік ерекшелігі сол құбылыстардың өзара байланыстығы мен логикалық және дүниетанымдық категориялардың құрылуы тілге зор әсер ету мүмкіншілігі туралы гипотезаның шығуына әкеп соқтырды. Осылай Сепир-Уорф гипотезасы этнолингвистиканың теориялық негізі ретінде дүниеге келді.

Бұл екі мектептің бір-бірімен жақын, ортақ жағы – екеуінің де тіл мәселелерін мәдениетпен, халықтың рухани өмірімен байланыстыра қарайтыны. Екеуі де өз зерттеулерінде В.фон Гумбольдтың дүниені тану, білу үдерісінде тілдің атқаратын рөлі жөніндегі ілімін басшылыққа алады.

Этнолингвистикалық мектеп өкілдері В.фон Гумбольдтың пікірлерін басшылыққа алып, оны әрі қарай дамытты, жетілдірді және жаңа мысалдармен толықтырды. Мәселен, Америка этнолингвистикасының өкілі Э.Сепир: «Тіл – әлеуметтік шындықты түсінудің құралы. Әр тіл әртүрлі модельмен жасалған. Сондықтан әр тіл айналадағы құбылыстарды өзінше таниды. Яғни әр тілде сөйлейтін адамдар дүниені әртүрлі көреді. Тіл мінез-құлық нормасына да әсер етеді. Халықтың ой-өрісін, мәдени дәрежесін оның тілін зерттемей тұрып түсіну мүмкін емес» – десе, Германия этнолингвистикасының өкілі – Л.Вайсгербер: «Әр халықта дүниеге тілдік көзқарас болады. Тіл – дүниенің кілті, дүниенің бейнесі. Сөз нақты затты емес, зат туралы ұғымды білдіреді (выражает)», – дегенді айтады. Қысқасы, Л.Вайсгербер тілдің дүние танудағы әлеуметтік сипатына, күшіне ерекше мән беріп, оны «дүниені қайта жасаудың құралы» деп түйіндейді.

Этнолингвистикалық мектептердің ерекше көңіл бөлген тағы бір мәселесі – тілдердің грамматикалық құрылыстарындағы өзгешеліктер. Бұл

мәселеде де этнолингвистер В.фон Гумбольдттың пікірін басшылыққа алды. Ол дүниежүзіндегі халықтардың әртүрлі тілде сөйлеу себебін рухтан іздеді.

В.фон Гумбольдт: «Тіл дегеніміз – сол тілді қолданушы халықтың рухы. Әр халықтың рухы әр басқа. Соған сәйкес олардың тілдері де басқа болады. Тілдердің өзгешеліктері халықтардың дүниеге көзқарастарының өзгешеліктерінде», – деген болатын [13]. Осы пікірлерге орай этнолингвистикалық мектептер тілдердің грамматикасына да оларға тән емес қызмет жүктеді. Мәселен олар: «Грамматика – халықтың ақыл-ой парасатын, мінез-құлқын жасаушы. Тіл құрылымдарының әртүрлі болуы – халықтардың ойлау формаларының әр түрлілігінің белгісі», – дегендерді айтты.

Америка лингвисті Б.Уорф тілдердің грамматикалық құрылымдарындағы өзгешеліктерді халықтардың ойлау формаларындағы, дүниеге көзқарастарындағы, дүние тану қабілеттеріндегі өзгешеліктер, – деп ашық айтады. Уорфтың пікірінше: «Тіл дегеніміз – ұғым, түсінік, мағына (Ол тілдік форманы мойындамайды). Ал ой, сана (ойлау) дүниені бейнелейді (отражает). Яғни дүние (әлем) тілден көрініс табады. Бірақ әлгі дүние әр тілде әртүрлі бейнеленеді. Ол сол халықтың дүниеге көзқарасына, тілдік ойлауына байланысты.

Уорф-Сэпирдің ұстанымы, түптеп келгенде, мына пікірге саяды: 1) белгілі бір тілде сөйлеуші халықтың ойлау тәсілі тілге, сол тілдің лексика-грамматикалық заңдылықтарына бағынады; 2) ақиқат дүниені танудың тәсілі – танушы субъектінің қай тілде сөйлеуіне, ойлауына байланысты. Дүниені танып, білуі сол тілдің «айтуынша», сол тілдің бағыттауынша жүзеге асады (Э.Сэпир, Б.Уорф) [16]. Мысалы, қазақ тілінде *бота көзді, құралай көзді, қара көзді* «әдемі көз», ал *көк көзді* «ұнамсыз» деп ұғуға мәжбүр етеді.

Тіл мәдениеттен тыс тұрмайды. Мәдениет дегеніміз тіл болса, тіл дегеніміз мәдениет. XX ғ. тілші-ғалымдар, тіл ғылымының негізін салушылар тіл, ойлау, мәдениет атты үштіктің өзара бір-бірімен байланысын ашты.

Сэпир-Уорфтың гипотезасы бойынша, тіл – адам санасында қалыптасқан дүние бейнесінің негізі және дүниедегі сан мыңдаған зат пен құбылысты санада ретке келтіріп, тәртіпке салушы. Кез келген зат, құбылыс, уақиға ат берілгенде ғана танып білінеді. Аты болмаса, заты да жоқ болады. Берілген ат арқылы санамызға жаңа ұғымды ұялата аламыз. Жаңа ұғым бұрыннан бар ұғымдар жүйесінен тиісті орын тебеді. Басқаша айтқанда, бұл – біздің санамыздағы дүние бейнесіне жаңа элемент болып қосылады [16].

Тіл біздің санамызда дүниені бейнелеп қана қоймайды, тіл арқылы біздің санамызда бейақиқат (идеалды) дүниенің негізі қаланады. Тіпті ақиқат дүниемен ісі болғанға дейін де санада тіл арқылы «екінші» ақиқат дүниенің жобасы жасалады. Әр тіл ақиқат дүниенің санадағы жобасын өзінше жасайды. Кім қай тілде сөйлесе, ақиқат дүниені сол тілдің тұрғысында түсінеді.

Тіл арқылы санада «екінші ақиқат дүние» – идеалды дүние қалыптасады.

Сонымен, ақиқат дүние санада белгілі бір мәдениеттің (мәдени қоғамдастықтың) тілдік ерекшелігіне қарай жасалады.

Белгілі бір ақиқатты әр тіл өзіндік тәсілмен бейнелейді. Егер белгілі бір объекті бірнеше ұғымдар жүйесін қамтыса, сол мәдениет (мәдени қоғамдастық) үшін әлгі объект ерекше маңызды деп саналады.

Бір құбылыс (зат, уақиға) жөніндегі ұғымдар жиынтығы неғұрлым күрделі, неғұрлым әр алуан болған сайын әлгі құбылыстың сол мәдениеттегі орны мен үлесі аса зор болып табылады.

Адам ақиқат дүниені сезім мүшелері арқылы түйсінеді. Осы түйсінудің негізінде ақиқат дүние туралы түсінік пайда болады. Осы түсінік санада қорытылады, ұғым, пайымдау, ой қорыту (умозаключение) сияқты білімдер жүйесі санада орнығады.

Сөз затты, айналадағы құбылысты тікелей бейнелемейді. Сөз дегеніміз – айналадағы құбылыстың түсінік, ұғым, пайымдау, ойқорыту түріндегі немесе керісінше, айналадағы құбылыстың санадағы бейнесі. Ал ақиқат дүниенің санадағы бейнесі индивидтің, тілдік ұжымның, мәдени қоғамдыстықтың өмір тәжірибесімен, мәдениетімен тікелей байланысты. Ақиқат дүниенің кейбір фрагменті санада көбірек орын тебуі мүмкін, қайсыбір фрагменті санадан азырақ орын алуы мүмкін. Ол тілдік ұжымның өмір тәжірибесіне, күнкөрісімен, тіршілігімен тығыз байланысты. Бұл – дүниенің мәдени картинасы. Дүниенің мәдени картинасы дүниенің тілдік картинасымен тығыз байланысты [2].

Б.Уорф Америкадағы хоупи деп аталатын үндістер тайпасының тілін ағылшын, француз, неміс тілдерімен салыстыра зерттейді де, еуропалық тілдерде кездеспейтін кейбір ұғымдар мен грамматикалық категориялардың хоупи тілінде ұшыраспайтындығына қарап, хоупи тілінің «дүниеге көзқарасы», «тілдік ойлауы» еуропалық тілдерден төмен, нашар, икемсіз, – деген тұжырым жасайды.

Дамудың жоғарғы сатысында тұрған халықтар мен төменгі сатысында тұрған халықтардың өзін қоршаған дүниеге көзқарасы, түсінігі біркелкі болмайтыны табиғи нәрсе. Бірақ бұл белгілі бір халықтың жаратылысының артықшылығынан немесе төмендігінен (нашарлығынан) болатын нәрсе емес. Олардың бәрі де әр халықтың экономикалық тұрмыс жағдайларына, географиясына (әртүрлі объективтік себептерге) байланысты нәрселер. Тілдердің грамматикалық құрылысындағы өзгешеліктерге де дәл осы тұрғыдан қарағанмыз дұрыс.

Белгілі бір тілдерде бар ұғым (болмаса грамматикалық категория) екінші бір тілдерде жоқ болса, ол әлгі ұғым (категория) кездесетін тілдердің грамматикалық құрылысының артықшылығы, құдіреттілігі емес. Мысалы, қазақ тілі лексикасында киіз үйге, төрт түлік малға, халқымыздың әдет-ғұрпына байланысты орыс тілі лексикасында кездеспейтін толып жатқан атаулар бар. Сол сияқты, түркі тілдерінде еуропалық тілдер грамматикасында кездеспейтін тәуелдік жалғауы категориясы бар. Бұлар қазақ, түрік халықтарының орыс, еуропа халықтарынан артықшылығын, құдіреттілігін білдіреді деуге бола ма? Болмаса, керісінше, еуропалық тілдерде бар род

категориясы түркі тілдерінде кездеспейтіндігіне қарап, мұны еуропалық тілдер жаратылысының артықшылығы, құдіреттілігі деген жөн бе? [14].

Гумбольдтшылдық дәстүрді Ресейде жалғастырған А.А.Потебня, Ф.И.Буслаев, А.Н.Афанасьевтер орыс этнолингвистикалық зерттеулерінің негізін салды. Алайда Ресейдегі этнолингвистика ғылымының бастауында А.А.Шахматов, С.Ф.Карский, Д.К.Зеленин, Н.П.Гринкова, Б.А.Ларин сияқты орыстың ірі ғалымдары тұрды. Этнолингвистиканың құрылуына В.М.Жирмунскийдің және оның ерекше ғылыми сала ретінде айқындалуында Н.И.Толстойдың еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Қазақ тіл білімінде этнолингвистикалық ізденістер ХХ ғасырдың 85 жылдарынан басталады. М.М.Копыленконың зерттеуі бойынша, этнолингвистикалық тұжырымдар екі тілді сөздіктерді алғаш құрастырған араб тілшілерінен кейін түркі халықтарының өмір сүру салты, атқаратын ісі, географиялық ортасының ерекшелігі (яғни экстралингвистикалық бағыттар) тілге үлкен әсерін тигізеді деген ойларын айта отырып, түркілердің жер-су, кісі аттарын, олардың тарихы, мәдениеті және тұрмыс салттарымен байланыстыра зерттеген, ХІ ғасырда өмір сүрген ғылымдағы алғашқы түрколог-лингвист, этнограф, тарихшы, фольклорист Махмұд Қашқаридың атақты «Диуани лұғат ит-түрк» атты еңбегінен басталады [10, 19].

Алайда қазақ тіл білімінде қазақ этнолингвистикасының қалыптасуы академик Ә.Қайдардың есімімен тығыз байланысты. Тіл білімінде академик Ә.Қайдар қалыптастырған қазақ этнолингвистикалық мектебі өзіндік сипатымен ерекшеленіп, зерттеу принциптері айқындалған. Ғалым және оның шәкірттері қарастырып келе жатқан этнолингвистикалық зерттеулер ең алдымен «тіл әлеміне» арналады да, тіл білімінен тыс этнология, мәдениеттану, тарих т.б. сияқты салалар қосымша зерттеу ретінде байланысады. Академик ғалым қазақ этнолингвистикасының тағы бір ерекшелігін былай тұжырымдайды: «Қазақ этнолингвистикасы қазақ тілінің лексикалық байлығын мүмкін болғанша (жетер жеріне жеткізе) түгел қамтып, індете зерттеуді мақсат етеді. Тіл әлеміндегі этнос бейнесін тек лексика қорының жиі қолданылатын «үстіңгі қабатындағы» мағыналық бірліктер негізінде ғана емес, сонымен қатар оның төменгі қабаттарына, қойнау-қолаттарында тұнып жатқан (бүгінде сирек қолданылатын) сөз маржандары арқылы да жаңғыртуға тырысады» [9].

Осы саладағы зерттеу жұмыстарының ішінде профессор Е.Жанпейісовтің еңбектері өзінің теориялық деңгейімен [17], бай этнографиялық материалымен, кең ауқымды салыстырмалы, этимологиялық талдауларымен ерекшеленеді. Солардың арасында М.Әуезовтің шығармаларының материалы негізінде қазақтың этномәдени лексикасын тарихи-лингвистикалық зерттеуге арналған монографиясының орны бөлек [18].

Осы еңбекте материалдық мәдениетке, рухани мәдениетке, халықтық өлшемге, туыстыққа және отбасылық қатынастарға қатысты лексикадан тұратын бай материалды талдау үстінде басқа түркі тілдерінің салыстырмалы

деректері де кеңінен пайдаланылған. Яғни профессор Е.Жанпейісов қазақ этнолингвистикасын әдеби шығармаларда көненің көзіндей болып сақталған қазақ тілінің түрлі атауларын зерделеу арқылы дамытады. Оның өз сөзімен жалғастырсақ, «этнолингвистика өзінің бітім-болмысы, табиғаты жөнінен жалпы тарихи категория болып табылады. Себебі ол этностың қазіргісін емес, көбіне-көп өткенін зерттейді. Ал этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқынырақ көрінеді» – деген пікір айтады [17, 7].

Қазақ тіл білімінде жеке-жеке қырлары жан-жақты қарастырылып, этнолингвистиканың өріс алып келе жатқан тұсында жарық көрген профессор М.М.Копыленконың осы мәселенің жалпы теориялық негіздерін түсіндіруге арналған «Этнолингвистика негіздері» («Основы этнолингвистики») атты монографиясы елеулі жаңалық болды.

Бұл жұмыс – жаңа зерттеу саласы, жеке пән ретінде тікелей этнолингвистика негіздерін, бұған дейінгі тілді зерттеудегі оның нышандарын анықтаған, болашақ даму перспективасын көрсетуге арналған жалпы тіл біліміндегі тұңғыш еңбек.

Кітапта тақырыптың зерттелу тарихына қысқаша шолудан басталып, әрі қарай славян, түрлі үндіеуропа тілдері бойынша әр кезде жарияланған, сондай-ақ жалпы түркітанушылар еңбектерінде этнолингвистикаға байланысты кездесетін теориялық тұжырымдар мен түрлі ғылыми байқаулар, негізінен, толық қамтылған. Атап айтқанда, М.Қашқари, А.Навои еңбектеріндегі этнолингвистикалық материалды талдаудан бастап, бергі дәуірдегі В.ф.Гумбольдт, Э.Сепир, А.А.Потебня т.б. ғалымдардың бұл саладағы ізденістеріне тоқталады.

Ерекше айтып өтетін нәрсе қазақ тіл ғылымында этнолингвистиканың негізін салушы Ә.Қайдардың үлкен идеографиялық классификациясы («Адам», «Қоғам», «Табиғат») негізінде жасалып жатқан, бүгінде «Қазақ қандай халық» деген монографиясы мен 1-томы («Адам») жарық көрген «Қазақтар: ана тілі әлемінде» атты үш томдық этнолингвистикалық сөздігі. Сондай-ақ осы бағытта зерттеліп қорғалған диссертациялардың (Ж.Манкеева, С.Сәтенова, Б.Уызбаева, С.Сейітова, Қ.Ғабитханұлы, Н.Оңғарбаева, Г.Исаева, Э.Өтебаева т.б.) және т.б. жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулердің болашақ ұрпақ үшін маңызы зор.

Қазақ тілінің барша лексика-фразеологиялық-паремиологиялық байлығын мүмкін болғанынша түгел қамтып, мәніне, қолданысына түсініктеме беретін, жүздеген тақырыптардан тұратын бірліктерді жинақтап, жүйелеп беру – «Қазақтар: ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық сөздіктің мақсатына кіреді. Бұл қазақ этносының басқа түркі т.б. этностардан көптеген (тәрбиесі, ділі, тілі, діні жағынан) ерекшелігінің барлығын, түпкі мақсатқа тез жетудің ең оңтайлы жолы екендігін сипаттайтын приоритеттеріміздің бірегейі болып саналады. Бұл еңбек өзінің өзектілігімен де, ғылыми-практикалық мәнімен де қазақ тіл біліміндегі, тіпті қоғамдық ғылымдар саласындағы күрделі жұмыстардың санатына жатады.

Этнолингвистикалық сөздікте адам өзіне қажетті сөздерді оның мағына, түсінігі арқылы іздеп, ол жататын тақырыптық топтардың жүйесінен тез тауып, сол сөзді қоршаған контекст арқылы оған қатысты басқа да мағлұматтармен таныса алады. Ал кез келген білгің келген ұғым-түсінікті әдеттегі әліпбилік сөздіктерден іздеп табу үшін ең алдымен сол сөздің өзін (жазылуын, айтылуын) білуің керек. Олай болмаған жағдайда сөздікті бастан-аяқ түгел ақтарып, әрбір сөздің мағынасын оқып барып іздеген сөзінді табуың мүмкін.

Сонымен қатар академик Ә.Қайдардың «Қазақ қандай халық?» атты зерттеуінде осы сұраққа байланысты жинақталған мыңнан астам жауаптарға ғылыми талдау жүргізіліп, қазақ этносының бойындағы үлгі болар жақсы қасиеттерімен бірге қазақ қауымына көптен бері белгілі болып келе жатқан кемшіліктерін объективті түрде бағалау арқылы оның әр алуан бағыттағы перспективалы жақтарын айқындауға болады. Бұл еңбек мазмұны жағынан әлеуметтік салаға жататыны даусыз. Алайда осы сауалға жауап ретінде жинақталған мыңнан астам жауаптардың қазақ этносының өзіндік ерекшеліктерін танып-білуге байланысты әркімнің өз танымы, өз пікірі, әр түрде айтылуына байланысты олардың мазмұны да бірдей емес. Оның негізі – этнолингвистикалық материалда жатыр.

Сонымен қатар қазақ этнолингвистикасының табиғатын қарастыру тұрғысында Р.Сыздық, Ж.Манкеева, Н.Уәли, А.Салқынбай, Г.Смағұлова, Р.Шойбеков т.б. ғалымдардың жекелеген арнайы еңбектерін атауға болады.

Сөзімізді қорытындыласақ, тіл біліміндегі этнолингвистиканың жеке сала ретінде қалыптасып, жылдан-жылға жетіліп ғылымда табан тіреп орныққанына көптеген ғалымдардың еңбегі сіңді. Олар этнолингвистиканы әр қырынан қарастырып, өзінше зерттеп, оның өзіндік зерттеу бағытын айқындап берді. Бұл саладағы ұлтаралық әрі тіларалық мәселелерінің жаңаша сипатын сөзге тиек ету көптеген жылдардың еншісінде деп айтуға болады.

Тақырып бойынша сұрақтар:

1. Этнолингвистика ғылымының жалпы тіл білімінде зерттелуі.
2. Этнолингвистика ғылымының орыс тіл білімінде зерттелуі.
3. Этнолингвистика ғылымының қазақ тіл білімінде зерттелуі.
4. Еуропалық этнолингвистиканың өкілдерін атаңыз.
5. Америкалық этнолингвистиканың өкілдерін атаңыз.
6. Қазақ этнолингвистикасының зерттелу жайы.

1.4 Этнолингвистиканың зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеттері

Этнолингвистиканың зерттеу нысаны этностың тілі десек, ондағы мақсаты – сол тіл арқылы этностың болмысын танып-білу. Алайда бұл баршаға түсінікті нәрсе болып көрінгенімен, нақтылай келгенде, ол туралы әртүрлі көзқарастың барлығы, әркімнің әртүрлі бағытта әрекет етуі байқалады. Бір жағынан, бұл заңды да құбылыс. Мәселен, этнолингвистиканың аяқ тірер тағаны – «этносты» кейде «этнос» деуден қашқақтап, сан-саққа жүгіртіп, біресе «мәдениет», біресе «тарих пен әлеуметтік жағдай» деп, оның шеңберін тарылтып, бүтіннің бөлшегі ретінде көрсетулері ерекше көзге түседі. Айталық, Фердинанд де Соссюр этнолингвистиканы этнос тарихы мен этнос тілі тарихының өзара әсерін зерттейтін ғылым ретінде танып, өз ойын «халықтың салт-дәстүрі оның тілінде көрінсе, тіл, керісінше, сол халықтың өзін қалыптастырады» [9] деп тұжырымдады. Бірақ этнос тілінде өз көрінісін табатын тек оның салт-дәстүрі ғана емес. Э.Сепир де этнография, салт-дәстүр, мифология т.б. осы сияқты ұғымдарды этнос болмысымен шендестіріп, «тіл әлемін» тілдің символдық қызметімен шектеп көрсеткісі келеді. Сондай-ақ кейінгі кезде (АҚШ-та) қалыптаса бастаған тағы бір көзқараста «этносты» «адам» деген ұғыммен алмастыру арқылы этнолингвистиканың баламасы ретінде антропология («адам туралы ғылым») терминін қолдану үрдісі де байқалып отыр. Тағы бір пікір: этнолингвистиканы тек «көне дүниені» зерттеуші ғылым деп танып, оларды байырғы халық тілінен, жергілікті тіл ерекшеліктерінен іздеу. Мұны негізінен орыс ғалымдарына (Н.Толстой, В.Н.Топоров, В.В.Иванов, А.Ф.Журавлев т.б.) тән дәстүр десе де болады. Көненің көзіне көбірек көңіл бөлу үрдісі қазақ этнолингвистерінен де байқалады.

Осы орайда, этнолингвистиканың барлық тілдерге қатысты әмбебап ғылым ретінде толық қалыптасып, дами түсуіне кейінгі кездерде түркі тілдері негізінде көбейе бастаған ізденістер мен зерттеулердің, соның ішінде қазақ тілінің де қосып отырған үлесін ескерген жөн.

Өйткені қай ғылым саласы болмасын, өзінің қалыптасу дәуірінде ең алдымен бағыт-бағдарын, өз концепциясы мен принциптерін, зерттеудің әдіс-тәсілдерін анықтап алуға тырысады. Сондықтан да этнолингвистиканың нысаны мен мақсат-мүддесін айқындаудағы бұл тәрізді әртүрлі көзқарастарды сол ізденістердің жолдары деп қараған жөн. Осы орайда, қазақ этнолингвистикасының да қалыптасу барысында айқындала бастаған өзіндік дәстүрі мен үрдісі, зерттеу нысаны мен әдіс-тәсілдері, ұстанған принциптері бар.

Жалпы тіл біліміндегі этнолингвистикалық зерттеулерге көз жүгіртсек, Ф.Боас грамматикалық категориялардың семантикасын, Э.Сепир нутка тайпасы тілінің аномальді ерекшеліктерін сөз етеді. Нутка тайпасы өкілдерінің адам баласының физиологиялық т.б. (тіл, бойдың ұзын қысқалығы т.б.) кемістіктерін бейнелеу, ол туралы сөз ету барысында сол адамның (бала, әйел, үлкен адам) көңіліне келмейтіндей грамматикалық формалар арқылы,

мағынасыз дыбыстар қосып айту сияқты амал-тәсілдермен әзіл, сыйлау, кішірейту, еркелету семантикасын жасайтын ерекше феноменді түсіндіру арқылы оның алғашқы уәжінің тарихын ашуға тырысады. Антропологияда адамды ұлты, тілі және мәдениеті тұрғысынан сипаттау дәстүрі қалыптасқан, өйткені тілдің тілдік ортасы бар, ол – сол тілде сөйлеуші адамдар қоғамы, адамдар қоғамының қоршаған ортасына сай қалыптасқан өмір сүру дағдылары, тәсілдері болады, сол амал-тәсілдердің мазмұны мәдениет деп аталады. Мәдениетті танытудың жолы – тіл, тіл мәдениетсіз өмір сүре алмайды [19]. Сепирдің бұл тұжырымы И.Г.Гердердің тіл философиясымен үндестік табады.

Тіл арқылы игерілген білім ғана философиялық абстракция жасауға мүмкіндік береді. И.Г.Гердер философиясы ұстанымының өзегі – халықтың өмір сүруіндегі тарихи кезеңдерінің ерекшелігін, олардың дүниетаным әрекеті арқылы жасаған құндылықтарын мойындау болып табылады.

В.Гумбольдтың «тіл – адам мен қоршаған ортаны жалғастырушы буын, тілге халықтық рух пен мәдениеттің белгісі – ішкі форма тән» деген қағидасы оның философиялық лингвистика бағдарламасының негізін құрайды, тіл мен ойлаудың «халық рухымен» байланыстылығы жайлы тұжырымында И.Г.Гердер идеяларына сүйенеді, оны дамытушы болып табылады. Осыдан халықтың рухын, табиғатын, болмысын танып білу құралы тіл екені ғылымда маңызды бола бастады. Осындай идеялардың туындауы тілді оның иесі халықтың мәдениетімен байланыстыра зерттеуге бағыттады және бұл ХХ ғасырдың алғашқы жартысына тура келеді. Оның көрнекті өкілдері – Ф.Боас пен Э.Сепир, аталған ғалымдардың тіл тек дыбыстар жүйесі емес, тіл халықтың наным-сенім, өнер т.б. белгілерін жеткізуші құрал деген идеяларына Б.Уорф әдет-ғұрып, әдеп нормалары сияқты гомогенді қатарларды қосады. Н.И.Толстой осы аталғандарды диахронды аспектідегі этнолингвистикалық ізденістер үшін маңызды санайды: «ибо народная культура столь же диалектна и является не менее ярким показателем этноса и этнических образований» [20]. Осындай пікірлерінің сәйкестігіне орай Э.Сепир мен Б.Уорф теориялары ғылымда «Сепир-Уорф» болжамы атымен белгілі, ал «этнолингвистика» терминінің ғылым әлеміне келуі Б.Уорф есімімен байланысты екенін жоғарыда атап өттік.

Этнолингвистика – тіл ғылымы мен этнологияның жай қоспасы емес, халықтың ақыл-ой, сана-сезімінің жемісі – рухани және материалдық мәдениетін, әдет-ғұрып, салт-дәстүр сияқты этносқа тән белгілерін тіл деректері арқылы сөйлететін тіл ғылымының саласы. Этнолингвистика – синкретті ғылым, дегенмен оның синкреттілігі бірден айқындала қойған жоқ, уақыт өте оның зерттеу шеңбері кеңейіп әрі анықталып келеді. Н.И.Толстой этнолингвистиканы кең және тар көлемде қарастыру мүмкіндігі туралы айтады. Кең көлемде этнолингвистика диалектология, фольклор тілі, тарихи диалектология сияқты салаларды қамтиды. Бұл мәселелер жөнінде таласты пікірлер болғаны белгілі, тек ХХ ғ. ортасынан фольклор өз іргесін бекітіп алған сияқты дейді Н.И.Толстой, бірақ соңғы жылдары ауыз әдебиетінде салт-

дәстүрлік шығармалардың шығу тарихына көңіл аудару тенденциясы байқалады. Мұның бәрі этностың өзін-өзі тануы, өз тарихына үңілуге деген қажеттіліктен туындайды.

Этнолингвистика тар көлемде тіл мен этнос, тіл мен мәдениет, тіл мен діл, тіл мен мифология т.б. мәселелерді қарастырады [17]. Осының өзі этносты жан-жақты танып түсінуге мүмкіндік беретін этнопсихология, этносоциология, лингвомәдениеттану сияқты салаларды этнолингвистиканың айналасына топтастырады, сонда ғана этнос болмысы, оның тіл әлемі туралы толық сурет пайда болады. Этнолингвистиканың синхрондылығы мен синкреттілігі осында.

Этнолингвистика ғылымының жетістіктері мен қазіргі күйі туралы сараптама зерттеуінде М.М.Копыленко бұрынғы кеңестік кеңістіктегі этнолингвистика дамуының бағыттарын көрсетеді: алғашқы В.В.Иванов пен В.Н.Топоров атымен байланысты, бұл ғылымдардың зерттеулері мәдени, мифологиялық лексика материалдарын жаңғыртуға негізделген шарттылықты ұстанады, екінші академик Н.И.Толстой және оның мектебі, зерттеу нысаны – славян онтологиясы, мифологиясы, салты, диалектологиялық материалдар. Тіл мен мәдениетті оның иесі этностың дамуындағы дивергенция, конвергенция үдерістері, тілдің диалектілік бөліну мәселелері, этностың географиялық орналасу жағдайлары сияқты мәселелерді бірлікте, қатар қарастырады [19]. Үшінші Ә.Қайдар этнолингвистикалық мектебі ізденістерінің бағыт-бағдарын саралайды, ол – тілдің халық тарихының баға жетпес байлығын ұрпақтарға жеткізуші кумулятивтік қызметінің маңыздылығын баса көрсету, солай бола тұра, этнолингвистика этнография мен лингвистиканың қосындысы еместігін өткен ғасырдың сексенінші жылдарының ортасынан басталған этнолингвистикалық ізденістер дәлелдеп келеді, бұл бағыттың басты мақсаты – этнос өмірінің өткені, тұрмыс-тіршілігі, дәстүр, дүниетанымы мәселелерін дөп басып дәл анықтау, оны тілдегі көрінісі тұрғысынан зерделеу деп түйіндейді [21].


Этнолингвистика (гректің *ethnos* – тайпа, халық деген сөзінен шыққан) – этнос болмысын оның тілі арқылы танып-білу мақсатынан туындаған лингвистиканың (тіл білімінің) жаңа да дербес саласы. Осы анықтамаға сәйкес халқымыздың материалдық өндірістік деңгейі мен рухани өрісін бейнелейтін ана тіліміздің ұшан-теңіз байлығын, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып беріліп келе жатқан асыл қазынасын анықтау – этнолингвистиканың міндеті.

Этнолингвистиканың негізгі зерттеу нысаны – этнолексика. Бұл лексиканың құрамында өткен өмірді бейнелейтін сөздер мен сөз тіркестері көптеп кездеседі. Бірақ олардың көбі күнделікті қарым-қатынаста айтылса да, бәрі бірдей бүгінгі ұрпаққа айқын бола да бермеуі мүмкін. Олардың арасында қолданыс аясы тарылып, о бастағы мағынасының күңгірттеніп, не мүлдем ұмыт болғандары да аз емес. Бұлардың этнографиялық мазмұнын, дәстүрлік қолданысын зерттеу этнолингвистиканың үлесіне тиеді. Этнолингвистика – халықтардың этногенезісін, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, оның өзге этностармен тарихи-мәдени байланыстарын, ғасырлар бойы қалыптасқан

материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін сала. Жоғарыдағы деректерге сүйенсек, этнолингвистика көптеген ғылым салаларымен байланысып, тілдің этносқа қатысты мәселелерінің барлығының да этнолингвистиканың зерттеу аясына жататынын, ол нені тексерсе де, этносқа байланысты тексеретінін көреміз.

Этнолингвистиканың құзырына жататын барлық тілдік нысандар, элементтер тіл білімінде этнографизмдер деп аталады. Этнографизмдер – өткен дәуірлерде тұрмыс-тіршілігімізде болған, әлі де күнделікті өмірімізде қолданылып келе жатқан тұрмыстық заттар мен бұйымдардың, белгілі бір шаруашылық-кәсіп түрлеріне, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, ырым-нанымға, баспана мен мекен-жайға, киім-кешек пен ішер асқа, туыстық, ата тектік қатынастарға, әдептілік ережелерге байланысты жұмсалатын жекелеген аталымдар мен сөз орамдары. Олар қоғамдық-әлеуметтік өмірде тек қана тілдік материалдар болып саналмайды, сонымен бірге, халықтың көңіл-күйінің психологиялық айнасы, арман-мұратының, тілінің, эстетикалық түрлі талғамдарының, ақыл-парасатының көрінісі, бүкіл таным-түйсіктерін айқындайтын рухани байлығы.

Этнолингвистика тіліміздегі этнографиялық лексиканың ұшан-теңіз байлығын қалай болса солай, кез келген фактіге байланысты емес, белгілі бір жүйе бойынша, мағыналық-тақырыптық топтарға бөліп, өзара жіктеп, саралап барып зерттеуге тиіс. Олай болмаған жағдайда әр қилы ұғымға байланысты өмірдің әртүрлі саласында қайталанып әр қырынан көрінетін сөз бен сөз тіркесінің тілдегі орны мен қолданыс аясы, мағына-мәні толық ашылмайды. Сондықтан да академик Ә.Қайдар этнолингвистикалық зерттеулерде тіл байлығын макросистемалар мен микросистемаларға бөліп, оларды табиғи жүйе бойынша жіктеп, топтастыра, өзара байланысты сала-салаға бөліп қарастырады. Мәселен, бүкіл болмысты «Табиғат», «Адам» және «Қоғам» деп үш макротопқа бөлсе, микросистемалық ұғымдардың барлығы осы үш саланың аясына топтастырады. Мысалы, төмендегі кестеде көрсетілгендей:



Бүгінгі таңда қазақ этнолингвистикасы ғылыми негізі қалыптаса бастаған, жан-жақты ізденіс нәтижесінде өзіндік ерекшелігі мен үрдісі айқындалып келе жатқан дербес ғылым саласы ретінде танылып отыр. Мұны белгілі ғалым профессор М.М.Копыленко өзінің «Этнолингвистиканың негіздері» деп аталатын еңбегінде айқын көрсетеді.

Міне, осынау бай тіл қазынасын этнос болмысы тұрғысынан толық меңгеру, оның бейне бір тұңғыық теңіздей терең мағына-мазмұнына бойлап еніп, оны игеріп, танып-білу, жүйелей түсіп, жан-жақты зерттеу этнолингвистиканың ең басты міндет-мақсаты болмақшы.

Тақырып бойынша сұрақтар:

1. Этнолингвистиканың зерттеу нысаны.
2. Этнолингвистиканың мақсаты мен міндеттері.
3. Этнолингвистиканы тек «көне дүниені» зерттеуші ғылым деп танитын ғалымдар тобы нені басшылыққа алады?
4. Этнографизмдер дегеніміз не?
5. «Сепир-Уорф болжамын» қалай түсінесіз?
6. Ә.Қайдардың ұсынған зерттеу әдіс-тәсілдері.

1.5 Этнолингвистиканың басқа ғылым салаларымен байланысы

Ешнәрсемен байланыссыз томаға-тұйық болып тұратын құбылыс қоғам өмірінде де, табиғатта да кездеспейді. Түрлі құбылыстар өзара байланысып, бір-біріне ықпал-әсерін тигізеді, біріндегі өзгеріске екіншісі себепші, түрткі болады. Этнолингвистиканың басқа ғылыммен байланысы жөнінде де осыны айтуға болады.

Ғылымның бір-бірімен байланысы, олардың зерттейтін нысандарының ортақ болуынан туады.

Ғылым-білім саласында тілге тікелей қатысты, оны әр тұрғыдан зерттеуші, оған арқа сүйеуші пәндер көп-ақ. Олардың біразы этнос тіліне байланысты тілдік деректерді өз мүддесіне қарай зерттеп, білуге бағытталған ғылым, білім, мәдениет т.б. салалары.

Бұл пәндерді өз ретінде академик Ә.Қайдар: 1) этнос тіліне жалпы қатысы бар (мәс., мәдениеттану, этнография, этнология, өлкетану, фольклористика, мифология, астрология, дінтану, педагогика, дидактика т.б. осы сияқты) қоғамдық-әлеуметтік пәндер және 2) этнос тілінің тілдік табиғатын айқындауға тікелей қатысты (мәс., этимология, диалектология, ономастика, фразеология, паремиология, терминология, лексикография т.б.) лингвистикалық пәндер деп, үлкен екі топқа бөліп көрсетеді. Енді осылардың біразына жеке-жеке тоқталып өтсек.

Этнолингвистика мен этимология. Сөздер мен сөз тіркестерінің шығу тарихын зерттеу этимологияның төл міндеті болса да, бұған кейде этнолингвистиканың да мұқтаж екендігін көреміз. Мұндай жағдайда, әсіресе, мағынасы күңгірттенген бірліктердің мәнін ашып, жасалу уәждері мен қолданыс шеңберін айқындауда этнолингвистиканың этимология көмегіне жүгінуіне тура келеді. Сөз төркінін айқындаудың тағы бір қажеттігі тіл практикасында мұндай фактілерді «халықтық этимология» (оны «жалған этимология» деп те атайды) тұрғысынан түсіндіруі жиі кездеседі. Мұндай жағдайда бұл тәрізді «еркін» жоба-жорамалдарға дұрыс бағыт-бағдар беру қажет тәрізді.

Кейде этнолингвистикалық түсініктеме дәлелсіздеу көрінгенде де этимологиялық бір деректің өзі-ақ оны айқындай түсуі мүмкін. Мысалы, көне де байырғы «бөрі» сөзінің эвфемистік баламасы деп көрсетілген, *қарысқыр* сөзін үлкен ғылыми этимологияға бармай-ақ, қырғыз тілінде мойны мен жақ сүйектерінің қарысып қалуына байланысты «*қарысқыр*» деп аталуы арқылы түсіндіруге де болады [9].

Этнолингвистиканың негізгі арналарының бірі болып саналатын фразеологизмдерге этнолингвистикалық талдау барысында да этимологияға арқа сүйеуге тура келетін жағдайлар жиі кездеседі. Профессор Н.Уәлидің: «Көнелікті ең көп сақтаған «жаны сірі» сөздердің небір шоғырлары алдымен мақал-мәтел, фразеологизмдердің құрамында шегенделіп қалған деуге болады» [22, 12] – деген пікірі тіліміздегі көне қабаттардан саналатын сөздердің негізінен фразеологиялық сөз орамдарының құрамында кездесетінін аңғартады. Шындығында, фразеологиялық тіркестердің жалпы алғандағы

мағынасы түсінікті болғанымен, оның құрамындағы кейбір сөздердің мағыналарын басып айту қиынға соғады. Мәселен, *жұнттай семіз* фразеологизміндегі *жұнт* сөзінің шығу төркініне көз жіберсек:

Жұнт сөзінің ҚТС-нде 2 мағынасы берілген: 1) *ұлпаны жып-жылтыр, суда мекендейтін итбалық тәрізді мақұлық*; 2) көне. *жылқы, ат* (жұнт жылы – жылқы жылы). Яғни бұл сөз «жылқы» деген мағынаны беретін сөз. М.Қашқари сөздігінде бұл атау *йунд* тұлғасында келіп, «ат, жылқы, оның үйірі» деген ұғымда қолданылады. Түркі халықтарында 12 жылда бір қайырылатын жыл атауларының бірі – жетінші жылдың аты осы сөзбен аталған: *йунд йылы* (жылқы жылы). Ескі қыпшақтар ескерткіштерінің тілінде *йунт* деп табынға бос жіберілген жылқылардың бір үйірін айтатын болған. Онда қыпшақ тобына жататын тілдердің өзіндік ішкі даму заңдылығы бойынша, қалыптасқан тұрақты фонетикалық ереже бойынша сөз соңындағы ұяң дыбыс (-д) қатаң (-т) болып айтылады: жәдігерлерде *йунт*, қазақ тілінде *жұнт*.

М.Қашқари сөздігіндегі төрт түлік атауларын зерттеген М.Бейсенованың пікірінше, сөздің негізгі түбірі *йыг* = (жый) болса керек, оған өздік етістің жалғауы *-ун* қосылғанда *ғ* дыбысының кейде түсіп қалатын заңдылығы бойынша *йыун* (2 дауысты дыбыс қатар келіп қолданылмайтын болғандықтан) > *йун* болып қысқарады. Көне түркі тілдеріндегі *-т* реликтік көптік жалғауы жалғанып (йунт), ол түбірмен кірігіп, қалыптасып кеткенге ұқсайды. Көне түркі тілдерінде *йыг* деген сөз «бір жерге жинау» деген мағына береді [23, 36].

Бұл лексема жөнінде Ә.Т.Қайдар: «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *жұнттай* сөзіне «жылтыр, тақыр, таза, әдемі» деген анықтама берілген. *Жұнттай* сөзі әдетте, тығыршықтай семіз, күйлі-қоңды малға, көбінесе жылқы малына байланысты айтылады. Ал семіз малдың жүні әрі тықыр, әрі жылтыр болатыны белгілі нәрсе. Олай болса, *жұнттай* сөзінің төркіні көне түркі тілдерінде ерте замандарда қолданылған *юнт* (jund) сөзімен байланысты деуге болады. Сонда тіліміздегі салыстыру моделі бойынша (салыстыр: сиырдай, шошқадай семіз, еңгезердей, түйедей, алпамсадай үлкен, титтей, құрттай, тағы басқа), *жұнттай* сөзі о баста «*аттай семіз, аттай күйлі, ат мүшелі*» деген мағынада тек атқа байланысты айтылса, одан кейін жалпы малға, адамға байланысты да айтыла бастаған болуы керек», – дейді (ҚТҚЭС, 95 б.). Бұл сөздің о баста-ақ таралу өрісі шектеулі болған секілді. Жылқы малынан қол үзбеген жерлерде ғана айтылып жүрсе керек, сондықтан да қазақ тілінде сақталған. Бұл лексема негізгі сөздік қордан орын алғанмен, ескіріп үлгерген, белгілі бір сөз тіркесінің кірігіп кеткен құрамында ғана кездеседі, онда да ауыс мағынада жұмсалады: «жұнттай болып семіріп кетті», «жұнттай семіз» деп айтылады. Сын есімнің салыстырмалы шырай жұрнағынсыз бұл түбір өз алдына жеке қолданылмайды. Талданған мысалдарға қарап, этимологиялық талдаулар тілдік деректердің этнолингвистикалық мағынасын түсіндіуде қажетті лингвистикалық пән болып есептеледі деуімізге болады.

Этнолингвистика мен диалектология. Этнолингвистика әдеби тіл ауқымымен ғана шектелмей, жалпыхалықтық тіл фактілерін мүмкін болғанша

түгел қамтуды мақсат етеді. Міне, осыған байланысты этнолингвистика жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттейтін диалектологиямен де мүдделес. Бұл этнолингвист ғалымдар этнос болмысын танып-білуге қатысты жарияланған диалектологиялық материалдарды да, өз тұсынан жинаған фактілерді де пайдаланады деген сөз.

Міне, қазақ этнолингвистикасы осы тәрізді басқа да лингвистикалық пәндермен (фразеология, паремиология, ономастика, терминология, социоллингвистика т.б.) тығыз байланыста дамитынын көреміз.

Этнолингвистиканың диалектологиямен шендесуі, ең алдымен, біріншісінің түбегейлі мақсатына байланысты: ол этносқа қатысты деректердің бәрін тіл қорының қойнау-қойнауларын тінте қарап, тірнектеп жинап, түгел қамтуды көздейді. Ал диалектология болса, әдеби тілдің «сыртында» жатқан, сонау тайпа тілінен бастау алып, жергілікті тұрғындар қолданысында сақталып келе жатқан көне де байырғы сөздерді, көрші халықтар тілінен әр кезде қабылдаған ауыс-түйістерді, жергілікті кәсіпшілікке байланысты ұғым-түсініктерді жинақтап, түсіндіру арқылы этнолингвистиканың бастау алар бұлақтарының бірі болып саналады. Этнолингвистика мен диалектологияның арақатыстығына байланысты, мәселен, академик Н.И.Толстой бастаған ғалымдар тобының көп жылдан бері славян тілдерінің жергілікті ерекшеліктерін зерттеу арқылы бүгінде ұмыт бола бастаған көне дүниелерін жаңғыртуды мақсат ететіндігін айта кеткен жөн [9, 17].

Диалектілік лексика – көнелік, ескілік көрінісі емес, халық тілінің этнолингвистикалық бояулы деректері мол сақталған саласы.

Этнолингвистикалық арналарды Ә.Қайдар «этнос өмірінде туып, соның өзіне ғана тән рухани, мәдени танымды бояу-нақышымен тағы бір қырынан суреттеп, «тіл әлемінде» бейне бір зерде тас бөлшектеріндей жарқырап тұратын этнолингвизмдер» – дейді, ал диалектілік лексиканың да этнолингвистикалық арналары – осылар, сондықтан оларды этнодиалектизмдер деп атуға болады» – дейді М.Атабаева.

Бұл жағынан келгенде, диалектілік лексика – этнос тарихындағы әр алуан кезеңдер мен оқиғалардың, әртүрлі қатынастардың белгісін бойына сақтаған қазынасы, этнос тұрмыс-тіршілігінің, оның тарихының, мәдениетінің баға жетпес байлығы. Тарихи жазба деректері аз түркі тілдерінің бірі қазақ тілінің өз тарихын таразылауында, халықтың рухани-материалдық байлығын зерделеуінде, этностың өзін-өзі тануында, жаңа тарихын жазуында жүгінетін көнекөз куәсінің бірі – диалектілік лексика.

Тіл этноспен бірге жаралып, бірге өмір сүреді десек, оның бастапқы белгісі өсу, даму, қарым-қатынас көріністері осы күнгі диалект ретінде айқындалған сөздерінде сақталған. Орыс диалектологиясында лексикологиялық зерттеулердің соңғы жылдары күрт дамуының тілдік (этимологиялық, семантикалық, семасиологиялық, тарихи-салыстырмалы т.б.) себептерімен қатар, экстралингвистикалық мақсаттары да барын, әсіресе, осы соңғы бағыттың (тарихи, этнографиялық т.б.) маңызды мәселелер көретінін атап өтеді, атап айтқанда, бұл бағыт диалектологияны ауыз әдебиетімен,

этнографиямен, халықтық мәдениетпен жақындастыра келе, диалектология ғылымының керегесін кеңейтіп, диалектологиялық зерттеулерге және диалектінің өзіне кешенді түрде қарауды ұсынады [24]. Н.И.Толстой өткен ғасырдың бас кезіндегі ғалымдардың (Д.К.Зеленин) диалект халықтың материалдық (үй құрылысы, түрі, құрал-жабдық, киім, үй жабдықтары) және рухани мәдениетіне (салт-дәстүр, халықтық музыкалық шығармашылық) қатысты қалыптасқан кешенді тілдік және тілден тыс көрсеткіштер деген пікірін дамытады. Диалектіні кешенді-синкретті түрде зерттеудің жемісті болатындығын, ареалдық, ареалдық-типологиялық ізденістерде ежелгі славяндардың тілін, дінін, тұрмысын жаңғыртуда этнолингвистиканың болашағы зор екенін айтады. «Этнолингвистика и диалектология – надежная лопата для историка», – деп этностың тарихи дамуындағы, материалдық және рухани мәдениетін бейнелеудегі диалектінің ерекше маңызын көрсетеді, бұл бұған дейін диалектілерді зерттеу, жинау тек тіл тарихын жасау тұрғысынан ғана қарастырылды дегенге сілтейді. Сөйтіп этнолингвистикалық зерттеулердің дереккөзі – диалектілер, диалектілік сөз деген тұжырым шегелене түседі.

Этнодиалектизмдер де диалектілік сөз, алдымен, ол диалектілік сөзді сипаттайтын қасиетке ие, яғни, этнодиалектизмдердің белгілі аймақта қолданылу, таралу изогласы болады; белгілі ұғым, түсініктерді және аймаққа тән ұғымдарды, заттарды бейнелеп атай алатын дәрежедегі номинациялық белгі жинақтайды; жергілікті сипаттағы ұлттық бояулы фразеологизмдер қоры мол кездеседі; жергілікті табиғи, географиялық ерекшеліктерді бейнелейтін семантикалы болып келеді; бағалау мәніндегі айрықша ұлттық болмыс мазмұнды лексемаларымен ерекшеленеді; тарихи кезең іздерін сақтайды; белгілі салт-дәстүр, материалдық мәдениет көріністерін жеткізетін ақпаратты болып, халық тұрмысының бел ортасынан орын алады; әдеби тілде баламасы бары да, жоғы да кездеседі. Сонымен, этнодиалектизмнің белгісі этномәдени деректі ақпарат сыйымдылығы мен мүмкіндігінше мағынасын жаңғыртуға «келуі» арқылы этнолингвистикалық мағынаны түсінуге, көруге бейімділігі деп түйіндеуге болады [25].

Этнодиалектизмдердің ішінде диалектілік фразеологиялық тіркестердің басты ерекшелігі – қолданылу аясының тарлығы. Соның салдарынан оның саны да әдеби тілге қарағанда шектеулі болады. Әрине, тілдік тұрғыдан қарағанда оның құрамындағы тұлғалар да біршама өзгергіш болып келеді. Осыдан барып жергілікті говорларда диалектілік фразеологиялық тіркестердің түрліше варианттары туған.

«Диалектілік тұрақты сөз тіркестері дегеніміз – жалпыхалықтық қолданыста жоқ, тек белгілі бір говорларда сөйлейтін жергілікті халықтың географиялық орналасу жағдайына, өмір тіршілігіне, айналысатын кәсібіне, рухани танымына байланысты ұзақ уақыттар бойында туған, құрамы жағынан тұрақталып, дайын единица ретінде бейнелі мағынада қолданылып жүрген сөз тіркестері», – деп көрсетеді қазақ говорларындағы тұрақты тіркестерді зерттеген Қ.С.Қалыбаева [26, 24].

Жалпы фразеологиялық тіркестердің пайда болуына әсер ететін фактордың бірі – сол өлкенің жағдайы, табиғаты, халықтың айналысатын негізгі кәсіп түрі. Міне сондықтан да әртүрлі аймақтарда өмір сүріп жатқан қазақтардың тіліндегі фразеологиялық тіркестерге талдау жасау арқылы олардың көзқарастарындағы, танымдарындағы ерекшеліктер байқалады.

Мәселен, Түркіменстандағы қазақтар тілінде *ат та шөл, адам да шөл* деген фразеологизм кездеседі. Яғни «адам мен аттың қатты шөлдеуі» мағынасындағы тіркес. Бұл тіркестің пайда болуына, біздіңше, сол жердің табиғаты әсер еткен секілді. Себебі Түркіменстанның табиғаты құмды, шөлді, ыстық болып келеді. Мысалы: *Бір тәулік қасқыр қуып, құмда ат та шөл, адам да шөл болып, әрең шыққан күніміз болған* (ҚТАС, 26 б.).

Қытай қазақтары тіліндегі тұрақты тіркестердің диалектілік ерекшеліктерін зерттеген ғалым С.Мұстафаұлы: «Қытай қазақтары қолданылып жүрген фразеологизмдердің табиғатын түсіну үшін оның лексикалық құрылымына, яғни құрамындағы сөздерге көңіл бөлуіміз қажет. Өйткені Қытайда тұратын қазақ диаспорасының тілдік ерекшеліктерінің қалыптасуына әсер етіп отырған тілдік факторлар жеткілікті. Қолда жиналған материалды сұрыптай келе біз олардың құрылымындағы 2 түрлі жайтқа көңіл аудардық:

1) Қытай қазақтары тіліндегі диалектілік фразеологизмдердің лексикалық құрылымы негізінен жалпыхалықтық лексикадан құралған тіркестер болып келеді.

2) Бұл өлкедегі диалектілік фразеологизмдердің ендігі бір ауқымды бөлігі жалпыхалықтық лексика мен диалектілік лексикадан құралған тіркестер болып табылады» – дейді [27, 34]. Мысалы: *аттан түссе де үзеңгіден түспеу* – жеңілісті мойындамау; *аузы асқа, ауы атқа толу* – тұрмысы, күн көрісі оңалу; *баладан бұзылған аттай болу* – жаман әдетке бой үйретіп қалған, оғаштық, сөлекеттік жасау; *алыстан ат өксітіп келу* – алыс жол жүріп, шаршап жету; *сөзден құрық ұстаған* – сөзге шешен; *кері айыл* – қырсық, көк бет т.б. С.Мұстафаұлының келтірген мына мысалын біз де келтіріп өтуді жөн көрдік: «*Жерді көрсең Наратқа бар, Озатты көрсең Манапқа бар, Бәйгені көрсең кері атқа бар*».

Нарат – Іле аймағына қарасты Күнес ауданының топырағы құнарлы, шөбі шүйгін, суы тұнық, табиғаты көркем құтты мекен, ырысты ауыл. Нарат ауылы қазіргі күнде өзінің жанға жайлы көркем табиғатымен сырттан келген саяхатшыларды өзіне ерекше баурайтын әйгілі саяхат орнына айналған жер.

Манап Ахметұлы (1909-1985) – Күнес ауданындағы Нарат ауылының тұрғыны. Шыңжаңда тұңғыш рет Ыластай мал шаруашылық кооперациясын құрып, Мау Зыдонның қабылдауында болған, әйгілі еңбек ері.

Кері ат – 1959 жылы ішкі Моңғолияда бүкіл Қытай бойынша өткізілген ат бәйгесіне Нараттан апарылып қатысқан, 1-бәйгені алғаны үшін Бейжіңгер атанған бәйге аты.

Бұл мәтелді өзінің бастапқы мағынасы бойынша «жақсының бәрі бір жерге жиналған» деген ауыспалы мағынасымен түсіндіруге болады.

Этнолингвистика мен мәдениеттану. Этносты танып-білуге тұс-тұсынан атсалысып, өзіндік үлесін қосушы қоғамдық ғылым салаларының бірі – мәдениеттану.

«Мәдениет» – жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым.

Этнос мәдениеті ғылыми тұрғыдан былай анықталып жүр: «Этнические культуры – эти особые исторически выработанные способы деятельности, благодаря которым обеспечивалась и обеспечивается адаптация народов к условиям окружающей их природной и социально-культурной среды». Бұл – мәдениет – әрбір этносқа тән белгілі бір табиғи-элеуметтік ортаға сәйкес қалыптасатын құбылыс. Өмір-тіршілік салты да, ортақ тіл, ортақ дүниетаным, ортақ психология т.т. – осының бәрін біз этнос мәдениетінен таба аламыз. Ал соның бәрін танып-білудің ең басты құралы – тіл екендігін мәдениеттанушы ғалымдардың бәрі мойындайды. «В языке народ выражает себя полнее и многостороннее, чем в чем-либо другом – не только в последнем своем положении, но и исторически. Все, что есть у народа в его быте и понятиях, и все, что народ хочет сохранить в своей памяти, выражается и сохраняется языком».

Бұл пікірден біз этнолингвистика мен мәдениеттің тіл әлемінде тоқайласатынын айқын көреміз. Алайда осыған қарап олардың зерттеу нысанын біріктіріп жіберіп, бір ғылым деп қарауға да, өзіндік ерекшеліктері бар этнолингвизмдер мен мәдени лексиканың арасына тепе-теңдік белгісін қоя салуға да болмайды. Оның басты себептері: *біріншіден*, этнолингвистика этнос болмысына қатысты «тіл әлемін» түгел қамтуға тырысса, мәдениеттану пәні өз міндетін «мәдениет» ұғымымен ғана шектеуге тиіс; демек, ол, қанша күрделі, ауқымды болса да, «бүтіннің бөлшегі іспетті дүние»; *екіншіден*, мәдениеттану мәдениет түрлерінің (әдебиет, жазу-сызу, қолөнер, ән-күй өнері т. б.) пайда болуын, қалыптасуын, дамуын, өзіндік ерекшеліктерін талдап, таратып айтуды негізгі міндетім деп санаса, этнолингвистика барша мәдени лексиканы іштей сала-салаға жіктеп, жүйелеп, мүмкін болғанынша толық жинап алып, тілдегі өзінің нақыш-өрнегімен сөйлете білу, сан алуан ұғым-түсініктердің мән-мағынасын ашып, номинация, дифиниция түрінде сипаттап, этностық таным-талғам тұрғысынан түсіндіруді мақсат етеді. Демек, бұл ортақ бір нысанды мәдениеттану мен этнолингвистика әртүрлі бағытта, деңгейде және мүдде-мақсатпен қарастырады деген сөз [9].

2. Этнолингвистика және этнография. Бұл екеуінің тоқайласар тұсы этнос болмысының сүбелі саласы – заттық бағалылықты (материальные ценности) зерделеуге байланысты. Бұл екеуіне де ортақ нысан – «тіл әлеміне» тән көл-көсір мол дүние. Алайда осыған қарап, этнолингвистика мен этнографияны да бір-бірімен алмастыруға болмайтын сияқты. Олардың өзара сыбайластығымен қатар «ортақ» терінің пұшпағындай өз тәсілімен илейтін еншісі де жоқ емес. Бұл әсіресе тіл фактілерін пайдаланудан айқын көрінеді.

Зерттеушілердің көбі-ақ этнолингвистика мен этнографияны «мақсат-мүддесі ортақ, бағыт-бағдары бір, бір таяқтың екі басындай егіз ғылым» деп қарайды. Дегенмен екеуін екі бөлек ғылым деп танымыз. Оның басты себебі: екеуіне ортақ нысан – этнос тілі болғанымен, оны екеуінің зерттеу тәсілі мен тереңдік деңгейі бірдей емес. Мәселен, «Киіз үй» деген нысанды алсақ, этнографтар да, этнолингвистер де оның құрамын (*сүйегін, киізін, бау-шуын*), бөлшек-бөліктерін (*шаңырақ, уық, кереге, есік, туырлық, үзік, түндік, басқұр, белдеу, желбеу т. б.*), сондай-ақ оларды жасау технологиясын сөз етуге міндетті. Алайда киіз үйге қатысты тіліміздегі бұлардан басқа жүздеген атаулар мен мыңдаған қосымша ұғым-түсікіктерді тәптіштей жинап, этнос тұрғысынан талдап, тарату этнолингвистердің ғана міндеті болса керек [9].

Этнос болмысына қатысты тіл фактілерін этнографияға қарағанда этнолингвистика әлдеқайда ауқымды да кең пайдаланып, олардың тілдік мән-мағынасын жан-жақты да терең түсіндіруге тырысады.

Тақырып бойынша сұрақтар:

1. Этнолингвистика мен этимологияның байланысы.
2. Этнолингвистика мен диалектологияның байланысы.
3. Этнолингвистика мен этнографияның байланысы.
4. Этнолингвистика мен мәдениеттанумен байланысы.

1.6 Қазақ тіл біліміндегі этнолингвистикалық принциптер мен әдіс-тәсілдер

Жалпы тіл біліміндегі этнолингвистикалық мектептердің қарастыратын мәселесі бір болғанымен, олардың зерттеу нысанында, әдіс-тәсілдерінде, ұстанатын принциптерінде өзіндік ерекшеліктері байқалады. Ал қазақ тіл білімін сөз еткенде, әрине, біз академик Ә.Қайдар қалыптастырған қазақ этнолингвистикалық мектебін, оның өзіндік сипатын, зерттеу принциптерін айтамыз. Ғалым және оның шәкірттері қарастырып келе жатқан этнолингвистикалық зерттеулер ең алдымен «тіл әлеміне» арналады да, тіл білімінен тыс этнология, мәдениеттану, тарих т.б. осы сияқты салалармен қосымша зерттеу ретінде байланысады. Академик ғалым қазақ этнолингвистикасының бір ерекшелігін: «Қазақ этнолингвистикасы қазақ тілінің лексикалық байлығын мүмкін болғанша (жетер жеріне жеткізе) түгел қамтып, індете зерттеуді мақсат етеді. Тіл әлеміндегі этнос бейнесін тек лексика қорының жиі қолданылатын «үстіңгі қабатындағы» мағыналық бірліктер негізінде ғана емес, сонымен қатар оның төменгі қабаттарына, қойнау-қолаттарында тұнып жатқан (бүгінде сирек қолданылатын) сөз маржандары арқылы да жаңғыртуға тырысады» деп түсіндіреді [9, 16-17]. Сондай-ақ, қазақ этнолингвистикасы алдына қойған мақсатқа жету үшін этнос тіліне қатысты көптеген қоғамдық пәндермен де, лингвистика салаларымен де байланыса отырып, өзіндік үрдісі мен принципін сақтаушы әмбебап ғылым деп санайды.

Ғалымның қазақ тіліндегі этнолингвистикалық деректерді зерттеуде ұсынған «індете зерттеу» тәсілі арқылы лексикалық қорымыздың жиі қолданылатын мағыналық бірліктерін ғана емес, сонымен бірге бүгінде сирек қолданылатын сөздердің мәнін ашуды мақсат етеді.

Қазақ этнолингвистикасының тағы бір принципі ретінде Ә.Қайдар «лексикалық байлықтың мазмұны мен мән-мағынасын этностық таным тұрғысынан толық ашу, этнос болмысына қатысты бағалы мағлұматтар мен құнды деректерді түгел сөйлету, тілдің өзіне тән бояу-нақышымен бейнелі де көркем түрде суреттеуді» ұсынады. Сонымен қатар этнолингвистикалық зерттеулерде тұрақты да бірізділікпен қолдану әдіс-тәсілдерінің бірі және ең тиімді тетігі ретінде – жүйелілік принципін ұсынады. Негізінен қазақ этнолингвистикасының бүгінде өзінше түйген ой-тұжырымы, өзінше бағамдап, бағдарлауы, өзіме тән деп айта алатын ерекшеліктері жоқ емес деуге негіз бар. Осы сөзімізді дәлелдеу үшін Ә.Қайдардың қазақ этнолингвистикасының зерттеу әдіс-тәсілдері мен ұстанатын принциптері туралы ғылыми тұжырымдарын төменде толықтай беріп отырмыз:

1. Қазақ этнолингвистикасының өзі үшін (басқалар үшін де) біржолата басын ашып, айқындап алған мәселесі – қазақ этносының ұлттық бейнесін, өзіндік болмысын толық та түбегейлі түрде тек оның тіл байлығы – «тіл әлемі» арқылы ғана жан-жақты танып-білуге болатындығы.

2. Қазақ этнолингвистикасы алдына қойған мақсаттың үддесінен шығу үшін этнос тіліне қатысты көптеген қоғамдық пәндермен де, лингвистика салаларымен де бірлесе отырып, өзара сыбайласа, іліктесе әрекет ететін, бірақ олардың бірде-біреуінің шылауында жүрмейтін, пәнаралық қызмет атқарып, «қолбала» да болмайтын, өзіндік үрдісі мен принципін сақтаушы әмбебап ғылым.

3. Қазақ этнолингвистикасы қазақ тілінің лексикалық байлығын мүмкін болғанша (жетер жеріне жеткізе) түгел қамтып, індете зерттеуді мақсат етеді. Тіл әлеміндегі этнос бейнесін тек лексика қорының жиі қолданылатын «үстіңгі қабатындағы» мағыналық бірліктер негізінде ғана емес, сонымен бірге оның төменгі қабаттарын, қойнау-қолаттарын тұнып жатқан (бүгінде сирек қолданылатын) сөз маржандары арқылы да жаңғыртуға тырысады. Этнолингвистикалық зерттеулердің өзіндік бір ерекшелігі – әдеттегі (түсіндірме, екі тілдік, терминдік, этнографиялық т. б.) сөздіктерге ене бермейтін құнарлы да сапалы, бейнелі де көркем, көне де байырғы сөз өрнектерін, тіпті айтуға тыйым салынған «ұят» сөз деректерді де, әзіл-қалжыңдарды да қамтуында.

4. Қазақ этнолингвистикасының тағы бір принципі – лексикалық байлықтың мазмұны мен мән-мағынасын этностық таным тұрғысынан толық ашу, этнос болмысына қатысты бағалы мағлұматтар мен құнды деректерді түгел сөйлету, тілдің өзіне тән бояу-нақышымен бейнелі де көркем түрде суреттеу.

Бұл принциптер мыңдаған (сөз, сөз тіркесі, тұрақты тіркес түріндегі) бірлікті екі түрлі деңгейде – алғашқы (о бастағы, не негізгі) номинативті мағынасы мен этностық танымынан туындаған «этнолингвистикалық мағынасы» деңгейінде – түсіндіруді, анықтауды, топшылауды, сипаттауды талап етеді. Бірінші деңгейдегі түсініктеме, анықтамаларды біз әртүрлі лексикографиялық еңбектерден кездестірсек, екінші деңгейдегі терең де жан-жақты түсініктемелер тек этнолингвистикалық зерттеулерде ғана берілуге тиіс.

5. Қазақ этнолингвистикасының мықтап ұстанатын принциптерінің тағы бірі – жүйелілік. Мұны этнолингвистикалық зерттеулерде тұрақты да бірізділікпен қолдану әдіс-тәсілдерінің бірі және ең тиімді тетігі деп санаған жөн.

Академик Ә.Қайдар қазақ этнолингвистикасының ұстанатын принциптерін осылайша саралай келіп, осы принциптердің бүгінгі күнге дейінгі көріністері мен оны ары қарай жетілдірудің де жолдарын ұсынады.

Этнос болмысындағы сан алуан заттар мен құбылыстар бір қарағанда бас-аяғы араласып, қобырап жатқан дүние болып көрінуі мүмкін. Ал шын мәнісінде олар табиғи болмысынан-ақ бірінен-бірі туындап, бірі мен бірі мағына-мазмұн жағынан, логикалық, тақырыптық қатыстылығына қарай жүйе-жүйесімен тұрған, объективті заңдылық бойынша реттелген дүние. Алайда бұл заттар мен құбылыстардың табиғи реттілігі мен жүйелілігін тіліміздегі мыңдаған атаулар арқылы анықтау мүмкін емес. Міне, осы орайда, этнолингвистикалық зерттеудің жүйелілікке байланысты тағы бір ерекшелігі, ұстанатын принципі байқалады [9].

Қазақ этнолингвистикасы зерттеу нысаналарын өзара әрі іштей топтастыра зерттеу (классификациялау) принципін қатал сақтауды талап етеді. Бұл жүйелілік принципі талабынан туындайтын әдіс-тәсілдердің біріне жатады.

Сөздік қордағы ғасырлар бойы жинақталған лексикалық байлықты жүйелеп, өзара топтастыра қарастырудың үлгісін ХІ ғасырдағы Махмұд Қашғаридың «*Дивану лугат ит-турк*» (Түркі тілдер сөздігі) атты әйгілі еңбегінен де, сондай-ақ қыпшақ тайпалары тілінің сөздігі – «*Кодекс куманикустан*» (XIV ғ.) да кездестіруге болады. Мысалы: М.Қашқари сол кездегі түркі тайпаларының лексикалық байлығын жинақтай келе, оны «*Түркілердің өмірі туралы*», «*Түркілердің материалдық-мәдени заттары туралы*», «*Ру-тайпа туралы*», «*Жер-су аттары туралы*»... деп басталып, «*Балалар ойындарымен*» аяқталатын 30 тақырыптық топқа жіктеп қарастырса, «*Кодекс куманикусте*» лексикалық байлық 40 түрлі (мәселен, «*Құдайға және оның атына байланысты сөздер*», «*Ауа райы мен аспан әлеміне... байланысты сөздер*», «*Уақыт, мезгіл атауларына байланысты сөздер*», «*Бес сезім мүшелерінің аттары*» т.т.) тақырыптық топқа жіктеліп беріледі.

Міне, тіл байлығын жан-жақты терең меңгерудің де тиімді жолы ретінде тым ерте қалыптасқан осы бір ұстаным бүгін этнолингвистика ғылымында да өз жалғасын тауып, жаңа үрдіске ие болып отыр. Бұл үрдіс орыс тіл білімінен де байқалады. Мысалы, академик Н.И.Толстойдың

басшылығымен шыға бастаған этнолингвистикалық сөздікте жинақталған тіл материалы 24 тақырыптық топқа бөлініп қарастырылыпты. Мысалы, «*термины: ботаники, географии, горного дела, демонологии, животноводчества, кулинарии, народной астрономии, одежды, строительства, рыболовства, цветообозначения, ткачества и т. д.*».

Сонымен қатар Ә.Қайдар қазақ этнолингвистеріне төмендегідей бірнеше нақтылы шарттарды қояды:

1. Қазақ этносын жалпы түркі тіл әлемі арқылы емес, өз тілінің мүмкіншілігі мен өзіндік табиғи ерекшеліктері арқылы ғана танып-білу.

2. Этнос тіл әлемін түбегейлі меңгеру, игеру. Басқаша айтқанда, бұл принцип тіліміздегі ұшан-теңіз лексикалық байлықты тек сан жағынан ғана түгендеп шығу емес, сонымен қатар оны сапа жағынан да саралай түсу, яғни сөз мұхитының түбіне терең бойлап, «інжу-маржанға» толы қазынасын түгел ақтарып, оның сан ғасырлар бойы сақтап келе жатқан сырын аша түсуге барып саяды. Этнолингвистикалық зерттеудің қиын да, күрделі мәселелерінің бірі осы болмақ.

3. Тіл байлығын этнолингвистикалық тұрғыдан зерделеудің тағы бір принципін ғалым «індете зерттеу» деп атайды. Аңшылар лексиконында: «аңды індетіп алу» – тазылардан қашып келіп, жан сауғалап, кез келген інге тығылған аңдарды (түлкі, қасқыр, карсақ, борсық т. б.) аңшы амалдап, су құйып, түтіл салып, таяқ жүгіртіп т.т. қолға түсіру әдісі.

«Індете зерттеу» деп, шартты түрде алынып отырған бұл терминнің мәнісі – зерттеушінің тілімізде күнделікті айтылып, жазылып жүрген («қолбала, елгезек») сөздермен ғана шектеліп қалмай, не өзі білетін, шеті көрініп тұрған, не ұмыт болған тіл фактілерінің «ізіне түсіп», лексикалық қордың қойнау-қолаттарынан іздеп тауып, түп-тамырымен қопарып, түбегейлі айқындауға тырысу деген сөз. Сонда ғана этнос табиғатын толық танып-білуге қажетті тілдік фактілерді, сол фактілердің қабатында, астарында, қайнар көзінде жатқан небір ғажайып этнолингвистикалық деректерді тауып, сөйлетуге болады. Олардың «ірілерін» ғана емес, «майда-шүйделеріне» дейін түгел қамту ләзім. «*Індете зерттеуге*» әрбір зат пен құбылыстың, ұғым мен түсініктің жеке бастарын ғана емес, олардан туындап, өркендеп, бұтақтап, балалап, тарап жатқан туынды да қатысты дүниенің бәрін (олардың атауы арқылы) түгел қамту міндеті де жатады. Бір-екі мысал келтіре кетейік.

Мәселен, Сібір халықтарында бір ғана қардың 80-нен астам атауы, бұғыға қатысты 1000-нан астам сөз болса, араб елінде түйеге байланысты 1000-нан астам атаулар қалыптасқан, ал қазақ тілінде адамның дене мүшелері мен ішкі ағзаларына байланысты 500-ден астам атау бар екен. Ал сол атаулардың бірі – «көз» десек, сол «көздің» өзінен туындаған ұғымдардың өзі – тілімізде бірнеше жүз, (түр-түсін, бітім-болмысын, әр алуан қасиетін, өзіндік ерекшеліктерін т. б.) сипаттайтын 100-ден астам тіркес-атау бар: *бота көз, қарақат көз, құралай көз, қой көз, сиыр көз, тана көз, жапалақ көз, тышқан көз, жылан көз, қара көз, көк көз, қызыл көз, айран көз, бітік көз, былшық көз, бит көз, жұмық көз, ақ көз* т. т. Бұл арада

мәселе, тек көз түрлерінің есебін алып, түгендеу де емес, солардың әрқайсысына тән қасиеттерді этностық таным тұрғысынан сипаттап беруде. Осы орайда: «Ақылсыз басқа ақиған көз бітеді» дегендегі «ақиған көздің» қандай болатынын көз алдына елестетсе де, сөзбен сипаттап беру оңай емес. Сондай-ақ, фольклорда, көркем шығармаларда кездесетін *өңезе көз, нәркес көз, жыртық көз* сияқты көздердің сан алуан көрінісін суреттеп, жас ұрпаққа түсіндіру этнолингвистердің міндеті болса керек.

«Бұл принцип мәдениеттің жалпы адамзат үшін атқаратын қызметінің бірі – сигнификаттық қызметімен үйлеседі, өйткені мәдениеттің сигнификаттық функциясы оның танымдық және коммуникативтік қызметімен ұштасады, қатар жүреді. Таңбалар мен олардың мағынасы адамға «әлем бейнесін» жасау мүмкіндігін береді, сол арқылы әлем көрінісі мәнді фрагменттерге бөлінеді. Бұл әр мәдениетке өзіндік мазмұн, мәнге, тілдік бейнеге, мағынаға ие болады. Этнолингвистикалық зерттеу нысаны да осы этникалық мазмұнды, мағынасы сыйымды деректер» [25].

Осылайша әрбір зат пен құбылысты жетер жеріне жеткізе, «індете зерттеп», оларды жіктеп-жіліктеп қарастыратын болсақ, біздің жалпы дүниетанымымыз артып, этнос ретінде өзіміз туралы білгеніміз көп болар еді.

Академик Ә.Қайдар ұсынып отырған *«індете зерттеу»* тәсілін лексикалық байлығымыздың белгілі бір саласында, не тарау-тармағында, тақырыптық тобында ғана емес, кез келген мағыналық бірліктің тамырын қуалай таратып, танып-білу үшін де пайдалануға болады.

4. Тіл байлығы сөз санымен ғана емес, оның сапасымен, мағына тереңдігімен, ауқымдылығымен де өлшенеді. Олай дейтін себебіміз: тілдің лексикалық байлығын екі түрлі «өлшеммен» анықтауға болады. Оның бірі – көне заманнан бері қалыптасып келе жатқан бір буынды және екі буынды (бұл сиректеу) түбір сөздер мен солардың негізінде пайда болған мыңдаған туынды түбірлердің жалпы саны да, екіншісі – солардың беретін мағына саны мен мағына ауқымы. Бұл лексиканың сандық мөлшерінен 2-3 есе артық сапалық мөлшері. Тілімізде ғасырлар бойы бірде-бір «су жаңа сөздік» (бұған ауыс-түйістер жатпайды) өздігінен пайда болмағанын ескерсек, жалпы тіл лексикасының дамуын ең алдымен ұғым-түсініктер мен мағынаның (семантикалық) дамуы деуге қақымыз бар. Тілімізде бұрыннан келе жатқан және сырттан қабылданған сөздер негізінде толассыз туындап жатқан «жаңа» сөздердің тіркес түріндегі атаулардың бәрі, сайып келгенде, сол жаңа ұғым-түсініктер мен мағыналарды сипаттау үшін барлыққа келіп жатқан дүниелер.

Мұның сыртында негізгі атаулар заттар мен құбылыстардың іштей жіктелуі, бөлінуі, даралануы нәтижесінде пайда болған сан алуан түрлерін білдіретін (мыс., *жел: аңыздық жел, жайдақ жел, баяу жел, саумал жел, жатаған жел, қарсы жел, қума жел, қарыма жел* т. т. – 50-ден астам) туынды мағыналық бірліктер тағы бар. Бұлар этностың дүниетанымына, өмірлік тәжірибесіне қатысты фактордың тілдегі аса қажет бір көрінісі. Бұл құбылысты этнолингвистер кез келген «тірек» сөздер мен нақтылы ұғым-түсініктің төңірегінен өрбітіп, көрсете алады. Мәселен, олар қазақ тілі

қорында: ердің 42 түрі, 40-тан астам қауынның түрі, сырғаның 40-қа жуық түрі, күлкінің 10, күлудің 40-тай түрі, ақынның 150 түрі, көздің 100-ден астам түрі, «сөз» сөзінің 300-дей түрі т.т. бар деп көрсетіп те жүр. Бұл тәрізді туынды атаулардың жалпы саны тілдегі негізгі атаулардан 2-3 есе артық.

Бұлар, әрине, қабаттасып жүрген басы артық сөздер емес, қайта ғасырлар бойы этнос тәжірибесінен туындап, қалыптасып, ой өрісімізді кеңейте түсетін, тілдің потенциялық мүмкіндігін еселеп арттыра беретін, оны дәйім толықтырып отыратын бұлақтардың бірі. Бұларды түгел жинап, жүйелеп, мазмұн-мағынасын ашып беру де – этнолингвистиканың төл ісі.

Этностың ақыл-ой, дүниетанымының, өмір сүру тәсілінің жемісі – материалдық және рухани мәдениеті, тарихы. Сол материалдық та, рухани да мәдениетін қалыптастыру, тарихын «жазу» жолында пайда болған салт-дәстүр, әдет-ғұрып сияқты белгілер этнос болмысын құраса, оны тіл деректері арқылы сөйлейтін тіл ғылымындағы бағыт – этнолингвистика. Этнос болмысы – мазмұны кең, терең ұғым, сондықтан этнолингвистикалық зерттеулердің де шеңбері кеңейіп, этнос табиғатын танытатын ғылым салаларымен байланысы нығаюмен қатар, этнос болмысын мәдени байлықтары тұрғысынан ашатын этнолингвистика тәрізді ғылым саласының өмірге келуіне себеп болды, зерттеу аясының ауқымдылығы ғылымда этнолингвистиканың синкреттілігі, оны кең және тар көлемде қарастыру туралы көзқарасты орнықтырды.

Жер жүзіндегі халықтың көбісі ұлт дәрежесіне көтерілсе, ру-тайпа деңгейінде қалып қойғандары да аз емес. Қазақ этносы болса бүгінде өзінің шарықтау – ұлт дәрежесіне көтеріліп отыр.

Зерттеу мақсатына байланысты *қазақты «этнос»* қараудағы мақсаты – оны төмендету емес, қайта оның басып өткен ұзақ та сатылы даму жолын (ретроспективті бағытта) саралай түсудің, тарихи этнотұлға ретінде танудың бірден-бір дұрыс жолы, кепілдігі деген сөз [9]. Ә.Қайдар «этнос» деген тарихи күрделі ұғымды сол қалпында ала салмай, этнолингвистика мақсатына орай «этнос болмысы» деген ұғыммен алмастырады. Оның себебін, *біріншіден*, біз этностың жеке мәселелерін емес, оның тұтас бейнесін, барша болмысын анықтағымыз келеді; *екіншіден*, этнос туралы толық мағлұмат тек оның тіл қазынасында ғана сақталады. Этностың шынайы болмысын басқа (мәс., этнология, антропология, археология, этнография т. б.) ғылымдар дәл этнолингвистикадай айқындай алмайды деп түсіндіреді.

«Этнос болмысы» – этностың ұлттық бейнесі, тарихи тұлғасы және ол туралы реальды шындық (реальная действительность). Басқаша айтқанда: «этнос болмысы» дегеніміз – этностың сонау балаң кезінен бүгінгі есейген шағына дейінгі кешірген өмір-тіршілігінің айнасы, оның тілі арқылы қалыптасып, жадында сақталып, ұрпақтан нәсілге мирас болып ауысып келе жатқан бай рухани-мәдени қазынасы».

Тақырып бойынша сұрақтар:

1. Қазақ этнолингвистикасының өзіндік ерекшеліктері.

2. Қазақ этнолингвистикасындағы жүйелілік принципі.
3. Қазақ этнолингвистикасындағы індетте зеттеу принципі.
4. Тіл байлығын этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеудің амал-тәсілдері.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) Воробьев В.В. Лингвокультурология (теория и методы). Москва, РУДН, 1997. – С. 251
- 2) Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: Ф. ғ. д. дисс. қолжазбасы. – Алматы, 2007. – 330 б.
- 3) Лайоиз Дж. Язык и лингвистика. Вводный курс. – М., 2004. – 320 с.
- 4) Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. – Алматы, 1999.
- 5) Андреев И.Д. Наука и общественный прогресс. – Москва, 1972.
- 6) Соссюр Ф. де. Заметки по общей лингвистике. Перевод с французского (Общ. ред., вступ. ст. и коммент. Н.А.Слюсаревой). – М., 2000. – 280с.
- 7) Момынова Б. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар. – Алматы, 2009.
- 8) Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2008.
- 9) Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998.
- 10) Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алматы: Евразия, 1995. – 205 с.;
- 11) Сепир Э. Статус лингвистики как науки (Перевод с английского Н.В.Перцова) // Языки как образ мира. – Москва: ООО Издательство АСТ; СПб.: Terra Fantastica, 2003. – 568 с.
- 12) Герд А.С. Введение в этнолингвистику: Курс лекций и хрестоматия. 2-е изд., исправл. – СПб.: Изд-во С.-Петербур. ун-та, 2005. – 457 с.
- 13) Гумбольдт В. фон. Избранные труды по языкознанию. – М.: ОАО ИГ «Прогресс», 2000. – 400 с.
- 14) Исаева Г. Киіз үйге қатысты атаулардың этномәдени негізі (қазақ, қарақалпақ, қырғыз тілдерінің материалдары бойынша). Ф.ғ.к.дисс.қолжазбасы. – А., 2008. -147 б.
- 15) Ахметов Ә. Америкалық «үндістердің» шығу тегіне тарихи және этнолингвистикалық көзқарас//Ақиқат, 2006, № 11-12.
- 16) Языки как образ мира. – М.: ООО «Издательство АСТ», СПб.: Я41 Tezza Fantastica, 2003. – 568 с.
- 17) Жанпейісов Е. Этнолингвистика // Ана тілі. – 1994, – № 3, – 20 қаңтар.
- 18) Жанпейісов Е. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976. – 168 б.
- 19) Сепир Э. Избранные труды по языкознанию. – М., Прогресс. 1993. – 656

20) Толстой Н.И. О предмете этнолингвистики и ее роли в изучении языка и этноса // Ареальные исследования в языкознании и этнографии. (Язык и этнос) /Отв. редактор Н.И.Толстой/. Сборник научных трудов. – Л.: Наука, 1983. – 252 с.

21) Қайдаров Ә. Этнолингвистика // Білім және еңбек. 1985, №10.

22) Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы, 1998.

23) Бейсенова М.С. М.Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегіндегі төрт түлік мал атаулары. Ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. – Алматы, 1997, – 170 б.

24) Толстой Н.И. Диалектология в этнолингвистической перспективе // Системные отношения в лексике севернорусских говоров. – В: ВГПИ, 1982. С. 3-8.

25) Атабаева М. Қазақ тіліндегі диалектілік лексиканың этнолингвистикалық негізі. – А., 2006. – 290 б.

26) Қалыбаева Қ.С. Қазақ тіліндегі диалектілік тұрақты сөз тіркестері. – Алматы, 1997. – 72 б.

27) Мұстафаұлы С. Тұрақты тіркестердегі жергілікті ерекшеліктер. – Алматы: Қазақ университеті, 2003, – 170 б.

28) Звегинцев В.А. Мысли о лингвистике. – М.: МГУ, 1996.

29) Вайсгербер Й.Л. Язык и философия // Вопросы языкознания. – М.: Наука, 1993. – № 2 (март-апрель). – С. 114-124.


30) Толстой. Некоторые проблемы и перспективы славянской и общей этнолингвистики Известия АН СССР, серия лите-р и языка. 1983. Т. 41, №5, С.397.

31) Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы, 1966.

32) Гумбольдт В. Язык и философия языка. – Москва, 1985.

33) Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы, 1995

II тарау. Қазақ тіліндегі этнолингвистикалық арналар



Этнолингвистикалық арналар болып табылатын тілдік деректердің ұлттық мәдени ерекшеліктерді танытуда атқаратын қызметі ерекше. Себебі мұндай тілдік бірліктер өзінің бойына лингвистикалық, тарихи, өркениеттік және мәдени деректерді жинаған ерекше лингвомәдени бірліктер жүйесі болып табылады. Олар халықтың бітім болмысы мен өмірге көзқарасынан хабар береді.

Тілдік деректерді этнолингвистикалық тұрғыдан қарастыруда ғылыми негіз болып «тіл мен ұлт біртұтас» және «тіл мен таным» деген қағидалар басшылыққа алынады. Себебі, бұл тілдік деректерді сол тілде сөйлеуші халықтың әр кезеңдегі тарихи-әлеуметтік тәжірибесіне негізделіп, мәдени-танымдық деңгейіне сай қалыптасқан вербалды-ассоциативті категория ретінде қарауға болады. «Тіл мен ұлт біртұтас» қағидасы ежелгі мәдениет көріністері, әртүрлі салт-дәстүрлердің тіл арқылы сақталып жетуі ұлтты тұтастырушы, жалғастырушы қызметімен дәлелденіп анықталады. Осы орайда жалқы есімдерді этномәдени тұрғыда зерттеген ғалым Е.Ә.Керімбаевтың мына ғылыми тұжырымына сүйенсек болады: «Жалқы есімдерінің ұлттық мәдени ерекшеліктерін зерттеу қазақ тілінің ономастикалық жүйесін зерттеуде мәдениеттанымдық аспектіні пайдалануды қарастырады. Қазақ тілі онимдерінің генезисіне, қалыптасуы мен дамуына қазақ халқының этномәдени өмірі шешуші мәнде әсер етеді. Халықтың этномәдени тарихи фактілерінің тұтас бір жиынтығы қазақ онимдерінің түрлі тақырыптық топтарының пайда болуы мен қызмет атқаруының негізі мен себебі болып табылады. Этностың материалдық және рухани өмірі қазақ тілінің этностық болмысымен өзара байланысты, этностық тұрғыдан өзіндік таңбаға ие болған онимиялық бірліктер өзіндік бейнеге ие болды» [1, 28].

Сондықтан көне тілдік деректер халқымыздың ұзақ мәдени даму жолын, материалдық және рухани құндылықтарын, түп-тамырын неғұрлым тереңірек танудың бір құралы, маңызды таным тетігі ретінде зерттеледі. Бұл екі фактордың тоғысуы нәтижесінде пайда болған тілдік деректер ұлт мәдениетін немесе ұлт тарихын, халықтың қоғамдық өмірін бейнелеп қана қоймай, ана тілінің сөздік қоры байлығының көрсеткіші ретінде де танылады. Мысалы, тіл

мен мәдениеттің атауына ұйытқы болған *этнографизмдер* – ана тілі байлығының бір бөлшегі. Бұл атаулар – тілдік қазынаның сүбелі саласының бірі және бүгінде жалпыхалықтық қолданыста жоқ кейбір байырғы сөздер мен сөз тіркестерінің мағына-мәнін танытатын мәдени әрі тарихи ақпараттар көзі.

Бірақ этностың көне дәуіріндегі тарихынан, мәдени өмірінен хабардар ететін этнографизмдер немесе тілімізде мағынасы ұмыт болған сөздер мен сөз тіркестері олардың сырын ашуды, танытуды қажет етеді. Осы орайда қазақтың қара сөзін бағзы мәдениеттің жетегінде тіл арқылы анықтап, келер ұрпақтың санасына зор мақтанышпен жеткізу – ана тіліміздің бай ырысын танытудың бір жолы [2, 34]. Тақырыптың мақсатына сай нәтижеге жеткізуге көмектесетін тілді зерттеудің тиімді саласы – *этнолингвистика*. Ол – адамзат қауымының этностық деңгейдегі балаң, бастау тұсындағы тек-тамырын, мекен-жайын, өмір тәжірибесін, салт-санасын, кәсібін, жеке этностық топтардың алғашқы анайылық қалпындағы дүниетанымын, мифтік танымын, киімін, ішкен тамағын т.б. яғни мәдениетін тілі арқылы зерттейтін тіл білімінің саласы [3, 45]. Себебі жоғарыда атап көрсетілген жайлардың бәрі адамдардың бастапқы ұғым-түсінігіндегі өзіндік «әлем үлгісі» («модель мира») ретінде тек тілде таңбаланып отырған. Мұны ғалымдар, жоғарыда көрсетілгендей, тілдің кумулятивтік немесе құжаттық (Э.Сепир) қызметі деп сипаттайды. Міне, осылайша анықталатын қазақ лексикасындағы этнолингвистикалық арналар осындай ырысты байлықтың бір көзін құрайды. Қазірде бұл этноатаулар қоғамдық қарым-қатынас кезінде белсенді қолданылмаса да, бұл сөздердің дені диалектілік лексикада, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің құрамында, көркем шығарма тілінде, ауыз әдебиеті, фольклор мен эпос тілінде жиі кездеседі. Тілдің танымдық, мұрагерлік қызметі негізінде сан ғасыр құпиясын бойына сақтаған этнотілдік деректерді сан ұрпақ танитын ана тіліміздің қорында мәңгілікке сақталатын сарқылмайтын қазына, «адамзат тарихының қоймасы» (Қ.Жұбанов) деуге болады. Осы орайда қазақ ауыз әдебиетінің көне жанры эпостық жырлар – этнографиялық лексиканың кені өйткені бұл жырларды әр ғасырдың тарихи-элеуметтік жағдайы, ата-бабаларымыздың елдік, ерлік салты, мәдени, рухани ғұрпы, тағдыры ерекше жырланған қазақ мәдениеті мен дүниетанымының энциклопедиясы, қазіргі ұрпаққа тіл арқылы сақталып жеткен этномәдени мұралары деуге болады. Ойымыздың жалғастығын академик Ә.Марғұланның, Н.И.Толстойдың, Е.Жұбановтың, Н.Уәлидің пікірлерінен көреміз.

Профессор Қ.Жұбанов тіл арқылы халықтың тағылымдық мұраты этностың әр дәуірдегі ұрпақ өкілдеріне мәдени әрі тілдік мұра ретінде сақталатынын және тіл мен мәдениетті табыстыратын жаңа саланың дүниеге келетіні туралы сол кездердің өзінде-ақ болжам айтқаны белгілі. Ғалымның «Халықтардың тұрмыс қалпы түрлі-түрлі болған соң, олардың әр затқа қоятын аттары да түрлі-түрлі. Тіл ұзақ заман жасалады, бірден өзгермейді, оның

өзгерісі тұрмысқа байланысты» деген пікірі ұлт мәдениетінің ұрпақ жалғастығын сипаттаса, мәдениет жай өмірдің туындысы емес, белгілі бір қоғамда өмір сүрген рухани әрі материалдық қоры бар іргелі елдің өмір тіршілігінің туындысы деп қарауын: «Мәдениет – қазанның күйесінше жұғатын нәрсе емес, мәдениеттің белгілі сатысын көкसेгендей жағдай тумаған болса, ... жоғары мәдениеттің өзі келіп ауызға түспейді» [4, 125] деген пікірінен көреміз.

Қазақ халқы да көптеген басқа халықтар секілді даналығын, дүниетанымдық көзқарасын, салт-дәстүрін т.б. тілінде түйіндеген. Оларды тұтас құрылым жүйесінде анықтасақ, халық өмірінің, мәдениетінің бейнесін сипаттауға болады. Осы тұрғыдан қарастырылатын материалдық мәдениет атаулары да рухани мәдениетпен қатар адамдардың тіршілік мұқтаждылықтарын өтейтіні белгілі, себебі сол қоғамның этикалық, әлеуметтік, эстетикалық, символдық тәжірибесін көрсететін заттық атаулардың рухани өмірімен байланысы «материалдық мәдениет өнімдері рухани қажеттіліктерден туындайды» деген пікірді нақтылай түседі.

Әр этностың өмір сүру сипаты ұлттың рухани ерекшеліктерімен анықталуы арқылы ана тілінде сақталады. Себебі тілде әр ұлттың өзіндік ойлау ұғымдары мен бағыт-байламдарын сипаттайтын лексика қалыптасады. Ол әр халықтың материалдық, экономикалық, әлеуметтік жағдайына байланысты дамиды, қоғамдық санасына сәйкес негізделетін, «ұжымның жадында жинақталған жүйе» (Ю.М.Лотман). Осымен байланысты салт-дәстүрлер атаулары – рухани мәдениеттің мұрасын сақтап, жеткізетін жүйесі деуге болады.

2.1 Фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты

Тақырып, мағына, тұлға жағынан әртүрлі болып келетін тұрақты тіркестердің үлкен бір саласы тілімізде (15 мыңнан астам) – *фразеологизмдер* десек, олар да қандай ұғым-түсінікке катысты болмасын, сайып келгенде, адамның іс-әрекетін, сын-сипатын, қалып-күйін, дүниетанымын өзіндік бояу-нақышымен бейнелейтін танымдық мәні зор көркем сөз бұлақтарына жатады. Оны мына мысалдардан да: *шошқа тағалау; бастан құлақ садаға; ит терісін басына қаптау; қазанағы қарқ, сағанағы сарқ; түйе үстінен сирақ үйіту; шөп басын сындыру* т.б. айқын көре аламыз. Бұлардың жасалуына ұйытқы болып тұрған «құлақ» (мал құлағы), «ит терісі», «қағанақ, сағанақ», «сирақ үйіту», «шөп» тәрізді «тірек» компоненттердің, көріп отырғанымыздай, адамға тікелей қатысы жоқ. Сондықтан да этнолингвистика үшін ең қиын мәселе – осы сияқты фразеологизмдердің ауыс мағынада қолданылу мотивтерін түсіндіру. Басқаша айтқанда: мысалы, «*түйе үстінен сирақ үйіту*» мен «*өз ісіне немқұрайлы қарау, жүрдім-бардым істеу*» арасындағы мағыналық сыбайластық пен астарластықты сөзбен де, жазып та дәлелдей білу. Ол үшін фразеологиялық мағынаның қалыптасуындағы екі деңгейін этнолингвистикалық тұрғыдан сабақтастыра білу қажет [5].

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер айналадағы қоршаған заттар мен құбылыстарға этнос (ұлт) тұрғысынан баға беру, сипаттау арқылы сол ұлттың ұлттық менталитетін, көзқарасын, дүниетанымын аңғартады.

Халықтың рухани шағармашылығының жемісі, тілдің ажарын кіргізетін, оның күдіретін арттыра түсетін, ойды бейнелеп, астарлап, өзіндік нақышымен жеткізетін, ата-бабадан мұра ретінде келген сөз қазынасының дайын қолданылатын үлкен саласы – фразеологизмдер этнос тілінің құрамдас бөлігі болғандықтан, оларға этнолингвистикалық талдаудың ғылым үшін құндылығы ерекше. Адамзат тарихын өз бойына сақтаған халықтың фразеологиялық қорында философиялық ойлары, дүниені танып-білуі, тұрмыс-тіршілігі, ұлттық мәдениеті көрініс тапқан.

Тіліміздегі фразеологизмдердің мағыналық астарында халықтың ерте уақыттан бергі өмірінің бүкіл қыр-сыры жан-жақты сақталып суреттеледі. Халықтың күнкөріс, тұрмыс-тіршілік негізінде өрбіген түсінік пайымдаулары, соған байланысты қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар тілдік қолданыстағы фразеологизмдерден көрініс табады. Сондықтан фразеологизмдер халқымыздың ұлттық, менталдық ерекшелігін бойына сіңірген басты мәдени байлығымыздың бірі болып есептеледі. Әр ұлт тіліндегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы сол ұлт тіліне тән өзіндік бейнелі сөз орамдары арқылы оның бүкіл заттық, рухани, мәдени өмірінен хабардар етеді.

Қазақ тіліндегі мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілерін зерттеген ғалым Г.Смағұлова: «Қазақ ұлтының мәдени өмірінің көрінісі – фразеологиялық қордан ерекше байқалады. Өйткені қазақ фразеологизмдері – халық өмірінің айнасы. Бұл айнада ұлт менталитеті көрінісі тұтастай қамтылады десек, асыра айтпағандық болар» – дей келе, «ұлт мәдениеті оның ғылымында, өмірінде, дінінде тіл арқылы танылады десек, онда фразеологиялық материалдар ұлттық мәдени маңызы бар деректерден тұрады. Бұл деректердің түп төркіні, таралу көзі фразеологизмдердің тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты. Фразеологизм белгілеріндегі мағына тұтастығы, қолданылу тиянақтылығы, даяр қалпында қолданылу тұрақтылығы арқасында ұлт тілінде ұрпақтан-ұрпаққа жетіп сақталуда. Әр фразеологизмдерде мәдени ақпар беретін дағдылы қалыптасқан дүниетаным, ұлт ерекшелігі аңғарылады» – деген тұжырымды ой айтады [6].

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер өзге түркі тілдеріндегі тәрізді, құрылымы мен мазмұны жағынан алуан түрлі, олардың басым бөлігі халықтың тарихын, наным-сенімін, көзқарасын және т.б. бейнелей отырып, оның өткен өміріне тамырын терең жаяды. Барлық осы ерекшеліктер, ең алдымен, сол ұлттың объективтік шындық жөніндегі нақты түсініктерін, тілде қандай да бір көрініс тапқан алуан түрлі табиғи құбылыстарға, қоғамның даму заңдылықтарына олардың баға беруін білдіретін фразеологизмдердің бейнелі-аялық негізін құрайды. Басқаша айтқанда, белгілі бір халықтың әлеуметтік-экономикалық тіршілік сатысын, оның рухани әлемі мен заттық мәдениетін, тұрмысы мен әдет-ғұрыптарын, діни-мифологиялық ұғым-түсініктері мен наным-сенімдерін сипаттайтын факторлар фразеологизмдердің бейнелі-аялық

негізі болып табылады. Осыған байланысты фразеологизмдердің қандай да бір категориясының түзілуіне экстралингвистикалық факторлардың жоғары немесе төмен дәрежеде ықпал етуі жөнінде айта кеткен орынды. Мысалы, егер Қиыр Солтүстік пен Сібірдегі түркі халықтары тілінің лексика-фразеологиялық категориялары өзінде бұғы шаруашылығының немесе аң аулау кәсіпшілігінің ерекшеліктерін, ал Орта Азия халықтарында мақта және бау-бақша өсіру шаруашылығының ерекшеліктерін, Волга бойындағы халықтарда балық аулау шаруашылығының ерекшеліктерін қамтыса, онда қазақтарда негізінен, мал шаруашылығының ерекшеліктері көрініс табады. Үй жануарларын өсіру және бағудың, оларды көлік, тағам өнімдері, сондай-ақ киім-кешек пен ыдыс-аяқ дайындау үшін қажет шикізат ретінде пайдаланудың көпғасырлық тәжірибесінің тілде көрініс таппауы мүмкін емес. Қазақтардың көшпелі тұрмысының осындай ерекшеліктері, бірінші кезекте, осы фразеологизмдерде этнолингвистикалық сипаттамасы арқылы беріледі.

Фразеологизмдер – тілдің мазмұндық жағының көпғасырлық дамуының нәтижесі. Олар бізді қоршаған шындық туралы анағұрлым күрделі ұғымдар мен түсініктерді қысқа әрі ықшамды, бейнелі және эмоционалды түрде беруге өте қабілетті. Алайда әр нақты жағдайдағы фразеологизмдердің мұндай жалпы сипаттамасы бейнелі-аялық негізіне қарай өзара жіктеледі.

Профессор М.М.Копыленконың «... фразеосочетания различной степени идиоматичности и паремии в целом, как и лексемы, их образующие, представляют благодатное поле для углубленного постижения особенностей жизненного уклада, духовного культуры и мыслительной энергии этносов» [3] деген пікірі мұндай бейнелі сөз орамдары арқылы әр халықтың өміріндегі өзіндік ерекшеліктерін байқауға болатындығын аңғартады. Сондықтан да фразеологизмдердің күрделі табиғатын танып-білудің және олардың пайда болу көздерін айқындай білудің кілті халықтың рухани құндылықтарын сақтаушы – тілдің өзіндегі бай деректерде.

«Тұспалдау, абстрактілі ойлау, әртүрлі заттарды бір нәрсеге астарлай отырып жіберу және оларды шешу көшпелілердің дәстүрінде кең таралған», – деп атап көрсетеді философ Д.Кішібеков [7]. Кезінде Геродот та осы жөнінде көшпелі сақтарды негізге ала отырып жазған болатын. Бұл әдет-ғұрып көшпелілерде соңғы кезге дейін сақталған. Осылайша көпмағыналылық, астарлап сөйлеушілік, бейнелілік – көшпелі малшының ойлауына тән қасиеттер. Көшпелі малшы психикасының мұндай ерекшелігі шексіз ең даладағы тұрмыс-тіршілігі мен өзара қарым-қатынас жасауға деген адамдардың аса мұқтаждығынан туындаған, әр айтқан сөзі терең мағыналы, бейнелі және астарлы мәнге толы болған.

Қазақ тіліндегі тіршіліктің әртүрлі қырларын: мәдени-тарихи аспекті, әлеуметтік-экономикалық жағдай, қарым-қатынас, психология, яғни оны әртүрлі параметрлер бойынша нақты көрсететін қырларын қамтитын ұлттың көпғасырлық өмір сүру тәжірибесі бейнеленген фразеологизмдер барлық мүмкін болатын танымдар, табиғат құбылыстарына жасаған бақылауының кешені болып табылады. Олар күнделікті қолданылатын қарапайым сөз

тіркестерінен нақты фразеологизмдерге айналу жолынан өтті. Нақтылық – бұл салыстырмалы. Пайда болған күннен бастап қазіргі қолданысына дейін сандаған ғасырлар өтіп, түптамырлары шиеленісіп, бастапқы мағыналары көмескіленді де, мағыналық жағынан эволюцияға ұшырады. Бастапқы кезде еркін сөз тіркесінде бірнеше орам, сыңарларын өзара алмастыру мүмкіндігі болды. Фразеологизмдердің көпшілігінде эволюция нұсқалық көптүрліліктен нақты бірыңғайлыққа, ұғымдардың қабаттасуына өтетін үдеріс ретінде көрінеді. Тілдің мазмұндық жағынан сан ғасырлық дамуының нәтижесі болып табылатын фразеологизмдер қарым-қатынас жасаудың басты құралы болып отыр.

Өте күрделі мағынасы бар фразеологизмдердің жасалуы адам баласының ойлау қабілетінің жан-жақтылығымен, адам ойының ұшқыр әрі тапқырлығымен түсіндіріледі. Адамның объективті шындықтың бір-бірінен алыс, тіпті, өзара үйлеспейтін ұғымдарын біріктіріп, жартылардан бір бүтін жасауы таңғажайып құбылыс. Адамның өрісі кең киелі ойы денотаттардың тек жеке белгілерін ғана емес, сонымен қатар объективті шындықтың кейбір фрагменттерін де салыстыра отырып, жанама, қосымша белгілерді де атайды. Осы жағдайда тек денотат қана аталып қоймай, субъектінің белгілі бір жағдайға деген көзқарасы, эмоциональды-экспрессивті бағасы, мінездемесі, сипаттамасы да аталады.

Көптеген сөздердің атау белгілері – аталған затқа немесе табиғат құбылыстарына деген субъективті көзқарастың тілдегі бекітілген нәтижесі. Мысалы, етегі (таудың), беті (судың), ақ (көңіл) т.б. Бұл мысалдардан сөздердің «ауыспалы мағынасы» болатынын көреміз. Ауыспалы мағынада атау белгісінің негізі ішкі форма болып табылады. Ауыспалы мағына жайлы сөз қозғағанда, атаудың объективті және субъективті негіздерінің өзара қатынасы туралы айтпаса болмайды. Әсіресе, бұл бір денотатты білдіретін әр тілдің лексикалық бірліктерін салғастырғанда айқынырақ көрінеді. Салғастыру барысында кейде толық және жартылай айырмашылықтар ұшырасса, кей кезде белгілеудің объективті және субъективті нышандарының арасында толық немесе жартылай ұқсастықтар байқалады. Бұл әр халықтың бір ұғымды әртүрлі жағынан түсініп, әр халықтың өзінше қабылдауынан туады. Дәл осы пікірді В.фон Гумбольдт «... слова разных языков, даже если они в целом и выражают одни и те же понятия никогда не будут настоящими синонимами», одно и то же понятие понимается разными народами с разных сторон» [8].

Фразеологизмдердің жасалуы мен ары қарай семантикалық дамуы белгілі бір заңдылықтар негізінде жүзеге асырылады. Бұл заңдылықтар фразеологизмдерді мұқиятты түрде диахрондық зерделеу мен олардың шығу тегін анықтау арқылы айқындалады. Қазақ тіліндегі, мәселен, жылқы малына қатысты фразеологизмдер халықтың тарихи-этнографиялық үдерістері, рухани мәдениеті, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, дүниені қабылдауы, мифологиясы жөніндегі нақты ұғым-түсініктерді береді. Оларда тіл мен этностың, тіл мен рухани мәдениеттің өзара тығыз байланысы жарқын көрініс тапқан.

Тіл дамуының алуан түрлі кезеңдерінде қалыптасқан фразеологизмдердің сақталып қалуы олардың дамуының белгілі бір қарқынын, олардың пайда болуының тарихи сабақтастығын айқындауға мүмкіндік береді.

Тіл мен этносқа, тіл мен рухани мәдениетке, олардың өзара байланысы мен өзара тәуелді болуына қатысты мәселелерді этнолингвистика қарастырады, яғни бұл – тіл мен этносты, тіл мен халықтық мәдениетті, халық шығармашылығын тарихи-диахрондық аспектіде зерттеу, олардың арақатынасын қайта қарастыру.

Қазақ тіліндегі бейнелі фразеологизмдерді этнолингвистикалық тұрғыда зерделеу этнос тарихын, ол бастан кешірген тарихи өзгерістерді, әлеуметтік-экономикалық жағдайды, этнопсихологиялық ерекшеліктерін, ойлау логикасын егжей-тегжейлі танып-білуге мүмкіндік береді.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдерге жасалған талдау көшпелілердің түрлі ұғымдары мен түсініктері ассоциативтік салыстырулар арқылы адамдар әлеміне өтіп, тілде берік орнығып қалғандығына көзімізді жеткізеді. Бір нысаннан екінші нысанға бейнелі-ассоциативтік түрде өту белгілі бір ерекшеліктері, айрықша балама қасиеттері, сапалары, яғни бір тұрпаттас аялық элементтерінің және т.б. негізінде жүзеге асырылып отырды.

Фразеологизмдер тіл байлығы ретінде тек сөз өнерінің өрісін кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар ерте замандардан бергі барша рухани өміріміздің байлығын, оның қыр-сырларын өз бойына жинап, жан-жақты сипаттайды. Тек фразеологизмдер ғана халықтың өткен өміріндегі әр кезеңдерінен алуан түрлі құбылыстар мен оқиғаларды өрнекті тілмен сурттеп, бүгінгі уақытпен үндестіреді. Сондықтан фразеологизмдердің қалыптасу уәжін анықтауда тілдік фактілерді халықтың рухани әрі заттық мәдениеті мен тарихына, салт-дәстүрі мен ұлттық дүниетанымына байланыста зерттеуді мақсат ететін тіл білімінің жаңа да құнарлы саласы – этнолингвистиканың рөлі ерекше құнды.

Қазақ тіліндегі фразеологиялық бірліктер ауызекі және әдеби тілде әртүрлі стилистикалық мақсаттарда кең түрде қолданылатын көркемдік тәсілдерге өте бай. Мәселен, адамның сырт келбетін, әдеті мен мінез-құлқын, тіршілік ету салтын, халық мифологиясында сақталып қалған тұрмыстық ұғым-түсініктерді, ырымдар мен наным-сенімдерді, адам мінезінің ерекшеліктерін, қасиеттері мен сапаларын және т.б. сипаттаған кезде. Мұндай ерекшелік тек қазақ тіліне ғана емес, әлемдегі тілдердің көбіне тән болып келеді.

Көптеген фразеологизмдердің жасалуына адам ойында қорытылған құбылыстардың нақтылы бейнесі негіз болған. Мысалы: *жауыр болды* (әбден мезі қылды, ығыры шықты) деген фразеологизмнің негізінде көп мініліп, арқасы жара болған аттың бейнесі елестейді. Басында атқа байланысты шыққанымен, қазіргі кезде ол мағынасы ұмытылып, адамға байланысты айтылады. Сол себепті т.б. фразеологизмдердің жасалуына да, сөз жоқ, адам ойында қорытылған құбылыстардың нақтылы себеп болғандығын танып білуге болады.

В.М.Мокиенко «Славянская фразеология» [9] атты еңбегінде С.Скорупканың фразажасау үдерісіндегі экстралингвистикалық факторлардың елеулі ролін ескере отырып, фразеологизмдерді табиғи және конвенционалды (шартты алынған) деп бөлетіндігін айтады. Табиғи фразеологизмдер әр тілде бір-бірінен тәуелсіз пайда болады, себебі оларда адамның табиғатқа бақылау жасауына қатысты, оның құбылыстарына, жануарлардың тіршілігі мен мінез-құлқына қатысты жалпы негіз бар, сол сияқты адамның жалпы психологиялық белгілерінде, жалпы даму жағдайларында қалыптасады. Фразеологизмдер жасау кезінде бастапқы негіз болып табылатын ауыспалы мағыналар, лексемаларда дамитын жалпы семасиологиялық заңдар осыған қатысты болады. Алайда бұл фразеологизмдер, мысалы, бір тілдегі адамның жануарлардың тіршілігі мен мінез-құлқына жасаған бақылауына қатысты фразеологизмдер екінші бір тілдегіден осы қызметте ұдайы қолданылатын лексемалар құрамы жағынан да, сөздермен берілетін мағынасы жағынан да өзгеше болып келеді. Егер олардың жасалуының ортақтығы жөнінде айтар болсақ, онда бұл әр халықтың материалдық негізі аңшылық, егіншілік және мал шаруашылығы болғандығымен түсіндіріледі, мұнымен қатар халықтардың мәдени дамуы, дүниетанымы, наным-сенімі, рухани құндылықтарының ортақ болуы да әсер еткен.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің көбі төрт түлік малдың сыртқы пішіні, мінез-құлқы, әдеттеріне сәйкес адамның ерекшеліктерімен бейнелі және визуалды салыстыру, қатар қою негізінде пайда болған. Бір жағынан, жануарлар әлемін бақылау негізінде, екінші жағынан, адамдардың қоғамдағы қарым-қатынастары мен әртүрлі өмірлік жағдайлардағы іс-әрекеттеріне байланысты туған ассоциациялық параллельдер тілде көптеген ортақ немесе ұқсас көріністерді тауып, фраземалардың бейнелі-реңктік негізінің тууына қызмет етеді.

Г.Смағұлова фразеологизмдердің мәдени ақпар көздерінің түсініктері қандай мәдени негізде пайда болып, жасалынады деген сауалдарға мынандай ғылыми жорамалды ұсынады:

- 1) қазақ халқының ең маңызды мәдени ұлттық ерекшеліктерінің бірі – жан-жақты қамтылған дәстүрлі мәдениет үлгілеріндегі дағдылы ұлттық рәсімдері. Оған ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт дәстүрлер жатады;
- 2) фразеологиялық материалдардың мәдени деректер түсінігіне жататын қазақ тіліндегі ұлан-ғайыр паремиологиялық қор – мақал-мәтелдер;
- 3) образ-эталонға айналған тұрақты теңеулер тіркесі;
- 4) тілдегі сөз-символдар;
- 5) дінге қатысты ой-толғамдар, оның адамгершілік, адамды сүйу, құрметтеу, мораль, этика үлгілерін танытатын сөз тіркестері;
- 6) ұлттың адамзат тарихында жасаған интеллектуалдық рухани мұрасы;
- 7) ұлт тіліндегі өзіндік мән-мағынасымен белгіленген сөздер мен сөз тіркестері;
- 8) тілдегі образды тіркестер [6].

Жоғарыдағы санамаланған ақпар көздерді ғалым күллі «мәдениет тілінің» мәселелеріне толық жауап береді дей алмайтындығын, себебі мұнда тек фразеологизмдерге қатысты тұстарына барлау жасап, біраз талдаулармен шектелгенінен хабардар етеді.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді этнолингвистикалық тұрғыдан қарастыру ісі соңғы 10-15 жылдың ішінде қатты қолға алынып келеді. Ә.Т.Қайдардың «Тысяча метких и образных выражений» атты сөздігі қазақ тіліндегі фразеологизмдерге этнолингвистикалық түсінік беретін алғашқы құнды еңбек. Мұнда 1000-нан аса фразеологизмдер талданып, олардың шығу тарихына, уәждеріне кеңінен тоқталады.

Ғалымның жетекшілігімен қорғалған С.Сәтенованың «Төрт түлік малға қатысты тұрақты тіркестердің бейнелі-аялық негізі», Қ.Ғабитханұлының «Наным-сенімге байланысты қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер», Ш.Сейітованың «Өсімдікке байланысты тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаты», Э.Өтебаеваның «Қазақ тіліндегі -дай, -дей, -тай, -тей тұлғалы теңеу мәнді тілдік бірліктердің этнотанымдық сипаты» атты зерттеу жұмыстарын осы орайда атап өтсек болады.

Профессор Н.Уәлидің пікірінше, адам дүниедегінің бәрін өз тұрғысындағы өлшемге салады. Адам «барлық объектіге» араласады, барлық жерде өзі жүреді. Объектіге пассив түрде емес, актив субъект түрінде қатысуын, өзін ортақ тұлға ретінде алуын фразеологиялық бірліктерден айқын байқаймыз [10]. Мысалы, *иек астында, қол жетпес арман, төбесі көкке жетпеді, төбесі көкке екі елі жетпеді, көз ұшында, қол астында, қол-аяғын жерге тигізбеді, қол ұшын қимылдатпады, басынан аяғына дейін, қол ұшын бермеді, аяқ жетер жер, бет-аузы бұлк етпеді, тілі ұзын, жүрегі атша тулады, көздің қарашығындай, бет-аузы қисаймастан, ашық ауыз, өз аяғынан тұрып кеткенше, көзі алақандай болды, жаны мұрнының ұшына келді, аузы аңқиып қалды, тізе бүкті, сырдың суы сирағынан келмеді, құлаш созым, аяғын көсілді, қолсозым жер.*

Ант ішті, ант су ішті деген фразеологизмнің ішкі формасы тасаланған, сонда неге бұлай айтылатыны қазіргі тілдік тұлғаға белгісіз болуы мүмкін. Ал бұл фразеологизмдердің прототипі байырғы андаласу рәсімімен байланысты. Байырғы заманда андаласқан белгілі адамдар кездікпен қолын қанатып жіберіп, су құйылған ыдысқа қанын тамызып, қан араласқан әлгі ыдыстағы суды бір-біріне беріп кезекпе-кезек ішеді.

Батырлар бастап сөз ашып,

Бармақтарын кесіпті.

Қанды қанға шыласып,

Бәрі былай десіпті.

Бастан өткен-кешкенді

Қасам еттік қарап шын.

Опасыздық еткенді

Боз биенің қаны атсын! («Абылай хан. Ақ атан»).

Бұл семиотикалық белгі «енді қан араласты, бір-бірімізге бауырмыз, қан төкпейміз» деген семантиканы білдіреді. Қан араласқан суды біріне-бірі беріп ішу ситуациясы *ант су ішу; ант ішу, ант беру* деген арнайы тілдік таңбамен берілген. Архетипі *беру, ішу* етістігімен байланысты. Ал осы *ант берді* фразеологизмнің БАҚ-тың *ант қабылдады* деп қолдануы ақиқат дүниенің қазақ тіліндегі бейнесіне (картинасы) сәйкес келмейді. *Ант қабылдау* басқа бір тілдің мәдени семантикасы екені байқалып тұрады. Байырғы ақын-жазушылар тілінде *ант берді* дейді, *ант қабылдады* демейді.

Байырғы қазақ мәдениетінде қазақ қызының ең бақытты шағы оң жақта, әкенің үйіндегі кезі (*Құдай-ау, оң жақтағы күнім қайда?*), сондықтан күйеуге ұзатылып бара жатқан қыз үшін әкенің үйі – *алтын босаға*, ал атастырып қойған күйеуінің үйі – болашақта келін болып түсетін үй – *жат босаға*, келін болып түсіп, оң аяғымен аттаған босағасы – *ақ босаға*.

Мәдени-тілдік семантиканың ерекше көрінетін тұсы белгілі бір өлшемнің, мөлшердің ақиқаттағы образымен берілуі деуге болады. Мысалы, *ақ түйенің қарны жарылды* «мол қуанышқа кенелді» дегенде эталондық (өлшем, мөлшерлік) ақпарат бар. Түйе – «үлкен», «мол» дегеннің эталоны. *Тиын санап қалған* «сараң» дегендегі *тиын* ең аз мөлшердегі ақша – өлшемінің эталоны.

Әдемі көздің эталоны – *бота көз*; *бұраң бел* – әдемі белдің эталоны. Әдемі беттің эталоны – *алма бет*, әдемі, сүйкімді ауыздың эталоны – *оймақ ауыз*. Бұлар – соматикалық объектінің белгісін, сапасын көрсететін эталондар. Әдемі шаштың эталоны – *қолаң шаш*. *Қолаң* – «ағаш» сабы бар, аттың қылынан тығыз түптеліп жасалған маса, шыбын қорығыш, «масадан қорғанатын құрал». Қолаңның тығыз болып, есіліп тұратын сапасы қалың әрі жібектей сусып тұратын шаштың бейнесіне негіз болған.

Сүтке тойған қозыдай, ешкінің лағындай, құлын мүшелі, балауса дегендер – сүйкімділіктің эталоны. Бұлар дүниенің көркем образды түрде тілдік санада орныққан сипаттары болып саналады. Сонымен, эталон дегеніміз белгілі бір объектіге тән белгіні, оның сапасының өлшем мөлшерін көрсететін, тілдік ұжым мүшелерінің бәріне ортақ таным түріндегі мәнділік болып табылады. Тілдің өзінде берілген бұл ақиқат дүниенің образдары тілдік таңбалардың өзінде.

Тіл топтарының арасында белгілі бір айырмашылық болатындығына қарамастан фразажасаушы үдерістерге әсер ететін экстралингвистикалық факторлар біртүрлі болып келеді, себебі оларға материалдық және рухани мәдениеттің барлық факторлары тән.

Қазақ фразеологизмдерінің проблемасының бірі – этнолингвистикалық сипаттағы тарихи фразеологизмдер. Тіл білімінде тарихи фразеологизмдерге көзқарас әртүрлі. Себебі орыс тіл білімінде салыстырмалы диахронды сипатта зерттелетін тілдік фразеологиялық фактілер көбіне тарихи фразеологизмдер деп аталады. Бұлай аталуының себебі екі ұлт тіліндегі фразеологизмдерді салыстыра зерттеу нәтижесінде тілдің тарихи даму ерекшеліктеріне байланысты ғылыми ой тұжырымдар жасалады.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер өзіндік мазмұны мен құрылымына қарай әр алуан. Олардың көбісі халықтың тарихын, наным-сенімін, көзқарасын, дүниетанымын білдіреді. Осы ерекшеліктер фразеологизмдердің бейнелі-реңктік негізін құрайды. Фразеологизмдердің бейнелі-реңктік негізін халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірін, рухани әлемі мен материалдық мәдениетін, тұрмыс-салтын, діни-мифологиялық наным-сенімдерін білдіретін факторлар көрсетеді. Сол себепті фразеологизмдердің пайда болуы мен жасалуына әртүрлі дәрежеде ықпал ететін экстралингвистикалық факторларды ұмытпау керек.

В.А.Маслованың: «Почему исследуются именно фразеологизме, метафоры и другие? Дело в том, что они – ценнейший источник сведений о культуре и менталитете народа, в них как бы законосервированы мифы, легенды, обычаи» [11] – деген пікіріне жүгінсек, тіліміздегі фразеологизмдерді этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеудің ұлттық құндылықтарымызды танудағы алар орнын анықтай аламыз. Төменде бірнеше ұлттық сипаттағы фразеологизмдердің этнолингвистикалық мағыналары талданады.

Қазақ жылқыны «мал патшасы» деп қадір тұтқандықтан тіршілігінің қай кезеңін де онымен байланыстырған. Мәселен, *ағаш атқа мінгізу* тіркесін алайық. Бұл фразеологизм екі түрлі мағынада қолданылады: 1) келеке қылды, масқара етті; 2) сөз қылды, өсек-аяңға іліктірді.

Фразеологизмнің шығу тарихын Ә.Т.Қайдар бұрынғы кездегі қазақтардың тұрмыс-тіршілігінде халықтық-цирктік қойылымдарға байланысты көрермендерді күлдіру мақсатында қолдан жасалған «аттармен» әзіл-сықақ ретінде көрсетілген фольклорлық-этнографиялық билер болуы мүмкін дейді. Мұндай халықтық билер көрінісінің кейбір азды-көпті жоғары элементтері қазіргі театрлық, сахналық қойылымдарда да кездеседі. Мысалы, халықтық спорттық «көкпар» ойынын және т.б. ағаш ат макетімен орындайды. Мұндай көрініске бұрын халық өздігінен күлген. Бұдан «ағаш атқа мінгізу» түсінігі ассоциативті түрде «халық алдында келеке қылу, масқара ету» мағынасына ауысты. Мысалы: *Бәріміздің айызымыз қанды! Өйткені ардақтап жүрген алаш азаматы ағаш атқа мінді емес пе?! «Өзіне де сол керек» деп ішімізден қуанып жүргендейміз* (Жұлдыз, №1, 2002, 119 б.).

Ал екінші мағынасына келсек, шындығында ағаш ат болмайды. Олай болса, дүниеде жоқ нәрсеге «мінгізді» деген сөз – «болмаған істі болды деп, біреуді өсекке таңды, өсектеді» дегеннен шыққан. Бұл мағыналарынан басқа соңғы шыққан ҚӘТС-нде «ағашат» деп қайтыс болған адамның мәйітін салып көтеретін ағаш ұғымы беріліп, ал *ағашатқа (ағашаттың басына) мінгізді* тіркесі қайтыс болды, көз жұмды, о дүниелік болды, бақилыққа аттанды мағынасын беретіндігі келтірілген (ҚӘТС, 1-том, 69 б.).

Әулиеге ат айтып, Қорасанға қой айтып – құрбандық шалды, садақа берді мағынасын береді.

*Әулиеге ат айтып,
Қорасанға қой айтып,
Шыбын жанға жан айтып,*

*Артынан қуып келіпті,
Өлгенде көрген шешесі («Қыз Жібек»).*

Көне түркілердегі төрт түліктен құрбандық пен тасаттыққа ақ (көк) ат, қой, өгіз шалуы халқымыздың ғұрпында жалғасын тауып келеді.

Көне аңыз, мифологияда «Жылқы – Күн – Аспан» космологиялық үштігі желісіндегі оларды байланыстырушы басты дәнекер – жылқының рөлі жоғары. О дүниеде «бағуы» үшін өлікке арнап құрбанға шалған қоймен қатар, жылқы өсіріп тіршілік етуіне қажетті «егей атын» (өздік ат, қаза аты) қоса сояды (Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. 1985). О дүниеде арнап сойылған жылқының мүшелері кемтар болып қалмас үшін еті түгелдей үлестіріледі. Және сүйектері шағылып, өртеп жіберіледі. Құрбандыққа шалынған малдың арнап сойған «иесіне» тез жетуі үшін сүйегін дереу шағып (сындырып), етін пісіреді. Түркілер мен моңғолдардың сенімінде Тәңір елшісімен шендестірілетін жылқыны өліктің рухын Тәңірге қиналтпай жеткізетін медиаторлық қызмет атқарушыға балайды. Өлікті арулаған (жуған) орынға шырақ жағу рәсімінде «Жаққаның шырақ болсын, мінгенің пырақ болсын!» деп марқұмға тілек айтылған.

Жылқының иесі – Қамбар ата. Бұл сенім басқа да түркі халықтарында кездеседі. Өзбектер мен түркімендерде жылқы пірін *Дүлдүл баба* деп атау кең тараған. Дүлдүл атауының төркіні араб тілінен шыққан.

Түркіменстанда *Қамбар атаның* зираты бар, адамдар оған барып зиярат етеді. Қазақтар топан су басқанда Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауына келгендігіне, жерге ең алдымен Қамбар атаның түскеніне сенеді. Қамбар атаның әрі дүлдүлдің атқосшысы болуы, әрі Нұх топанында болуы уақыты жағынан бір-біріне сәйкес келмесе де, бұл сенім қазақтардың Исламнан бұрын жылқылар мен басқа жануарлардың қорғаушысы немесе жаратушы иелерінің болғандығына сенгендіктерін көрсетеді. Бұрынғы наным-сенім Исламнан кейін өзгерген, жаңарған. Жұлдыздардың бірінің аты – Қамбар жұлдызы. Қамбар ата тек қана жылқының иесі болып қалмай, сонымен қатар көл мен жолдың да иесі болған. «Қыз Жібек» дастанында Төлегеннің анасы ұлы үшін Қамбар атаға былай деп сиынады:

*Көл иесі, Қамбар-ай,
Жол иесі, Қамбар-ай,
Ұлымды қолдай гөр-ай! («Қыз Жібек»).*

Мұнда *Қамбар атаны* көл мен жолдың иесі болуы, жолда қалғандарға көмектесетіндігіне сену де Исламнан бұрынғы наным-сенімге байланысты болған. Қамбар ата ұғымы түріктердің де наным-сенімінен орын алған.

Қамбар – қам+бар деген екі бөліктен тұрады. *Қам* – шаман (шаман діні) деген мағынаны білдіреді. Бұл туралы 1-тарауда *қамшы* сөзін талдағанда тоқталғанбыз, яғни қам «бақсы» мағынасын беретіндігі айтылған. Бақсы – шаман дінінің кейіпкері, олай болса, «Қамбар ата» – жылқы шаман дінінің атасы деген мағынада болуы мүмкін.

Біріншіден, бұл атау айқын символдық түс алған. «Қамбар ата» тілімізде «Жылқышы ата» деп те айтылып жүр. Бұлай аталу себебі «Қамбар ата» атауын

жылқы үйірінің айғыры деп түсіндіргендіктен болса керек. Бірақ бұл М.Кәмелханұлының пікірінше, «Жылқышы ата» атауы мен «Қамбар ата» атауын теңестіруге әркез болмайды. «Қамбар ата» атауы салыстырып, ұқсатудан туған тарихи образды түс алған, тереңнен келу тегіне ие атау. Ал «Жылқышы ата» атауы бұған мүлде ұқсамайды. Ол жалаң бірсыдырғы мәнге ие. Келу тегін де таппай болмайды.

Қара қылды қақ жаратын (жарған) фразеологизмі адал, әділ, шыншыл, турашыл адамды сипаттаған кезде қолданылады. Бұл тіркес ертеректе, әсіресе адамдардың қиыншылықтарын дұрыс шеше білген билердің бейнелі сипаттамасы ретінде қолданылған. Дау-дамайларды шешкен билерді сыйлап, құрмет тұтқан және олардың дәл, бейнелі сипаттамасы ретінде *қара қылды қақ жаратын (жарған)* фразеологизмі таңдап алынған, яғни қандай жымын жасырған өтірік болса да, бұл адам оны көре білген. Мысалы: *Жылағанды күлдірген, Әділдігін білдірген, Әділдікке келгенде, Қара қылды қақ жарған* (Жамбыл).

Ала тайдай бүлдіру. Бұл тіркесті түсіндіретін екі нұсқа бар. Оның бірін Ш.Ш.Уәлиханов былайша түсіндіреді: «Ала тайдай бүлдірді» мәтелі қалмақтардың аңыздарымен түсіндіріледі. Мен Құлжада ойрат тайпасының бір қарт білгірімен әңгімелестім. Ол маған Хо-Ұрлықтың қозғалысы туралы көне жырларды айтып берді. Бұл кезең туралы қырғыздардың аңыз-әңгімелері қаншалықты қайғылы болса, қалмақтардың аңыз-әңгімелері соншалықты мадақтауға, мақтанышқа толы. Бұл жырдан мен жоғарыда келтірілген мәтелді түсіндірудің кілтін таптым. Ноғайлар қалмақтардың шабуылын күн сайын үрейлене күтетін еді, қалмақтар ноғайлардың күшінен қорқып оларға шабуыл жасауға бата алмады. Кенеттен түнде ноғай ұлыстарында ала тай бас жібін үзіп, үйірде ойран салады. Ноғайлар қорыққандарынан туған жерлерін, малдарын тастай қашады, содан кейін барып қалмақтың тайшасы Сары-Манджу шабуыл жасап, ол жерді өзінікі деп жариялайды» (Ш.Уәлиханов, 1985).

Екінші нұсқа табыншылардың байқағандарына қатысты болып келеді: «Ала түсті жылқылар асау, тістегіш, төбелескіш. Сондықтан ала түсті жылқыларды ешкім мақтамайды, олардан төзімді, жегін аты шыға қоймайды». Біздің пікірімізше, тайлардың мінезі екеуінде де бірдей болғандықтан, берілген нұсқалар бір-біріне қарама-қайшы келмейді.

Ала тайдай бүлдіру тіркесімен мінезі жаман, дес бермейтін, өзінің қызбалығын ұстай алмайтын, ұрысуға дайын тұратын адамдардың іс-әрекеті де сипатталады. Мұндай адамдар тез ашуланып, әртүрлі дау-дамай туғызады. Мысалы: *Елді ала тайдай бүлдіріп, сені мұнша не қара басты, көк төбет* (С.Омаров).

Ала тайдай бүлдіру фразеологизмінің пайда болуы туралы жоғарыда аталған нұсқалардан бұл тіркестің негізі Ш.Уәлиханов келтірген этнографиялық дерек болуы керек деген болжау жасаймыз. Ал *ала тайдай бөліну* фразеологизмінің беретін мағынасы басқа. Мысалы: *Күн өтті, ай өтті. Бір уақытта елдің іші ала тайдай бөлініп, адам басы дал болды да қалды*

(Ғ.Мүсірепов). Ертеде ауқатты адамдардың мыңдаған табындары болған, жылқылардың әр тұқымын жеке-жеке табында ұстаған. Өзгелеріне қарағанда ала түсті жылқылар табыны біркелкі түсімен ерекшелене отырып, еріксіз көзге түсетін. Халық ала түсті жылқылардың осындай айырықшылығына назар аударып, оны ойы өзгелерден ерекше болып келетін адамға бейнелі-ассоциативтік тұрпатта ауыстырды. Бейнелі-ассоциативтік ауыстыру бөліну, жекелену тәрізді балама-аялық элементтермен уәжделеді.

2.2 Мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты

Мақал-мәтелдер де этнолингвистикалық арнаның ең құнарлы бұлақтарына жатады. Егер тіліміздегі 40 мыңнан астам мақал-мәтелді фразеологизмдер сияқты жинап, жүйелеп, белгілі бір «тірек» нысандарына қатыстығын айқындап, мазмұнын ашып, этнолингвистика тұрғысынан түсіндіретін болсақ, этностың «тіл әлемі» 40 мың мағыналық бірлікпен толығып, байи түскен болар еді. Әрбір мақал мен мәтелдің бойына этнос болмысына, оның рухани заттық (материалдық) мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сеніміне т.б. қатысты бай информация жинақталғанын ескерсек, олардың этнос болмысын танып-білуге қосар үлесі зор. Фразеологизмдер сияқты, мұнда да күрделі мәселе – мақал-мәтелдердің тілде пайда болу факторлары мен дами келе, Адамға (оның сын-сипатына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, қалып-күйіне т.б. қасиеттеріне) ауысу мотивтерін (уәждерін) тап басып, дәл айқындау, мән-жайын таратып, түсіндіру. Бір-ақ мысал: «*Ұяда нені көрсең, ұшқанда соны ілерсің*» деген мақал «от басында қандай тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге көрсең, өсіп-жеткенде де соны істейсің» деген ауыс мағынада бүгінгі педагогикалық тұжырымдаманың (концепцияның) негізіне айналып отыр. Этнолингвистика болса, міне, осындай құбылыстың мән-жайын түсіндіруге тырысады. Мәселен, осы мақалдың өзін алсақ, ол – о баста қыран құстар өмірін байқаудан туып, саяткерлер лексиконында қолданылған жай тіркес болған. Шынында да, бүркіт өз балапандарын құз-қиядағы ұясында түлеп, қара қанат болып ұшқанға (өз тамағын өзі тапқанға) дейін сол төңіректегі барлық аң-құстардың, мал төлінің етімен (кейде өлексесімен) қоректендіруге тырысқан. Бұл жәйт мақалда «*отбасындағы көрген тәлім-тәрбие, өнеге-үлгі*» мағынасына баланып отыр. Ал бала бүркіттің өсіп, қыран болғанда «иісін алып, дәмін татып, құштарлана жеген аң-құстарды көбірек ілетіні» ауыс мағынасында «баланың өскенде де отбасында көрген үлгі-өнегесін істейтін әдетіне» айналып отыр.

Міне, осы тәрізді мағыналық өзгерістерді біз кез келген мақал-мәтел табиғатынан байқаймыз. Осы сияқты өзгерістердің тілдік тетіктері мен мотивтерін айқындап, оларды «*тірек*» сөздер арқылы тақырыптық топтар жүйесіне енгізу, түсіндіру тағы да сол этнолингвистиканың ең бір күрделі міндетіне жатады [5].

«Тіл арқылы барлық құбылыс, заттар, яғни әлемнің тілдегі көрінісі тілдік единицаларға тән болғанымен, кумулятивтік қызмет, әсіресе

фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерден ерекше байқалады. Оның себебі сол ұлт топырағында тамырланып, нәр алған халық тіліндегі сөздер мен фразеологизмдер ғана ұлт ерекшелігін, менталитетін айқындап бере алады» – дейді профессор Г.Смағұлова [6].

Мақал-мәтелдер кез келген ұлттың, халықтың шежіресі, тарихы болып табылады. Мақал-мәтелдер – халықтың сан ғасырлық көрген-білгенін, бастан кешкен оқиғаларынан қорытқан ақыл-ойының жиынтығы, анықтамасы, табиғатта, өмірде үнемі қайталанып тұратын оқиғалармен, құбылыстармен байланысты туған сөздің тобықтай түйіні. Сонымен бірге оның мазмұнында халықтың әлеуметтік тіршілігі, әдет-ғұрпы, ақыл-ойы, даналығы көрініс табады. Мақал-мәтелдер ой дәлдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді.

Мақал-мәтелдер де этнолингвистикалық арнаның ең құнарлы бұлақтарына жатады. Әрбір мақал-мәтелдің бойына этнос болмысына, оның рухани заттық (материалдық) мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сеніміне т.б. қатысты бай информация жинақталғанын ескерсек, олардың этнос болмысын танып-білуге қосар үлесі зор.

Қазақ тіліндегі астарлы мағыналы мақал-мәтелдердің молдығы сол тілде сөйлеуші ұлттың танымдық деңгейінің тереңдігін көрсетеді. Яғни мақал-мәтелдер халық танымындағы ұғымдармен тікелей байланысты болып, ұлттың менталитетті танытатын тілдік көрсеткіші болып табылады [12].

Мақал-мәтелдердің өзіне тән лексика-семантикалық, грамматикалық ерекшеліктері бар. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер көбіне тура мағынасында, игі қасиеттерді үндеу, уағыз, өсиет сипатында келеді немесе белгілі бір ойды нақтылап, тұжырым жасап, себебін дәлелі мен қорытынды пікірін қатар жинақтап айтады.

Мақал-мәтелдер бұрын да, қазір де көбінесе ауыз әдебиетінің кіші жанры ретінде әдебиетшілер тарапынан, ұлттық философияның танымдық негізі ретінде философтар тарапынан қарастырылса, Ә.Т.Қайдар негізін салған жолмен келе жатқан тілші-ғалымдар әбден тұрақтанған, қолдануға сайланып, жұрт жадында дайын тұратын көркем сөз арсеналының аса бір қуатты да құнарлы, бейнелі де әсерлі тіл құралы, тұрақтанған күрделі мағыналық бірлік ретінде қарастыруда. Мақал-мәтелдер ендігі жерде: фразеологизмдерге кейбір ұқсастығына қарай – фразеология объектісі, құрам-құрылымы тұрғысынан – синтаксис объектісі, мағына, тақырып тұрғысынан – жалпы лексикология объектісі, қолданыс, тілдік норма тұрғысынан – стилистика объектісі болып отыр. Сонымен қатар мақал-мәтелдердің мән-мағынасы мен о бастағы жасалу уәжіне тереңірек үңілуге байланысты оның этнолингвистикалық қыр-сыры да ашыла бастағанын соңғы кезде жарық көріп жатқан еңбектерден көреміз. Ә.Т.Қайдардың бұл саладағы өзіндік түсінік-тұжырымы бойынша, «фразеологиялық тіркестер де, мақал-мәтелдер де – тіл астында тілі бар құбылыс».

Мақал-мәтелдер фразеологизмдерден өзгеше лексика-грамматикалық параллель қатар түзейді, өздеріне тән айырым белгілерге ие. Мақал-мәтелдер

фразеологизмдер сияқты компоненттері тұрақты, орын ауыстыруға болмайды. Фразеологизмдерден мақал-мәтелдердің айырмашылығы эмоционалдық-экспрессивтік немесе әртүрлі мезгілдік не мөлшерлік өлшем бірліктерінің орнына нақтылай белгілі бір тұжырымды ой түйінін білдіреді.

Біз мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипатын анықтау деп – көне дәуірден келе жатқан тұла бойы тарихқа толы мақал-мәтелдердің мағына қалыптасуының уәждерін, шығу тарихын, дереккөздерін, қазіргі тілдегі қолданылуын, яғни ауыспалы мағыналарының қалыптасуын зерттеуді айтамыз. Мағына қалыптасуындағы уәждері дегенді – мақал-мәтелдердің шығуына негіз болған жағдайлар деп түсінеміз. Біртұтас жүйесін, тұлға-тұрпаты мен мән-мағынасын сақтап қалған әрбір мақал-мәтелдің ішкі формасынан, яғни мағынасынан ұлттық діл, мәдени-ұлттық нақыш айқын көрінеді. Тілді халықтың рухани мәдениеті мен тарихына, салт-дәстүріне, ұлттық дүниетанымына байланыстыра зерттеуді мақсат ететін этнолингвистика болғандықтан, мақал-мәтелдер тіл білімінің осы құнарлы саласының зерттеу нысаны бола алатынына көз жеткіземіз.

Этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығы көрінетін мақал-мәтелдер тарихымызды, халқымызды тануда маңызды төл тарихи деректеріміз. Мәселен, *Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме* деген мақалға зер салып қарасақ, жылқының қыр-сырына қанық қазақ халқы мінезін, қасиет-әдетін әбден білмейтін жылқы малының сырт жағынан жақын өтуге болмайтынын, себебі оның мінезі шайпау, өзі асау болып, теуіп жіберіп, бейтаныс адамға зақым келтіруі мүмкін екендігін білген. Қазір бұл мақал адамға қатысты «мінез-құлқын, жақсы-жаман қасиеттерін, ішкі сырын анық білмеген бейтаныс, сыр мінез адаммен бірден араласып, бар сырыңды, істірлігіңді айтып, ашып салуға болмайды, өйткені ол да, асау ат тәрізді, оқыс әрекет, жат қылық (қаскүнемдік, сатқындық, пайдақорлық, екіжүзділік, күншілдік т.б.), жағымсыз мінезін көрсетуі ықтимал, сырын, ішкі жан дүниесін жақсы білмейтін адаммен бірден етене араласып кетуден абай бол» дегенді білдіреді.

Әрбір мақал-мәтелдің бойына этнос болмысына, оның рухани заттық (материалдық) мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сеніміне т.б. қатысты бай информация жинақталғанын ескерсек, олардың этнос болмысын танып-білуге қосар үлесі зор.

Фразеологизмдер сияқты, мұнда да күрделі мәселе – мақал-мәтелдердің тілде пайда болу факторлары мен дами келе, адамға (оның сын-сипатына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, қалып-күйіне т.б. қасиеттеріне) ауысу уәждерін тап басып, дәл айқындау, мән-жайын таратып, түсіндіру. Мысалы, *«Ат айналып қазығын табар, Су айналып жазығын табар»* деген мақал «белгілі себептермен туған жерінен, өскен елінен алыстап, жат жерде өмір кешкен ер-азамат күндердің бір күнінде ата жұртын іздеп табады» деген ауыс мағынада қолданылады. Этнолингвистика осындай құбылыстың мән-жайын түсіндіруге тырысады. Шындығында, жылқы малы жылдың төрт мезгілінде еркін жайылып өссе де, жем жеп, су ішетін, байлаулы (қорада, белдеуде, желіде,

мама ағашта т.б. жерде арқандаулы) тұратын өзінің тұрақты бір мекенін, «байланған қазығын», қандай жағдайға ұшырамасын, тірі болса, әйтеуір бір тауып келуге бейіл жануар. Су да солай, қаншама тау-тасты аралап, ой-шұңқырды толтырып, асып-тасып, лықсып жатқан ағын су ақыр аяғында жер бетінің ең төменгі деңгейін – «өз жазығын» тауып еркін ағуға тиіс. Осы құбылысты ата-бабамыз тап басып тани білгендіктен, осындай сөз орамы туындаса керек.

Әр халықтың мақал-мәтелі – сол халықтың өзі жасап алған логикалық формуласы, ережесі. Ол кез келген оқиғаның, мәселенің тұсында еске түседі, тілге оралады. Сөйтіп, көп ойлауды, ұзақ баяндауды керек ететін қиын нәрсені жеп-жеңіл, оп-оңай, бір-ақ ауыз сөзбен түсіндіреді, ұғындырады.

Мақал-мәтелдердің пайда болып, қалыптасуы үлкен екі түрлі объективті факторға байланысты екенін Ә.Т.Қайдар өз зерттеуінде атап көрсетеді [13, 16]. Оның біреуі және негізгісі – ішкі фактор да, екіншісі – сыртқы фактор. Мақал-мәтелдердің ішкі факторға байланысты пайда болып, қалыптасуын әрбір этностық қауымның халық болып қалыптасуының ұзақ тарихи үдерісіне, рухани өмірі мен мәдени-әлеуметтік жағдаятына, тіршілік-тірлігі мен күн көріс тәсілдеріне, өзіндік дүниетанымы мен болмыстағы құндылықтарды бағалай білуіне байланысты деп білсек, сыртқы факторын сол этникалық қауымның бір табиғи ортада, жағырапиялық аумақта (уақытша не тұрақты) бірге жасап, біте қайнасып кеткен басқа халықтармен араласуының, бір-біріне тигізген рухани-мәдени әсеріне байланысты деп қараған жөн.

Белгілі ғалым М.Әлімбаев мақал-мәтелдерге мынадай анықтама береді: мақал дегеніміз – өмір құбылыстарын жинақтайтын және типтендіретін бір немесе екі бөлімнен құралып, алдыңғысында шарт немесе жалпы пайымдау, соңғысында қорытынды, түйінді пікір айтылады. Мысалы: «кең болсаң, кем болмайсың», «Білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз». Мәтел дегеніміз – халық арасына кең тараған, қорытындысы болмайтын, тұжырымы тиянақталмаған, қарама-қарсы шендестіруі жоқ, ықшам кестелі халық сөз. Мәтелдерде ой-пікір, топшылау мақалдағыдай тікелей кесіп айтылмайды да, образды түрде жанамалай айтылған ишара болады. Мәселен, «апама жездем сай», «қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда».

Жоғарыда атап өткен екі фактордың алғашқысының нәтижесінде қазақ халқының халық болып қалыптасу үдерісіндегі мәдени-әлеуметтік жағдаятына, тіршілік-тірлігі мен күн көріс тәсілдеріне байланысты мақал-мәтелдер пайда болды. Соның негізгілерінің бірі – қазақ халқының жылқы малына байланысты пайда болған мақал-мәтелдер.

XI ғасырда, Қарахан дәуірінде жазылған М.Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» [14] сөздігінде де жылқы туралы біраз мақал-мәтелдер кездеседі. Мысалы:

Қуш қанатын,
Әр атын.

*Құс қанатымен,
Ер атымен.*

Андуз болса, ат өлмәс.

Андыз болса, ат өлмес.

Кіші аласы ічтін,
Иылқы аласы таштын.

*Адам аласы ішінде,
Жылқы аласы сыртында.*

Алб еріг йаурытма,
Ықылач арқасын йағрытма. *Батыр жігітті қорлама,
Сайгүліктің арқасын жауыр қылма.*

Бұл мақал-мәтелдердің беретін мағыналары бүгінгі түркі халықтарының мақал-мәтелдерімен мағыналас болып келеді. Бүгінгі күнде қолданылып жүрген қазақ мақал-мәтелдерінің ішінде М.Қашқаридың сөздігінде берілген мақал-мәтелдермен мағыналастары жиі кездесті. Мұнан сол дәуірден әлдеқайда бұрын басталып, күні бүгінге дейін өзегі үзілмей келе жатқан даналық дәстүрінің үлгісін көруге болады.

Көптеген мақал-мәтелдердің о баста фразеологиялық тіркес түрінде қалыптасып, тағылым, өсиет ұйытқысына айналуы бірден бола қоймайды. Ол үшін болашақ мақал-мәтелдер тұлғалық жағынан ғана емес, мағына-мазмұн жағынан да эволюциялық дамуды басынан кешіруі қажет болған, яғни ол мақал-мәтелдерге қойылатын шартты талаптарға – «тілге жеңіл, айтуға оңтайлы, көңілге қонымды, ақылға сыйымды болу» – сай болуға тиісті.

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу ісінде академик Ә.Қайдардың «Халық даналығы» атты еңбегі өте құнды. Бұл зерттеуде ғалым тіліміздегі қазақ халқының 2 мыңнан астам мақал-мәтелдеріне этнолингвистикалық түсінік береді және мақал-мәтелдердің табиғатына ғылыми талдау жасайды. Төменде бірнеше мақал-мәтелдерге этнолингвистикалық түсінік беріледі.

Жақсы әйел - жігітке біткен бақ, Жақсы жер - құтты қоныс, алтын тақ. Әйелдің төресі саналатын, ақылды да парасатты, сұлу да сымбатты әйел - қазақ ұғымында: ер адамның бағын ашатын, асыл арманына жетелейтін игі жан. Ал мұндай әйелдің жақсы қасиетін құтты мекен, жайлы қоныс жер ананың қасиетіне балау да әйелге деген ең жоғарғы баға болса керек. Жатып жастық, тұрып төсек бола білетін, керегінде ақылшы да қамқоршы, асыл жар, абзал дос бола алатын әйел парасаты, ана болып, ұрпақ жалғастырушы әйел қасиеті - бәрі-бәрі осы бір «Жақсы әйел» деген сипатқа сиып тұрғын аса биік баға болса керек. □

Әкемін деп қайтесің, Тіліңді ұлың алмаса, Адаммын деп қайтесің, Жүреkte жылу қалмаса. Қазақ отбасында әке қожайын, үй иесі деп есептеледі. Әке өнегесі, әсіресе, соңынан ерген ұл баласына аса қажет. Ұрпағын жалғастыратын ұлы тілін алмаса, бетімен кеткен тәрбиесіз біреу болса, әке үшін үлкен намыс, тіпті қайғы. Ал адамның адамдығы басқаларға жасаған жақсылығынан көрінеді, сонымен өлшенеді. Жүрегінде жылу бар адамдар мұндай қасиетке өмір бойы ие болады демекші.

«Күлікте күлкі қыла көрме». *Көктеп мінген еріңнің, Астында көп жүгірер күлік бар,* – деген (Шалкиіз жырау) жолдардағы *күлік* сөзі жылқы мағынасын беріп тұрғанын аңғару қиын емес. *Күлік* сөзінің бұдан басқа «ат сыны, атты санатқа қосу, сынау» мағынасы да бар: қазақтар тері алынған,

бапталған, суытылған жүйріктерін бәйгеге қосар алдында төреші сайыпкерлердің, атсейістердің алдынан шұбатып өткізетін, не күлікке тұрғызып сынататын. Әрине, бәйге аты – сайгүліктер екіден, төрттен емес, біртіндеп сыналатын. Өйткені бәйгеге қосылатын жүйріктің мүшесін, үстіне мінер шабандозын, тұрманын тегіс көріп, бағасын беру керек болған. Одан ұлы бәйгеге болсын, ұлан бәйгеге болсын жарамайтын, тек ат қарасын көбейтетін кейбір шорбуын, қарақсақ, қужауырын, суыту кезде саңсырап қалған жылқыларды алып қалу құқы берілген. «Күлікте күлкі қыла көрме» деген мәтел осыдан шыққан. Сайгүлік сөзі, яғни «күлікке сай» деген сөз. Бұл сөз кейде *күрк* деп айтылады. Мысалы: «*Порымына қарасып алдынан өтті күрктен*» (Қамбар батыр). *Күлік* сөзінің «атты сынау» мағынасымен синонимдес *тәбия* деген сөз кездеседі. Мысалы: Бұқар жыраудың «*Күпшек санды күреңді тәбияға жаратқан*» деп отырғаны осы ат сынау шарасын білдіреді. Бірақ *тәбия* тек ат сынау емес, қыз сынау, жігіт сынау шараларында да қолданылған.

Ант ұрмай, ат жығылмас. Көшпелі елдің салтында «ер қанаты – ат» деп, ат пен ат иесі – ер азаматты тағдырлас деп қарау бар. Тар жол, тайғақ кешуде, қысыл-таяң жағдайда аттың сүрініп жығылуы ат иесінің ниетіне байланысты деп қарайды. Ол ниеті жаман, ант бұзғыш, опасыз болса, оның аты да сүріншек келеді. Демек, аттың жығылуы – ат иесінің уәдесінде тұрмай, сертін бұзуына байланысты «ант ұруынан» деген сенімнен туған мақал. Ант бұзып, уәдесінде тұрмаған адамды, әдетте, антұрған (ант + ұрған) деп атайтын қазақ қауымы анттың тылсым күшіне, антты аттап кеткен адам ерте ме, кеш пе, әйтеуір, бір ат үстінен мұрттай ұшуы, жазатайымда жалпасынан түсіп, жазым болуы ықтимал деп сенген. Алланың ақ өлімі емес, оқыстан, ғайыптан қаза тапқан адамның өлу себебін «ант ұрды ма екен?» деп ойлаудың себебі де осы.

2.3 Жұмбақтардың этнолингвистикалық сипаты

Жұмбақ табиғаты жұртқа мәлім. Ол – жастардың ой-өрісін кеңейтіп, астарлы сөздің сырын түсінуге, тапқырлыққа баулитын, түспалдап, жұмбақтап бейнелеп, бір затты екінші бір затқа балап айту арқылы ой потенциясын кеңейте түсетін танымдық мәні зор құбылыс. Бұл жағынан жұмбақтар эвфемизмдер мен перифраздарға өте ұқсас. Мәселен: «мылтық» деген ұғымды «*белі бүкір, алысқа түкір*» деп, «кұлыпты» – «*бір итім бар үрмейтін, өзімнен басқаны үйге кіргізбейтін*» деп, «түтінді» – «*ұзыннан ұзақ, көкке тұзақ*» деп, «диірменді» – «*қараңғы үйде қабан күркірейді*» деп түсіндіру жұмбақ мақсатының бір жағы болса, оның екінші жағы – оларды дұрыс байыптап, түсіне білу. Жұмбақталған нысанға (яғни сөзге, ұғымға) сәйкес сайланған баламаның мотивін тек ұлттық менталитет, этностық таным негізінде ғана айқындап түсіндіруге болады. Жұмбақты этнолингвистикалық арнада тоғысатын бұлақтардың бірі деп қарауымыздың басты себебі, міне, осы. Мәселен, «*Айдалада қу қазық,*

мергеншіге жол азық» деген жұмбақтың шешімі «қоян» екенін тек қазақы түсінік негізінде ғана табуға болады [5].

Жұмбақтар шығармашылықтың нәтижесінде ғана дүниеге келіп, ұлттық болмыстың барлық саласына қатысты ұлттық дүниетанымның тілдегі бір көрінісі болып келеді.

Жұмбақтардың шығу тарихына зер салсақ, мақал-мәтелдердің шығу тарихы сияқты бірте-бірте өзгерістерге еніп отырған. Халықтың басынан кешірген қилы-қилы құбылыстардың мәнін таңғаларлық дәлдікпен айтып беріп отырған. Сол құбылыстардың мазмұнын өз бойында сақтаған.

Тіліміздегі жұмбақтардың бәрін халық жұмбақтары деп атауға құқымыз бар. Өйткені бұлардың бәрі халықтың рухын, дүниетанымын, салт-дәстүрін, тілдік ерекшеліктерін паш етеді. Сондықтан да олардың «Қазақтың халық жұмбақтары» (С.Аманжолов, Т.Жанұзақ), «Қазақ халқының жұмбақтары» (М.Әбжанов), «Қазақ жұмбақтары» (жинақ 1994) деп жалпылама аталуы да орынды.

Қазақ тіліндегі жұмбақтардың этнолингвистикалық сипатын қарастырған Н.Оңғарбаева [15] оларды, ең алдымен, үш топқа бөліп, ол топтарды өз ретінде бірнеше түрге жіктеп қарастыруға болатынын айтады. Төменде сол топтарды және жалпы қазақ жұмбақтарының табиғаты жайындағы зерттеушінің пікірлерін беріп отырмыз.

1. Қара сөз түріндегі жұмбақтар.
2. Өлең (сөз) түріндегі жұмбақтар (жұмбақ айтыстар).
3. Жеке сөз түріндегі жұмбақтар (кроссворд, ребус, метаграмма, чайнворд, монограмма, шарадалар керекті сөздің соңғы әрпіне қарап табу т.б.).

«Қырық жұма қараңғы үйде ұстаған, алты жұма ауру еткен, жиырма жұма бойы қол-аяғыңды байлап тастаған адамға не істер едің?» – деген сұраққа «қырық жұма құрсағында сақтаған, алты жұма алақанына салып баққан, жиырма жұма бесікке бөлеп баулып өсірген, қолымнан жетелеп жүргізген – ол менің анам. Оның бұл парызын Меккеге үш рет көтеріп апарып әкелсем де өтей алмаспын» – деп жауап беріпті.

Жұмбақ нысаны тосыннан пайда болған, ойлап табылған дүние емес, этностың өз болмысынан алынатыны бар, реальды зат, құбылыс. Сондықтан да тіл байлығын, оның ішкі мазмұнын, көркемсөз өрнегін терең меңгеру, халықтың салт-дәстүрін, танымдық ерекшеліктері мен тапқырлық қасиетін білу – екі жаққа да, жұмбақ құрастырушы мен жұмбақты өзі құрастыратын жұмбағына арқау етіп, ең алдымен, өзі жақсы білетін заттар мен құбылыстарды, өзі жұмбақтап бере алатын олардың басты-басты қасиетін, сыр-сипатын, ерекшеліктерін көрсетуге тырысады. Мәселен, қазақ жұмбақтарының басым көпшілігі көшпелі тіршілікке, әсіресе төрт түлік малға қатысты болып келеді. Оның себебі әрине, малшы қауымның өз салт-дәстүрін, мал жағдайын жақсы білуіне байланысты.

Рухани, мәдени өміріміздің ылғи жаңаланып тұруына байланысты жұмбақтардың бір тобы өзіне жаңа заманнан туындаған жаңа ұғымдарды да

нысан етеді. Бір ғажабы, осының өзінде де жаңа жұмбақтардың баламаларын айқындаушы мотивтердің көпшілігі ұлттық таным, салт-дәстүр, этнос болмысы тұрғысынан сипатталады.

Қазақ жұмбақтарының осы бір ерекшеліктерін жан-жақты әрі терең түсіну үшін жалпы ұлттық менталитетке, этнолингвистиканың керемет заңдылықтарына арқа сүйеу қажет.

Мәселен, татар халқында адам өзін *«өзі менің әкемнің ұлы, бірақ маған туыс емес»* деп жұмбақтайды.

Ал кемпірқосақты *«сыр-сыр, сыры бар, алты торле нуры бар, жете кат кокэ юлы бар»* дейді;

қазақтар: *«көкте түрлі жолақты, өрнек құрған ғаламат»*.

Ұйғыр халқында *күнді «ак сандугум ечилди, ичидин нур чечилди»* деп жұмбақтауы қазақ халқының *«ақ сандығым ашылды, ішінен жібек шашылды»* деген жолдарымен сәйкес келеді. Бұдан басқа да:

қарағай басында қатық ұйыттым (ми);

таппайтын тағат, тығулы сағат (жүрек);

мал төлдеп әр ауыл, пісірді ақ бауыр (уыз);

кішкентай құдығымның суы тәтті (жіліктің майы);

«түтін» баламалары:

- шудасы желпілдеген бура;

- көлбеңдеген көк көйлекті жеңешем;

- айдап салған көк сиыр;

- ұзыннан ұзақ, көкке тұзақ;

- мүйізі көк тіреген көк егіз;

- көкке қарап үрген көк ит.

Кез келген жұмбақтың дүниеге келуіне және қалыптасуына негіз болатын 4 құбылыстың (нысан, балама, мотив, мәтін) бірі – жұмбақ мотивтері. Жұмбақ мотиві дегеніміз жұмбақ нысаны ретінде алынған заттар мен құбылыстарға тән сан алуан қасиеттері мен ерекшеліктерінің ішінен ең бастыларын айқындап, оларға балама сайлауға негіз болатын тілдік фактор. Басқаша айтқанда, ылғи да сөз бен ойдың, мағына мен бейненің өзара логикалық үйлесімділігіне, сәйкестігіне сүйенентін мотивация үдерісі жұмбақ табиғатына тән объект (атау) мен оның баламасы арасында сәйкестікті айқындайтын көпір іспеттес құбылыс. Осы баламалардың, тіпті бір объектінің өзіне бірнеше баламаның шоғырлануы неге байланысты? Деген сұраққа жауапты мотивация факторынан іздеген жөн. Осы орайда есте болатын жайт: жұмбақ жасырушы субъекті мен сол жұмбақты шешуші субъектінің арасында болатын ортақ та астарлы ой, өзара сәйкестік, сайып келгенде, олардың объекті мен баламаның мотивтік сипатты, мағыналық, логикалық, бейнелік негізді дұрыс түсіне білуіне байланысты. Басқаша айтқанда, мотивтік фактор кез келген жұмбақ баламасының сұрыпталып, сайланып, қалыптасуына тілдік негіз, мағыналық (семантикалық) ұйытқы болып саналады.

Сөзжасамына, яғни кез келген сөздің дүниеге келуіне (мәс., қаракұрт, белбау, шашбау т.б.) ұйытқы болып саналатын мотивтік фактор жұмбақ баламаларын сайлауда да ерекше орын алады. Бірақ сөзжасам жүйесіндегі мотивацияға қарағанда жұмбақ жүйесіндегі мотивация әлдеқайда күрделі.

Енді осы пікірімізді бір-екі мысалмен дәлелдеп көрейік. Мәселен, байырғы қазақ жұмбақтарының біразы «қазан» объектіге (атауға) бағышталған:

Қара сиырым қарап тұр,

Қызыл сиырым жалап тұр.

Мұндағы «қара сиырымыз» – қара қазан, «қызыл сиырымыз» – қазан астын тілімен жалап тұрған от. Сонда жұмбақ нысаны «қазан» мен оның баламасы «қара сиырды» жақындастырып, шендестіріп тұрған қандай жақындық, қандай себеп? Осыларды анықтасақ, біз баламаның мотивін де анықтаған болар едік.

Байқап отырсақ, біреуі жанды, біреуі жансыз болса да, бұларды шендестіріп тұрған ұқсас белгі, мотив – «қазан мен қара сиырдың» түр-түсінің қаралығы. Енді дәл осы «қазанды» объекті етіп алған:

«Қарны жуан қампизан,

Қос құлағы қампизан» – деген жұмбақта мотив болып саналатын ұқсастық екеу: біреуі – «малдың қампизан қарны» мен «қазанның дөңгеленген аумағы» да, екіншісі – малдың қалқиған екі құлағы мен қазанның да қалқиған екі құлағы. Бірі жансыз, бірі жанды екі затты шендестіріп, нысанға балама етіп отырған, осы сыртқы ұқсастықтар.

Жұмбақтың дүниеге келуіне қажетті төрт түрлі іргетас – жұмбақ объектісі, жұмбақ баламасы, жұмбақ мотиві және жұмбақ мәтіні – өзара тығыз байланысты, бірі бірінен туындап жатқан құбылыс екендігін түсіндірдік. Бұл нысанға балама, баламаға мотив, ал осы үшеуіне түгел мәтін қажет деген сөз.

Жұмбақ нысаны болып саналатын заттар мен құбылыстардың біз білетін қасиеттері мен белгілерінің жиынтығы негізінде балама сайлауға қажетті мотивтер айқындалады. Жұмбақ нысаны жайында біз қанша көп білсек, мотив арсеналы да сонша бай болып есептеледі. Ал нысан жөніндегі көп мотивтің қайсысына сүйеніп жұмбақ түзу мәселесі болса, ол жұмбақшының еркіндегі іс. Осыған орай Н.Оңғарбаеваның ұсынған төмендегі үлгі-кесте осы бір мәселенің басын ашып, тәжірибе жасаудың тәсілін айқындай түсуге бағышталған.

Бірінші бағанда жұмбақ нысаны туралы мәлімет-дерек, түсініктемелер тізіліп беріледі. Олар, әрине, жалпыхалықтық таным деңгейінде болғаны жөн. Ал кітап, оқулықтардан оқып білген деректерді берудің керегі жоқ, өйткені жұмбақтың барлығы халықтық ұғымға, дүниетанымға негізделеді. Ал екінші бағанға жұмбақ мәтіні түседі.

Күн

Нысан туралы мәліметтер, түсініктер	Жұмбақ мәтіндері
Күн – жер бетіндегі өмірге қажетті энергия, жарық, сәуле, жылылық беретін аспан денелерінің бірі, өмір көзі	Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды.

Күн – халық түсінігі бойынша шығыстан көтеріліп, батыс көкжиегіне барып бататын үлкен сары табақтай дөңгелек шар тәрізді дене	Ертеңгілік үлкен, Кешкілік үлкен, Талма түсте кішкентай
Жер бетіндегі өзгеріп тұратын ыстық, суық, жауын-шашын күннің райына байланысты.	Күндіз бар да түнде жоқ, Онсыз өмір мүлде жоқ.
Күн тұтылғанда жер бетін қараңғылық басады, ол жақсылыққа жорылмайды. Күн құлақтанбайды.	Бар екен бір бейнеткер жалғыз көзді, Қыдырып ол жаһанның бәрін кезді, Адамды әсем бере киіндіріп, Дүниеде бір жалаңаш өзі безді.
Күн кешке көкжиекке қызарып батқанда, ертесіне ауа райы ашық болады.	Жалғанда бір нәрсе бар аяқ-қаптай, Ұшады кешке дейін дамыл таппай.
Күн шуағын шашып, күлімдеп жер бетін шат-шадыманға бөлейді.	Көкжиекті шай табақта Алтын алма тербелер. Кейде бүркер алма жүзін Ұлпа мақта перделер
Күнге қарап уақытты анықтауға болады.	Дүниеде бір қарбыз бар солмайтұғын, Жаз шіріп, қыста үсіп тоңбайтұғын.

Енді осы теңеулерге негіз болған, балама жасауға ұйытқы болған мотивтерге назар аударсақ. Келтірілген күн туралы түсініктердегі жалпы «күн» туралы оның шар сияқты дөңгелек көрінісі, әлемге жарық-сәуле шашатын қасиеті, қимыл-әрекеті т.б. ерекшеліктері туралы түсініктеріміз аталмыш жұмбақтардан өз бейнесін, көрінісін, идеясын тауып, көркем сөздің керемет тәсілдері арқылы суреттеліп отыр.

Жұмбақ жасаудың тілдік, көркемдік тәсілдеріне түр-түс атауларын қолдану да жатады. Жұмбақ түзу шығармашылығында сан алуан түр-түс атауларының атқаратын қызметі ерекше. Өйткені түр-түс атаулары жұмбақ табиғатына қатысты қолданысында тек өзінің лексикалық мағынасында ғана емес, сонымен қатар толып жатқан ауыс, туынды және символикалық мағыналарында да көбірек кездеседі. Сондықтан да түр-түс атауларын қолдануды жұмбақ жасау процесінде метафора, метонимия, бейнелеуіш, теңеу-салыстыру, қайталау т.б. тілдік, көркемдік тәсілдердің қатарына қоюға болады.

*Айдалада ақ шатыр,
Ақ шатырдың ішінде*

*Қызыл көзді шал жатыр (аспан, күн)
Жақпар тастың астында қызыл тонды қыз жатыр (түлкі).
Жаздай інге тығылып,
Жатқан қызыл түлкіні,
Құйрығынан суырып
Әкелді әкем бір күні (сәбіз)
Іші жұмсақ, сырты қатты,
Еті қызыл, сүті тәтті (қарбыз)*

Келтірілген жұмбақтардағы «қызыл» сөзінің мән-мағынасына назар аударсақ, олардың аңғарып тұрған мағыналарын біз өзі қатысты мына тіркестерден айқын көреміз: «қызыл көзді шал», «қызыл тонды қыз» т.б.

Түр-түс атауының жұмбақ құрамында осылайша қолданысында өзіндік ерекшеліктің барлығын аңғармауға болмайды.

Жұмбақ табиғатын дұрыс түсінудегі (жұмбақ жасырушы үшін де, оны шешуші үшін де) ең басты мәселенің бірі – жұмбақ жасаудың мотивтері. Ал бұл өз ретінде екі жақтың бірдей тілдің байлығын, оның терең сырын, ұлттық салт-дәстүр мен дүниетанымын жақсы талап етеді.

2.4 Тұрақты теңеулердің этнолингвистикалық сипаты

Тұрақты теңеулер, әдетте, бір зат пен екінші бір затты (құбылысты) өзара салыстыру, ұқсату, бір-біріне балау, теңеу арқылы оларды анықтау, сипаттау, бағалау, өлшеу, болжалдау т.б. осы сияқты танымдық мақсаттан туындап, тұрақталған (көпшілігі) тіркестер. Тілімізде мыңдап саналатын бұл тіркестер (штампар) тақырыбы (нысаны), мағынасы, құрамы мен құрылымы, уәждік (мотивтік) негізгі және көркемдік ерекшеліктері жағынан сан түрлі. Бұлардың бәрі немен және нені қалай салыстырса да, айналып келіп, адамның іс-әрекетін, сын-сымбатын, қалып-күйін т.б. қасиеттерін сипаттауға бағышталады. Мысалы: *екі бетіне пышақ жанығандай* (арық), *ұрған танадай* (мәңгіру), *иттің құртындай* (құжынаған көп) т.б. [5].

Ұлт пен адамның, ұлт пен қоғамның, табиғаттың арасындағы тікелей байланыс халықтың танымынан, білімдер жүйесінен көрініс табады. Ал тіліміздегі теңеу құбылысы – осы таным нәтижелерінің бірі.

Ойымызды бейнелі, мәнерлі етіп, айқын жеткізуде өзінің бейнелілігін, экспрессивті-эмоционалды бояуымен көзге түсетін теңеулердің маңызы ерекше құнды. Теңеу модельдерінің табиғатын, олардың этнос болмысын, оның көркемдік, бейнелі дүниетанымдық мәні мен тілдегі қызметін терең де жан-жақты қарастыруда антропоэектіліктің маңыздылығы артады. Өйткені мыңдаған теңеу модельдерінің уәжі мен нысаны, сайып келгенде, халықтық дүниетанымға, ұлттық менталитетке және оның құндылығын айқындау принципіне тікелей байланысты. Бұл тіркестердің қай-қайсысын алсаң да, олардың мазмұнында халықтың тарихы, мәдениеті, оның өмір сүру салты, ассоциациялық ой-қиялы жатыр.

Теңеу тіркестерінің тілдік болмысын тану ол сол халықтың тарихымен

тығыз байланысты. Сондай-ақ, оларға негіз болып тұрған тіліміздегі әртүрлі атауларға этнотанымдық сипаттама беру арқылы өткен замандағы қазақ халқының тұрмысынан, әдет-ғұрпынан, салт-санасынан, шаруашылық дәстүрінен мол мағлұматтар алуға болады.

Сонымен қатар, кез келген тұрақты теңеулердің жасалуында белгілі бір қалыптасқан жүйелі логикалық ой болады. Теңеу тіркестері фразеологиялық тіркестермен бір қатарда көркем сөз қорынан ерекше орын алып, ғылыми зерттеу нысаны болуының себебі, біріншіден, олардың сан жағынан көптігі болса, екіншіден, қолданыс аясының кеңдігі, үшіншіден, мазмұн-тақырып жағынан ауқымдылығы және тіл тәжірибесінде жиі қолданылуы болып табылады.

Қазақ тіл білімінде тұрақты теңеулерді тақырыптық топтарға бөліп, мазмұны, мағынасы жағынан жіктеп, күнделікті қолдануда тілдің қай саласында көп, қай саласында аз қолданылатынын, тіпті тарихи-этнолингвистикалық себептерін айқындай түсуге мүмкіндік бар. Осы тұста қазақ тіліндегі -дай, -дей, -тай, -тей тұлғалы теңеу мәнді тілдік бірліктердің этнотанымдық сипатын қарастырған Элмира Өтебаваның [16] зерттеу жұмысын айтып өтуге болады.

Тұңғыш рет қазақ теңеулер сөздігін жасаған Т.Қоңыровтың еңбегінде тақырыптық принциппен қатар әліпбилік принцип те қолданылған. Ғалым тақырыптық принциптің тиімділігі – оқырман қауым қандай аңдардың, қандай құстардың, қандай өсімдіктердің – қанша рет теңеу образы болып қолданылғанын және олардың қандай сапа, қасиет, белгілерінің теңеуге негіз болғанын ешбір қиындықсыз бірден тауып алуға септігін тигізетіндігін айтады. Қазақ тіліндегі теңеулерді тақырыптық-мағыналық жағынан топтастыруда ең алдымен, олардың тілдік қолданыс аясы анықталады. Бұл принципті қолданудың нәтижесінде қазақ тілі теңеулеріне образ болған күллі заттар мен құбылыстар 12-і тақырыптың төңірегіне топтастырылған.

Сан мыңдаған теңеулерді тақырыптық-мағыналық топтарға жіктеудің негізінде ғана халықтың тіл байлығын қала берсе өмірін, қандай кәсіптермен шұғылданғанын, қалай, немен өмір кешкендерін анықтауға және топтастырудың негізінде этностың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін байқауға болады.

Адамның жыныс ерекшелігін бейнелейтін қазақ теңеулері ұлттың тарихын, дүниетанымын, психологиясын, рухани-мәдени өмірін өз бойына сіңірген маңызды лингвомәдени бірліктер болып табылады. Мәселен, қазақ халқында жас ерекшелігі мен тұрмыстық беделіне қарай, *әйел* адамды: *қыз, бойжеткен, бикеш, келіншек, қатын, ана, шеше, апа, бәйбіше, тоқал, әже, кемпір, өгей ана, ене* т.б. десе, *ер* адамды: *жігіт, бойдақ, еркек, аға, әке, ата, шал, қарасақал, ақсақал* т.б. лингвомәдени бірліктермен сипатталады. Кіп-кішкентай, сүйкімді қызды қазақ *бүлдіршіндей қыз* дейді. Бұл теңеу қазақ тіліндегі «бүлдіршін» деген 2 жасқа толар толмас түйенің ұрғашысына ұқсастырылудан туған. *Бүлдіршіндей әдемі қызбен Асқардың таныс болғысы кеп кетті* (С.Мұқанов). Немесе «мінезі жайлы, жұмсақ, сызылып

тұратын, биязы, артық сөзі жоқ, ешқашан дауыс көтермейтін, әдепті әрі сыпайы жігітті» қазақ қыздай (*сызылған*) жігіт деген.

Қазақ тіліндегі теңеулер – үнемі даму үстінде болатын, мағына және тұлға жағынан жетіліп, ширап, сараланып отыратын тұрақты сөз тіркестері. Адам өмірдегі барлық құбылыстың өзегі бола тұрып, өзін-өзі танып-білуге ұмтылады, өз істеріне баға беріп, өзіндік ерекшеліктерін ашуға тырысады. Соның нәтижесінде тілімізде адамға байланысты, адамның дене мүшелеріне, қимыл іс-әрекетіне, мінез-құлқына байланысты сан алуан тұрақты теңеулер ұшырасады. Жалпы адам табиғаты, оның дене мүшелеріне қатысты атаулар көптеген тұрақты теңеу жасауға негіз болды. Мәселен белгісіз нәрсені белгілі нәрселерге салыстыруда анатомиялық атаулар, әсіресе *алақан, көз, ауыз, білек, арқа, өзек, өкпе, иш, жүрек, кеуде* т.б. сияқты соматизмдер жиі қолданылады.

Теңеуге образ болған әрбір соматизмдердің артында әр адамның өзіне ғана тән мінез-құлқы, ақыл-парасаты, бет-пішіні, күш-жігері, батылдық батырлығы, жалтақтығы мен жарамсақтығы, қаталдығы мен өжеттігі т.б. қасиеттері байқалады. Адамның өзіндік болмысын, күрделі табиғатын, қимыл-қозғалысын, психологиялық күй кешуін, физиологиялық қалпын т.б. жай-күйді білдіретін соматикалық теңеулерде этностың дүниетанымындағы ой-санасымен қатысты ұғымдардың жүйеленуінің этнолингвистикалық сипаты көрінеді. Тілдік қорымызда қалыптасқан соматикалық тұрақты теңеулер әуел бастан-ақ адамдардың өзін-өзі тануға ұмтылуынан пайда болған дүниелер деуге болады [16].

Көз соматизмі – ең алдымен көрудің жалпы атауы, ақпарат алудың бірден-бір орталығы. Ал енді осы *көздің* қазақ түсінігінде атқаратын қызметі, ерекшеліктері қандай екеніне назар аударайық: *көзі алақандай болу, көзіне оттай басылу, көзге шыққан сүйелдей, көзі шайдай ашылу, көзінің ағы мен қарасындай, көзі шоқтай жанған* т.б.

Жануарлар, құстар және өсімдіктер әлеміне байланысты қалыптасқан теңеулер, ең алдымен, олардың табиғи ортада таралу, таралмауына, халық тұрмысындағы, шаруашылығындағы рөлінің маңыздылығына тікелей байланысты. Оларға қатысты тұрақты теңеулер – кең таралған, жиі қолданылатын, өздеріне тән құрылымдық және мағыналық ерекшеліктері бар, көркем ойлаудың ұлттық бояуын жинақтаған, дүниетанымның ұлттық ерекшеліктеріне қанық тұрақты сөз тіркестері. Мәселен, *қарға аунаған түлкідей* – «адамның рахат сезімге бөленіп, демалып, қатты қуанышты сәтіндегі іс-қимылы, көңіл-күйі жайраңдаған қалпы». Алғаш қар жауып, сол қарға алғаш аунап-қунаған түлкі құлшырып, түгі түрленіп шыға келеді. Мысалы, *Қарға аунаған түлкідей жайнап тұрған бір қыз* (С.Мұқанов). Немесе *сүйекке таласқан иттей* – «адамның бойынан табылатын ашкөздік пен тойымсыздықты, ерекше бір қомағайлық пен өзгеше бір қанағатсыздықты» меңзейді. Бұл теңеудің уәжі: үй іргесінде тату жатқан иттер иесі алдарына сүйек-саяқты тастаса болды, татулықты («әдепті») ұмытып, бәрі бірдей сүйекке таласа тап беріп, бірінен-бірі тартып алуға тырысады, ырылдасады, таласады, жұлысады. Ал соның негізінде адамға қатысты қалыптасқан теңеу –

адамдар арасында да кейде болып тұратын осындай жағдайларды итке теңеу арқылы сипаттау. Мысалы, *Саудагерлер сүйекке таласқан иттей бірінің қолындағысын бірі тартқылап, бір тиын үшін өлмін сатып, өзеуреп жатыр* (Ө.Нұрпейісов).

Мал шаруашылығында түйенің орны ерекше болғандығын халықтың көркемдік түсінігіндегі сөз бедерінен, бейнесінен де аңғаруға болады. *Нардай балғын, нардай дене, нардай (ұлкен), нар түйедей, семіз нардай теңкею, шөккен нардай теңкею* т.б. тілдік бірліктер бар. Нардың күштілік, өнімділік, жүрдектік қасиеттері үшін ерекше мақтауға, жоғары баламаға көтеріліп, нардай, нар жігіт т.б. теңеулердің шығуына себепкер болды. *Нар, нардай жігіт, нар атандай, қара нардай, нар түйедей* теңеулері ер адамға ғана, яғни дене тұрқы ірі, күшті, қуатты, басқа түскен қиыншылыққа төзімді адамдарға қаратылып айтылады. Сол сияқты *нар мінезді жігітке нарға мінген жарасар; Жүк ауырын нар көтерер, сөз ауырын ер көтерер; Түйе жисаң, нардан жи жүк қалдырмас жолында; Жардағы жантақты, жанынан жүрген нар жейді; Нар жолында жүк қалмас* деген сияқты паремиологиялық жүйедегі, фольклордағы қолданыстар оның күштілігін, мықтылығын анық аңғартады.

Қаңтардағы бура – қаңтардың қақаған аязы мен боранында бірнеше күндеп жайылмай, су ішпей өз-өзінен күркіреп, ақ көбік шашып, желге қарсы қасқайып тұратын нағыз таза қанды айыр бура. Тісін шықырлатып, қайрап, жанынан өткен адамға қорқыныш ұялатады, соның негізінде адамның ашулы, қаһарлы қалпын бейнелеуде қолданылатын *қаңтардағы бурадай тісін қайрау* теңеуі қалыптасқан. Мысалы, *Қылған соң қаһарланып қатты қысым, Бурадай қаңтардағы қайрап тісін* (Рүстем-Дастан).

Халқымыздың ерте кездерден бастап-ақ ерекше қастерлеп, қамқорлық жасап келген табиғи байлықтарының бір тобы – өсімдіктер әлемі. Өсімдік атауларымен келген теңеулер адам табиғаты мен өсімдіктер табиғаты арасындағы тығыз байланыстылықты көрсетіп, адам мінезіндегі күрделі құбылыстарды өсімдік дүниесімен салыстыра бейнелейді. Мәселен, сұлулық феномені *аршыған жауқазындай аппақ, гүл шыбықтай бұралу, жауқазындай жайқалу, қызғалдақтай құлпыру, қырдың қызыл гүліндей жайнау, аршылған жуадай ақ мойын, жас қоғадай майысу, жүзі жанған анардай, қарақаттай жайнау* сияқты теңеулерде айқын көрінеді. Өсімдік әлемі біздің зерттеуімізше көп жағдайда әйел адамның бейнесін сомдауда көп қолданылады. Әйел затына қатысты жан сұлулығы, тән сұлулығы, ішкі сезімі, сыртқы келбеті т.б. көбіне-көп өсімдік әлеміне теңеледі. Әйел сұлулығы өсімдік әлемінің сан алуан құбылыстармен ассоциацияланып, нәтижесінде сұлулық, әдемілік ұғымы нақтыланып, бейнелі теңеу жасалады.

Өсімдік атаулары қайғыға, күйзеліске жас кезінен қиыншылыққа тап болған адамды бейнелейтін теңеулерде де көп қолданылады: *гүлдей солу, қызғалдақтай қуару, күзгі гүлдей қуару, сарғалдақтай үзілу, үзілген қызғалдақтай солу, талдай сыну, сабағынан үзілген алмадай* т.б. Ер адамға қатысты *бәйтерек, терек, томар, емен, қарағай, ағаш* т.б. өсімдік атаулары мықтылықты, қайраттылықты, тұлғалы биік азаматты сипаттауда

қолданылады: *айқасып өскен шор ағаштай, бала қайыңдай сом, бәйтеректей мықты, бәйтеректей тұлғасы, биік біткен теректей, емендей мықты, жас емендей ұл* т.б.

Сонымен, адам кез келген нәрсені сипаттағанда, суреттегенде көбінесе теңеп, ассоциативті түрде салыстыра отырып, өзінің ой-пікірін бейнелі түрде жеткізіп отырған. Үй жануарлары, жабайы аң-құс атаулары және өсімдік атаулары этностың ой-санасында, абстрактылы ұғымдар мен ассоциативті салыстырулар көңіл-күй сезімдерін бейнелі түрде беруде кеңінен қолданылатынын көреміз. Адамның сыртқы келбетін, ішкі жан-дүниесін, мінез-құлқын, іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын, көңіл-күйін т.б. білдіретін теңеулердің уәждік, образдық, фондық негіздері халықтың ақиқат дүние туралы білімдер жүйесінен хабар береді.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының бай рухани мұрасын әлем жұртына кеңінен танытатын мыңдаған теңеулердің уәжі мен нысаны, сайып келгенде, халықтық дүниетанымға, оның құндылығын айқындау принцип-ұстанымына, салт-дәстүр, наным-сенім т.б. ұлттық менталитетіне тікелей байланысты.

2.5 Түркі тілдеріндегі этнолингвистикалық арналар көрінісі

Әрбір халық өзінің әлемдік суретін тілі негізінде қалыптастырады. Осыған байланысты адамның бір-бірін түсінуі қиынға соғады. Әрине, бір-бірінен қатты ерекшеленетін тілдерге қарағанда туыстас тілдерде сөйлейтін халықтар үшін бір-бірін түсінуі анағұрлым жеңілдеу. Түркітілдес халықтар үшін қай кезде де өз ұлтының тілі арқылы түсінісу күні бүгінге дейін ешбір қиындықсыз жүзеге асырылып келеді. Тіпті олардың ортақ фразеологиялық тіркестері де осының айғағы.

Тілдік деректердің сабақтастығы мен ортақтығы түркі тілдерінің синхронды дамуында аңғарылады. Бұл әртүрлі топтар мен аймақтардағы қазіргі түркі тілдерінде бір-біріне өте ұқсас немесе нұсқалас атаулардың көптеп кездесетінін көрсетеді. Атауларда кездесетін фоно-морфо-семантикалық ауытқуларда және құрылымдық түрленулерде олар не бұл халықтардың шығу тегі мен тұрмысының ортақтығын көрсетеді, не олардың әртүрлі тарихи даму кезеңдеріндегі тіларалық кірме сөздердің нәтижесі болып табылады. Бұған кейбір мысалдарды келтіруге болады: қаз. *ат жалын тартып міну*// қырғ. *ат жалын тартып минүү* (сөзбе-сөз жалынан ұстап атқа міну) ержету, шешім қабылдай алатын жігіт болу; қаз. *ат басындай* // өзб. *отнинг калласиндай* – қандай да бір заттың көлемін анықтау кезінде қолданылады; қаз. *жақсы атқа бір қамшы, жаман атқа мың қамшы* // қырғ. *жақшы атқа бир камчы, жаман атқа миң камчы* // өзб. *яхши отга бир қамчи, ямон отга минг қамчи* // ұйғ. *яхши атқа бир қамча, яман атқа миң қамча* // түркім. *яғшы ата бир гамчы, яман ата мұң гамчы*; қаз. *атының сыры иесіне мәлім* // өзб. *аттын сыры ээсине маалым, кыздын сыры төркүнүнө маалым*.

Сонымен қатар әрбір түркі халықтарында қоршаған ортаға өзіндік көзқарасы, дүниетанымы қалыптасқанын да айтып өту керек. Мұндай

ерекшеліктерді халық тілінде сақталған сөз орамдарынан байқауға болады. Соның бір тобы халықтық өлшемге байланысты атауларға этнолингвистикалық тұрғыдан талдау жасап көрсетуге болады.

Қазақ және түрік халқы үшін уақыт аса маңызды болып есептелген. Уақыттың көз ілеспес жылдамдығын, оны босқа өткізіп, өмірді өксітпеуді, алтын мезетті пайдалы іске арнауды уағыздайтын уақытқа қатысты *уақыт – білгенге қазына, білмегенге – быламық. Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық, ерте тұрған еркектің ырысы артық. Vakit nakittir (Уақыт – ақша). Vakitsiz öten horozun başını keserler* (Уақытсыз сайраған қораздың басын кеседі, яғни әр нәрсе өз уақытымен болуы тиіс) мақал-мәтелдері арқылы берген. Уақытты ұтымды пайдаланып, тынбай еңбек етсең, мол қазынаға кенелесің деген ұғым негізінде қалыптасқан.

Түркі халқы көшіп-қонып, көшпенділік дәуірді ұзақ уақыт басынан өткізгендігі белгілі. Олардың жаз жайлауда, күз күзекте, қыс қыстауда бірден-бірге көшіп-қонып жүргенде уақыт мерзіміне қатысты, сол уақыттың тұрмыс-тіршілігіне лайық өз өлшемдері болған. Мәселен, ол замандарда *секунд, минут, сағат, күн, ай, жыл* деген ұғымдардың болмағанымен, олар дене мүшелері арқылы шамамен болжай білген. Мысалы, *секунд* ұғымын былай деп шамалап айтқан: *көзді ашып жұмғанша* түрік тілінде *gözü açır-karayıncaya kadar, қаспен көздің арасында* түрік тілінде *kirpik ile kaş arasında*, т.б. деген дене мүшелерінің қимыл-қозғалысы арқылы *секунд* ұғымын айнытпай дәл білдірген.

Туыстас қазақ және түрік халықтары сол замандарда сағат болмағанымен, сағаттың орнына жүрген көптеген фразеологиялық тіркестерге айналған өлшем бірлігін білдіретін төмендегі атаулар минут пен сағаттың орнына жүрген. Мәселен, қазақ тілінде минутты білдіретін *насыбай атым* (яғни бір рет насыбай атып алғанда өтетін уақытты айтады) деген өлшемнің орнына түрік халқы *bir sigara içim vakit* (бір шылым шегу уақыты) деп қолданған. Ал қазақ халқы шылымның орнына насыбай қолданған, бұның өзі екі халықтың таным-түсінігінің жақын екендігін, туыстас халық екендігін көрсететіні сөзсіз. Түрік тілінде де қазақ тіліндегі *et pişirim* «ет пісірім; ет қайнатым; ет асым; ас пісірім», *süt pişirim* «сүт пісірім», *çay kaunayncaya kadar* «шай қайнатым» деген минут пен сағатты білдіретін өлшем атаулары екі халықта да кездеседі. Түрік халқы құр қызыл шәйді өте жиі әрі қою қылып ішуді дәстүрге айналдырған, бұның тілдеріне сіңгендігі соншалықты бұл туралы түрік тілінде *bir bardak çay içim vakit* қазақшасы «бір кесе шәй ішім уақыт» деген қазақ тілінде кездеспейтін шамамен 5-10 минутты білдіретін өлшемі бар [17].

Уақытты білдіретін өлшемдердің біріне діни тұрғыдан қалыптасқан мезгілді білдіретін бірліктерді жатқызуға болады. Бұл өлшемдер қазақ пен түрік даласына ислам діні кіргеннен кейін, екі халықта мұсылманшылықты қабылдағаннан кейін пайда болды. Соның негізінде екі халықтың тілінде діни тұрғыға байланысты айтылатын, уақытты білдіретін өлшемдер қалыптасты. Ол өлшемдер күні бүгінге дейін діни ұстанымдарда, яғни намаз оқу, ораза тұту

т.б. қатысты қолданылады. Мысалы, күннің еңкейген мезгілін *бесін* деп атаған. Осылайша, *ұлы бесін* (бесін намазын оқитын кез), *кіші бесін* (ұлы бесін мен намаздыгер арасындағы мезгіл), *құлама бесін* (күн еңкейген кез), *екінді* (түс ауып, күн батуға жақындаған мезгіл, бесін мен ақшам арасы), *намаздыгер* (күн еңкейіп, ұясына кіруге таяған кез), *ауыз ашар кез* (күн ұясына кіргеннен кейінгі уақыт), *сәресі* (таңғы уақыт, шамамен сағат 4-5 арасы) т.б. деп күн уақыттарын бөліп қарайды.

Аталған сөз орамдары Ислам дінінің қазақ және түрік даласында таралуымен байланысты екі халық үшін уақыт өлшеміне айналып кеткен. Мәселен, *таң намазы кезінде/sabah namazı vaktinde, бесін/oğle namazı vakti, үлкен (ұлы) бесін/namaz vaktinde, кіші бесін/namaz vaktinde, екінді/ikindi, екінді мен бесіннің арасы/ikindi ve oğle namazı vakt arasında, ақшам/aқşam namaz vakti, ауыз ашар/iftar vakti, құтнан/yatsı, намаздыгер/aқşam namaz vaktinde, намазшам/aқşam namaz vaktinde, сәресі (саһар)/sahura, kalkma vakti* дегендердің бәрі де уақыт өлшемдері болып есептелген.

Мақал-мәтелдердің адам баласының өмірінде қамтымайтын саласы жоқ. Соның бірі – *байлық*. Байлық дегенде ойға ақша, алтын, дәулеттілік т.б. келеді. Міне, осы байлықтың негізгі көздері *ақша, алтын* т.б. байланысты қазақ және түрік мақал-мәтелдеріне этнолингвистикалық тұрғыдан назар аударсақ.

Ақша қатынасы болғанға дейін қазақтар мал шаруашылығымен айналысқандықтан, базарға малын алып барып, киім-кешек, шәй-қантын малға айырбастап отырған. Сондықтан да қазақтың «жылқы құлыннан өседі», «түлік төлден өседі» деген мақалдары бар. Бұлай айтуының себебі, құлын мен төлді жемей байласаң, құлын жылқыға, төл түлікке айналады, сөйтіп олардың саны көбейеді деген мағынада айтылған. Бұл дегеніміз, қазақ халқының күн көріс көзінің мал болғандығын айқындайды. Оларды күн көрісіне қажетті заттарға айырбастап отырған. Қазақтар қыста қыстауға, жазда жайлауға көшіп, көшпелі мал-шаруашылығымен айналысқан. Ал енді қазақ даласына ақша айналымы кіргеннен кейін «жылқы құлыннан өседі», «түлік төлден өседі» деген мақалдары қазіргі таңда жаңашаланып «ақша тиыннан өседі», «дауыл – құйыннан, теңге – тиыннан», «теңге тиыннан құралады», «береке – бір тиыннан», «теңге тиыннан өседі», «теңіз – тамшыдан» деп айтылып жүр. Бұл дегеніміз, ақшаның құнын біл, ептеп жарат деген мағыналарда қолданылған.

Қазақтар «теңге тиыннан өседі» десе, түріктер «ақ ақше кара гүн ічindir» (ақ ақша қара күн үшін) яғни тапқан ақшаны бірден жарату дұрыс емес. Бір күні ақша табуға күш пен мүмкіншілік тумайтын қара күнде келер, сондықтан, ақшаны бетімен жаратпай қара күн үшін де сақтап, ептеп жарату қажет деген ой береді .

Қазақтар «алтынды жерден тапсаң да, санап ал» дейді, яғни «жерде жатқан ақша жоқ, мейлі ақша қандай жолмен кіріске кірсе де оның құны мен есебін біл» деген ұғымда қолданылған. Түрік халқы ақшаны табудың оңай еместігі жайында «ақше аслан ағзında» (ақша арыстанның аузында) деген мақалмен, ақша табу ең күшті жануар арыстанның аузынан алғандай қиын деген терең оймен салыстыра алынған [17].

Халықтың тілі, халық шығармашылығы әр елдің ежелден айналысып келе жатқан кәсібімен, шаруашылығымен, өмір сүру дәстүрімен, айналадағы қоршаған ортаға байланысты дамыған. Екі тілдегі тілдік деректердің ұқсастығы, жақындығы екі тілдің табиғи заңдылығы мен тарихи себептердің байланысын көрсетеді.

Сонымен қатар географиялық кеңістігі мен этникалық ерекшеліктерінде ортақ сипаты мен тегі бір қазақ, қарақалпақ, қырғыз халықтарының киіз үйлеріне қатысты атаулардың және олардан туындаған тілдік бірліктердің этномәдени негізін зерттеген Г.Исаева қазақ, қарақалпақ, қырғыз халықтарының киіз үйлерінде ерекшеліктер болатынын ерекше атайды. Киіз үйді қолданған әрбір ұлттың материалдық мүмкіндіктері мен табиғи-географиялық ерекшеліктері ол баспананың ішкі-сыртқы формасына әсер еткен. Соған сай әдет-ғұрып, наным-сенімдері де сан қилы сипатта болды. Өйткені, еуразия құрлығындағы түркі-моңғол халықтары үшін киіз үй – бүкіл көшпенділер әлемінің тұрмыс-салты мен этикасы, дүниетанымы бір жерге тоғысқан бірегей туынды болғанымен, олардың түрлі географиялық және климаттық жағдайларға бейімделуіне, сондай-ақ салт-саналық және қажеттілік талаптардың алуандығына байланысты киіз үй де аздап ерекшеленеді.

Шаңыраққа алғашқы уықтар шаншылып жатқан кезде айтылатын, халық аузында *«жеті уық шаншылғанша жетесіз ғана сөйлейді»* деген нақыл сөз қалған. Бұл сөздер арқылы киіз үй сүйектерінің құрылуы өте жауапты, әрі күрделі іс екенін түсінеміз.

Ал қарақалпақтарда киіз үйдің сүйектерін әбден бекіту үшін атқарылатын мынадай әдет-ғұрып орын алған. Киіз үйдің қаңқасы құрастырылып болған соң, шаңыраққа ұзын арқан байланып, әткеншек жасалады. Арқанның төменгі жағына жалпақ тақтай қойылып, оның бір шетіне ұл баланы, екінші шетіне қыз баланы тұрғызады. Әткеншек тебілген кезде, оның ауырлығымен уықтар шаңыраққа барынша кірігіп, керегебастарына төселе кетеді. Өзара байланған кереге қанаттары берік бола түседі. Нәтижесінде киіз үйдің барлық қаңқасы жақсы бекітіледі.

Басқұр – туырлықтың кереге басына үйкелмеуі үшін уық пен керегенің түйіскен жерін сыртынан бастырып, бір босағадан екінші босағаға дейін таңатын өрнекті жалпақ құр. Басқұр жасалуына қарай *ақ басқұр*, *ала басқұр*, *қызыл басқұр* болып үш түрге бөлінеді. Бұл үшеуі де киіз үйдің ішіне ерекше сән беріп тұрады. Басқұрлар киіз үйге сәндік сипат берумен қатар, уықтардың арасы қыдырмай, арақашықтығын дұрыс сақтау үшін арнайы оралады. Мұндай құрлармен дұрыс бекітілмеген жағдайда киіз үйдің уықтары қисайып шаңырағы шайқалуы мүмкін. *Басқұр* халқымыздың танымы бойынша,

*«Ала күшік үй айнала жүгіреді,
екі басы ішке кіреді»* деп жұмбақталады.

Керегем, саға айтам, келинім, сен ук (қырғызша) – ененің келініне ақыл-кеңесін тікелей айтпағанмен, ол еститіндей етіп көңіл-назын білдіру. Бұл қазақтың *қызым саған айтам, келінім сен тыңда* мәтелімен мағыналас. *Қызым саған айтам, келінім сен тыңда* мәтелін академик Ә.Қайдардың

түсіндіруінше, «ананың жаңа түскен келінге айтар өсиетін, тағылым-тәрбиесін, ақыл-кеңесін оның өзіне бірден айтпай, бойжеткен өз қызына айтылған ақыл-кеңесінде ол ащы шындықты ашып айтса да, ол онша ренжімейді, ал оны бөтен елдің баласы саналатын келініне айтса, көңіліне ауыр алуы мүмкін. Сондықтан, болашақта қызына да қажет болатын және жаңа түскен келінін де тәрбиелік мәні бар бұл тәсіл – екі жаққа бірдей пайдалы деген жөн» [18, 422].

Екі тілдегі мәтелдердің ішкі мағынасы ұқсас болып келгенімен, берілуінде аздаған айырмашылық бар. Мәтелдің екеуінің де соңғы компоненті мағына жағынан да, берілу жағынан да бірдей болса да, бірінші компонентінде берілу жолы өзгешелеу. Яғни, қазақ тіліндегі бірінші компонентте ой субъектіге (*қызым, саған айтам* деп) арналса, ал қырғыз тілінде объектіге (*керегем, саға айтам* деп) бағыттап айтылады. Қалай дегенмен екі тілдегі мәтелдің тәрбиелік мәні бір.

Бұл екі мәтелдің де ауыспалы мағынасы жалпылық ұғымды білдіреді. Себебі, *қызым саған айтам, келінім сен тыңда // керегем саға айтам, келиним сен ук* деп бір адамға ақыл-кеңес ретінде айтып отырып, екінші адамның да сол мәселеге көңілін бұру мақсатында қолданылады. Қырғыз тіліндегі «уугум саға айтамын, уулум сен ук» деген мәтел ер жігітке арналып айтылса да, *қызым саған айтам, келінім сен тыңда // керегем саға айтам, келиним сен ук* мәтелдерімен мағыналас.

Жетпіс кемпір жер тістеп жатыр || Жетпіс кемпір жер тислеп жатыр || Жетимши кемпір жер тиштейт – деген жұмбақта керегенің аяғы сөз етіледі. Мұндағы *жетпіс кемпір* (қарақалпақ тілінде – *жетпіс кемпір*, қырғыз тілінде – *жетимши кемпір*) дегені керегелердің «жетпіс басы», *жер тістеп жатыр* (қарақалпақша – *жер тислеп жатыр*, қырғызша – *жер тиштейт*) дегенде сол керегелердің аяқ жағы жерге тіреліп тұрғанын айтып тұр. Өйткені халқымыз жеміріліп, тоза бастаған керегенің аяғын – *кемпір тіс* деп атайды. Бұл жерде әңгіме төрт қанатты киіз үй туралы болса керек. Оған себеп, бір қанатта кем дегенде 15-тен 18-ге дейін кереге басы болады. Яғни осы есептегі кереге басылар төрт қанатты үй болғанда 70-ке жетеді. Сонымен, жерге тіреліп тұрған *кемпір тіс* деп аталатын кереге аяқтары да жұмбаққа арқау болады [18].

Географиялық жағынан алшақта орналасқан түрік халқының төрт түлікке, оның ішінде жылқыға деген көзқарастарында біраз ерекшеліктер кездеседі. Түріктер жылқының етін жемейді, сүтін ішпейді. Мұның себебін түрліше түсіндіреді. Қазақтар мен түріктердегі жылқы өсіру мәдениетін зерттеген Али Аббас Шынар «түріктер ислам дінін қабылдағаннан бастап жылқы етін жемейді» деген мәлімет келтіреді. Енді бірде жылқыға деген құрметтің жоғары болғандығы себепті оның етін жемейтіндіктерін айтады. Бірақ ислам дінінде жылқы етін жеуге тыйым салынбағаны бәрімізге аян. Сондықтан зерттеушінің бұл келтірген мәліметі дәлелді емес сияқты.

Түріктерде *atlar tepişir, arada eşekler ezilir* (атлар тепишир, арада ешеклер езилир) деген мақалында үлкендердің әсерінен кішілердің зардап шегуі жайлы мағына бар. Бұл қазақ тілінде «екі түйе жанасса, арасында

шыбын өледі» мақалымен беріледі. Әлдінің әлсізге жасайтын зорлығын бейнелейтін бұл тіркеске «ірілік», «зорлық» семалары негіз болған. *At kafalı* (ат кафалы; сөзбе-сөз аудармасы: *ат басты*) деген тіркес «ақымақ» мағынасын береді. Негізінен түркі халықтарында «ақымақтық» көбінесе қой, есек, шошқа денотаттары арқылы берілген. Халық жылқы жайын сөз еткенде, біріншіден, оның ерге серіктігін, жүйрік қасиетін, дене бітімінің сұлулығын сөз еткен. Ал оны «ақымақ» ретінде көрсету сирек кездеседі.

Қырғыз халқында «*Сиыр сойсоң, уч күн үйүңө жолобо, жылқы сойсоң, жети күн үйүңөн чыкпа*» деген тіркесі бар. Сөзбе-сөз аудармасы: «*сиыр сойсаң, үш күн үйіңе жолама, жылқы сойсаң, жеті күн үйіңнен шықпа*». Бұл жерде қырғыздардың сиыр етінен жылқы етін артық бағалайтындығын білуге болады.

Түркі сөздері өз басынан сан түрлі тарихи кезеңдерді өткізіп келді. Солай болуына қарамастан, олар өзінің негізгі сөздік қорын сақтап қалды. Бұл пікіріміздің дәлелі – ерте кезеңдерден келе жатқан түркі халықтарының ескі жазба мұралары, әртүрлі деректері, түркі ойшылдарының, ақындарының, ғалымдарының, билерінің даналық сөздері болып есептеледі. Мысалы: Махмұд Қашқаридың сөздігінде кездесетін «*кіші аласі ічтін, жілкі аласі таштін*» мақалы қазіргі түркі халықтарының көбінде сақталған. Бұл мақалдағы *жілкі* сөзі «мал» мағынасында қолданылып тұр. Сондықтан да болар қазіргі түркі тілдерінде сақталған нұсқаларында «мал» мағынасындағы сөздер (мал, мол, хайван) қолданылады. Мысалы: қаз. *адам аласы ішінде, мал аласы сыртында* («адам аласы ішінде жылқы аласы сыртында» нұсқасы да кездеседі) // өзб. *одам аласи ичда, мол оласи таида* // түркім. *адам аласы ичинде, хайван аласы дашында* // түрік. *инсан алажасы ичинде, хайван алажасы дишинда*.

Түркі тілдерінде кездесетін жылқы малына қатысты ортақ фразеологиялық тіркестердің (фразеологиялық және мақал-мәтелдік) бәрінде де ұқсас немесе ортақ бейнелі-аялық негізді көреміз.

Ал түркі тілдеріндегі (қазақ, қырғыз, түрік) жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердегі негізгі айырмашылықтары әр халықтың жылқыны тануда қалыптасқан өзіндік дүниетанымына, түліктің осы түріне деген көзқарасына байланысты туындаған деп ойлаймыз. Мысалы: қазақ халқы *адам жылқы мінезді* деп өзін жылқыға ұқсатады. Мұндай таным басқа түркі халықтарында кездеспейді. Ал Анадолы түріктері тамақсаулықты *атын өлүмү арпадан олсун* деген тіркеспен бейнелейді. Бұл түрік халқының жылқыға деген өзіндік танымын көрсетеді.

Жалпы әлем халықтарының мақал-мәтелдеріндегі ортақ ойлау жүйесі «адамның саналы ғұмырынан бергі кезеңде онымен біте қайнасып келе жатқан тілдік түпсаналық (подсознание) қатпарларында алуан түрлі мифтік дүниетаным қазыналары жасырынып жатқандығында болса керек. Себебі адам санасының мифтік-танымдық қатпарларындағы архитептер кез келген ұғымның қалыптасуына қатысып, таным үдерісіне әсер етеді.

Кез келген этностың мәдени өмірі, ондағы ерекшеліктер басқа халықтың тұрмысында нақ сол күйінде қайталанбағанымен, өзіндік ұқсастықтар болатыны заңды.

Көптеген зерттеуші ғалымдардың осы уақытқа дейін айтып келгеніндей, түркі халықтарының ықылым заманнан бері жасап келе жатқан сөз өрнегінде ұқсастық басым. Соның ішінде, әсіресе, ортақ мақал-мәтелдер көптеп кездеседі.

Паремиолог ғалымдар түркі мақал-мәтелдерінің ұқсастығына әртүрлі жауап береді. Біреулері бұл ұқсастықты халықтың этникалық және тілдік туыстығы ретінде түсіндіреді. Екінші топ – шаруашылық, мәдени қарым-қатынас негізінде пайда болған десе, үшіншілері – тарихи тәжірибенің ортақтығымен және қоғамдық дамудың бірдей сатысындағы рухани бірліктің нәтижесі деп ұғындырады.

Академик Ә. Қайдар түркі халықтарына тән ортақ мақал-мәтелдердің де екі түрлі арна бойынша қалыптасқандығын айтады. Оның бір арнасы түркі халықтарының генеологиялық шығу тегі мен тарихына, дүниетаным, сезім, қабілетіне, өмір сүрген ортасы мен тіршілік-кәсібіне, тілінің жақындығына байланысты қалыптасқан ортақ халық даналығы болса, екінші арнасына ғасырлар бойы жіті араласу, өзара етене сіңісу нәтижесінде жүзеге асқан рухани ауыс-түйістер жататындығын және әрбір түркі тілдес халық түркі әлеміне ортақ даналығын да, өзіне ғана тән даналық ұйытқысы мақал-мәтелдерді де өз тілінің ерекшелігіне сәйкес қалыптастырып, баршасын болмаса да, көпшілігін бірдей түсініп, өз тілінде сөйлетіп келетіндігін атап өтеді. Сондықтан да, қазақ айтқан мақал-мәтелді – қырғыз түсініп, қырғыздың айтқанын – өзбек, өзбектің айтқанын – әзірбайжан, әзірбайжанның айтқанын – хакас т.т. жалғасып, бүкіл түркі әлемінде ортақ мұра болып жүргендері қаншама [19, 66].

Мақал-мәтелдер коммуникативті оралымдар болғандықтан, коммуникация үдерісінде белсенді түрде қолданылады. Әр халықтың мақал-мәтелдері – сол ұлттың болмысына сай қалыптасқан төл мәдениетінде сақталған негізгі көздері. Мақал-мәтелдердің ұлттық мәдени ерекшеліктерін білмей, оларды қолданыста дұрыс пайдалану мүмкін емес. Яғни мақал-мәтелдерде ұлттық сипат көрініп тұрады.

Мақал-мәтелдердің түркі тіліндегі ортақтығы мен тілдік сәйкестігі белгілі бір заңдылыққа, тарихи дерекке қатысты. Оған түркі тілдес этностардың көне заманнан бері бірге жасап, көрші тұруы, олардың өмір тіршілігіндегі, рухани мәдениетіндегі дүниетанымы мен пайымдауы, тіл төркіндестігі, тектестігі, бір тілде пайда болған мақал-мәтелдерді тіл заңдылығына ыңғайластыра қабылдауы әсер еткен.

Зерттеуші Б.Дина: «Түркі мақал-мәтелдері бір-біріне ауысқанда, көбінесе сөзбе-сөз ауыспайды, бірақ мағыналық мазмұны жағынан өте ұқсас келеді. Кейде мақал-мәтелдер толық сәкес келіп жатады. Дегенмен абсолютті сәйкестік болмайды, себебі тіл заңдылықтарына сәйкес фонетикалық, лексика-

грамматикалық ерекшеліктер мақал-мәтелдерде айқын көрінеді» [12, 62], – дейді.

Яғни көптеген қазақтың байырғы мақал-мәтелдерінің тарихи негізі түркілік қордан келіп шығып, әр халықтың өзінің жеке тарихи даму барысында ортақ инвариантынан жекелеген варианттары жасалған.

Аймақтық мақал-мәтелдер құрамында әдеби тілде кездеспейтін, тек белгілі бір сөйленісте ғана сақталып қалған түркі халықтарына ортақ мақал-мәтелдер кездесуі мүмкін. Мәселен төмендегі мақал-мәтелдер өзбек, қазақ халықтарына ортақ. Ерекшелігі: сол аймақтағы қазақтар тілінде өзбек тілінің әсері басымдау болып, өзбек сөздерінің ауысып қолданылуында. Назар аударайық:

Өзбек тілінде: *«Кетмоннинг бошини боссанг, сопи бошинга тигади».*

Өзб. қаз. тілінде: «Шапашоттың басын бассаң,
Сабы маңдайыңа тиеді».

Қазақ әдеби тілінде: «Кетпеннің басын бассаң,
Сабы маңдайыңа тиер».

Өзбек тілінде: *«Ит тезаги эмга дори булса,
Даренинг уртасина утиради».*

Өзб. қаз. тілінде: «Иттің боғы дәрі болса,
Дайраға тышады».

Қазақ әдеби тілінде: «Иттің боғы дәрі болса,
Дарияға тышады».

Өзбек тілінде: *«Шамол булмаса, дарахтнинг боши қимирламайды».*

Өзб. қаз. тілінде: «Шамал тұрмаса, дарақтың басы қимылдамайды».

Қазақ әдеби тілінде: «Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды».

Өзбек тілінде: *«Сичқон сизмас унига, галвир боглар думиға».*

Өзб. қаз. тілінде: «Тышқан сыймас ініне, ғалбыр байлар дүміне».

Қазақ әдеби тілінде: «Тышқан ініне кіре алмаса,
Құйрығына қалжуыр байлар».

Өзбек тілінде: *«Гидам сотсанг, қушингга сот – бир чеккасида узинг утирасан».*

Өзб. қаз. тілінде: «Гілем сатсаң, қоңсыңа сат, бір шетінде өзің отырасың».

Қазақ әдеби тілінде: «Кілем сатсаң аулыңа сат,
Бір шетінде өзің де отырасың».

Тілімізге тым ерте еніп, санамызға сіңіп кеткен мақал-мәтелдерді кезінде хат-қағазға түсірмегендіктен, бұл күнде қай халықта бұрын шыққанын анықтау, ажырату оңай емес. Дегенмен әр халықтың өзіне тән шаруашылық кәсібін еске алып, қазірде қазақ мақал-мәтелдері ретінде қолданылып жүрген «Не ексең, соны орасың» («Қар ким экканин оар») т.б. мақал-мәтелдерді

өзбек тілінен ауысқан деуге болады. Өйткені түркі тілдес халықтар ішінде татар мен өзбек ертерек жер жыртып, егін егіп отырықшыланған және қолөнері, жеңіл өнеркәсібі бұрын шығып, айырбас, сауда жұмысымен бұрынырақ шұғылданғаны мәлім. Сондықтан да диқаншылық, бау-бақша, сауда-саттықпен байланысты мақал-мәтелдердің бірсыпырасы әуел баста солардан таралуы ықтимал.

Тарихтың әр кезеңдегі, әр елдің кәсіби, экономикалық ерекшелігі сол халықтың тілінде, оның ішінде мақал-мәтелдерінде де өз таңбасын қалдырады. Себебі мақал-мәтелдердің едәуір бөлігі бір географиялық шеңберде, тек сол халыққа тән болмыс-тіршілікке байланысты туып қалыптасқан [20].

Бірақ мұндай мақал-мәтелдердің барлығын ауысудың нәтижесі деп қарауға болмайды. Оларды тегі, тілі бір халықтардың өз алдына дербес ұлт болып бөлінбей тұрғанда жасалған ортақ мұрасы деуге болады. Демек, ежелгі, байырғы мақал-мәтелдерге «төсекте басы, төскейде малы қосылған» түбі бір түркі халықтарының бөлінбеген еншісі, ортақ қазынасы, ата мұрасы деп қарау керек.

2.6 Этнолингвистикалық талдаудың үлгісі

Қазақ тіліндегі тілдік бірліктер мазмұнындағы этномәдени мәнді түсіну тілді тұтынушының аялық біліміне байланысты. Яғни, белгілі бір сөздің мәдени ақпараттық коды ұлт мәдениетіне байланысты ассоциацияларды ұғынуы арқылы ашылады.

Белгілі бір тілдік таңбада екі түрлі мағына (білім) кодқа салынуы, соған сәйкес екі түрлі код болуы мүмкін. Біріншісі – тілдік код, екіншісі – мәдени код [10]. Тіліміздегі тілдік бірліктердің этномәдени семантикасын ашуда осы екі кодтың мәнін табуымыз қажет.

Мысалы, қазақта ет жеңді, дене тұрқы толық, ақжарқын әйелді көргенде *бес биенің сабасындай* дейді. Яғни қазақта «толық денелі, кең-молдықтың» эталоны – бес биенің сабасы. Бұл жерде екі түрлі семантика бар. Бірі – «толық денелі, кең-мол, ақжарқын әйел адам» деген тілдік семантика, екіншісі «толық денелі кең-молдықтың» эталоны болып табылатын этномәдени семантика ақиқат дүниедегі сабамен ассоциацияланған. Осы этномәдени кодтың мәнін ашсақ, фразеологизмнің де этнолингвистикалық сипаты ашылады. Ол үшін бізде *сабаға* қатысты этномәдени деректер болуы керек.

Байырғы қазақ мәдениетінде қымыз – «көптің асы», «астың асылы» деген түсінік бар. Бие байлаған үй келген адамға, әлеуметтік мәртебесі жоғары не төмен болсын, міндетті түрде қымыз құятын салты болған. *Қымызды кім ішпейді, қызды кім айттырмайды* деген мәтелдің мазмұны осы салтпен байланысты [10].

Қазақ тұрмысында «кең, молдықтың» өлшемі, эталоны ретінде бес биенің сүті сыйып кететіндей (50 литрдей қымыз сияқты ыдыс) сабаның алынуы тұрмыс-тіршілікке байланысты екені белгілі жайт. Алайда осы белгілі жайттың себебі де жоқ емес. Сабаның 12-15 айғырдың терісінен жасалған ең

үлкені *емізiктi саба* деп аталады. Байырғы кезде *емізiктi сабаның* аузын киіз үй уығы арасынан шығарып, ат үстінен пісетін болған. Міне, осы бейне санамызда «кең, молдықтың» өлшемі ретінде *бес биенің сабасындай* фразеологизмінің туындауына әкелді. Осы деректер арқылы бұл фразеологизмнің этнолингвистикалық мәнін ұғуға болады.

Басқа тілдерде адамның тұрпаты мен психологиялық күйіне байланысты осы сияқты эталондық өлшемдер ақиқаттағы басқа бір объектімен ассоциациялануы мүмкін. Міне, әр тіл дүниені оның сапасы, белгілері арқылы, адамды, оның қасиеттерін өзінше көрсетеді.

Қазақ тіліндегі едәуір фразеологизмдердің жасалуына ақиқат дүниедегі стереотипті ситуациялардың бейнесі ұйтқы болған деуімізге болады. *Ат құйрығын кесті, ат кекілін кесті* деген фразеологизмнің идиомалық мағынасы «мүлдем қатынасты үзді, қастасты» дегенді білдіреді. Осы фразеологизмге байырғы қазақ қоғамындағы құн заңымен байланысты стереотип ситуацияның тілдік тұлға санасындағы бейнесі негіз болады. Құн даулаушы (кісісі өлген) жақ пен құныкер (кісі өлтірген) жақ ешбір келісімге, тоқтамға келе алмаған жағдайда екі жақтың арасына ала арқан тасталып, дүйім жұрттың көзінше құн талап етуші иесі өліп, тұл қалған аттың құйрығын, кекілін кесіп, тұлдайтын болған. Мұндай бейвербалды таңба «кек аламын, қанды қанмен жуамын, әзір бол!» деген семантиканы білдірген. Аталмыш фразеологизмнің ішкі формасының ақиқат дүниедегі стереотипті ситуациямен байланысын осындай этнолингвистикалық талдау арқылы табамыз. *Ат құйрығын [кекілін] кесті* фразеологизмін кейбір авторлардың *ат құйрығын үзді* деп қолданылуын профессор Н.Уәли дұрыс емес дейді. Өйткені *ат құйрығын үзді* ақиқат өмірде қайталамасы (аналогы) жоқ.

Тағы бір мысал.

Күшала – иран сөзі; «ыстық жақта өсетін улы дәнді, емдік қасиеті бар өсімдік». Бұл тәрізді жалпылама анықтамадан да «күшаланың» табиғатын толық тану, әрине, мүмкін емес.

Күшала туралы әртүрлі бұлақтардан жинақталған этнолингвистикалық мағлұматтар мыналар: 1) күшала – көп жылдық шөп тектес «бәйшешек» атты гүлді өсімдіктің түйнек тәрізді жұмыр тамыры; 2) тамырындағы улы затқа бола оны халық дәрі ретінде (жабайы аңды, итті уландыру үшін, қымыз бен бозаға қосу үшін т.б.) қолданып келгендігі; 3) күшаланы, әдетте, бәйшешек гүлдегенде оның әрбірінің түбіне шыбық шаншып, қар кетіп, жер қарайғанда қазып алып, дорбаға салып кептіріп пайдалануы т.т. Күшала өкпе қабынуына, түберкулезге қарсы пайдаланады. Күшаланың әсеріне байланысты тілімізде: «күшала жеген иттей», «көп жортқан ит күшалаға жолығар» деген тіркестер (қаңғыбас, бұралқы иттерді жою үшін күшала қосып берген тамақты жеген ит қисалаңдап, сілекейі ағып, басын көтере алмай, ақыры өліп тынады) о баста итке қатысты айтылғанымен, айналып келіп, адамның іс-әрекетімен салыстырылады. Мәселен, кейінгі мақал «ит сияқты көп жортқан адам қаңғырып жүріп, ақыры бір бәлеге ұшырайды» дегенді аңғартады [5].

Мінеки, «күшала» төңірегіндегі бұл әңгімелер қазақ этносының, біріншіден, табиғи танымын танытса, екіншіден, табиғат пен адам арасындағы жіті байланысты көрсетеді. Тілдегі әрбір сөзге қатысты және содан туындаған тұрақты тіркестердің о бастағы қолданыс себептері мен дами келе, адамға ауысу мотивтерін айқындап, түсіндіру этнолингвистикалық талдауларда болуы тиіс.

Этнолингвистикалық талдауда келтірілетін осы тәрізді мағлұмат-ақпараттар этностың өз өмірінен туындап, өзіндік дүниетанымын көрсететін, әбден қалыптасқан тәжірибесінің нәтижесі болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Керімбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном номинативном функциональном аспектах. – Алматы: Санат, 1995.
2. Махмұтова А. Эпиграфиялық мұраларды зерттеу тарихынан. – Алматы, 1971. –107 б.
3. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. –Алматы. 1997.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы, 1966.
5. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998.
6. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 196 б.
7. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы, 1999. – 199 б.
8. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М., 1984. – 397 с.
9. Мокиенко В.М. Славянская фразеология. – М.: Высшая школа, 1980. – 207 с.
10. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: Фил. ғыл. д-ры дис.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 330 б.
11. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М., 2001. – 208 б.
12. Дина Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық прагматикалық аспектісі. Ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 10.02.02. – Алматы, 2002. – 110 б.
13. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Тоғанай Т, 2004. – 560 б.
14. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 192 б.
15. Оңғарбаева Н. Қазақ жұмбақтарының тілі (этнолингвистикалық зерттеу). – Алматы, 1997.
16. Өтебаева Э. Қазақ тіліндегі -дай, -дей, -тай, -тей тұлғалы теңеу мәнді тілдік бірліктердің этнотанымдық сипаты. – Алматы, 2010.

17. Сарбасова Г. Қазақ және түрік тілдеріндегі халықтық өлшем атауларының этнолингвистикалық. – Алматы, 2010.
18. Исаева Г. Киіз үйге қатысты атаулардың этномәдени негізі (қазақ, қарақалпақ, қырғыз тілдерінің материалдары бойынша). Ф.ғ.к.дисс.қолжазбасы. – А., 2008. -147 б.
19. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: Тоғанай Т, 2004. – 560 бет.
20. Үрімova P. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің аймақтық ерекшеліктеріндегі танымдық сипаты. – Алматы, 2009.

Тест сұрақтары

1. Этнолингвистикалық мектептер
А) Америка, Еуропа, Ресей
В) Польша, Ташкент, Прага
С) Алматы, Ташкент, Мәскеу
D) Америка, Англия, Ресей
E) Мәскеу, Қазан, Америка

2. Этнолингвистикалық арналарға нелер жатады?
А) фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, теңеулер
В) сөздер, тұрақты тіркестер, сөйлемдер
С) тілдік тұлғалар мен концептілер
D) денотаттық, коннотаттық мағыналар
E) мақал-мәтелдер, концептілер

3. Этнолингвистика – ...
А) этнос болмысын оның тілі арқылы танып-білуден туындаған лингвистиканың бір саласы
В) сөз байлығын, сөздік қорды зерттейді.
С) тіл мен танымның байланысынан туындаған лингвистиканың бір саласы.
D) тілді өз ішінен зерттейтін лингвистиканың бір саласы.
E) тілдің құрылымдық сипатын қарастыратын лингвистиканың бір саласы.

4. «Тіл әлемінің» өзіндік табиғатын, даму заңдылықтарын толық та жан-жақты зерттеу барысында іштей жіктеліп, дүниеге келген тілдік бағыттар
А) социоллингвистика, психоллингвистика, этнолингвистика
В) құрылымдық лингвистика, функционалды грамматика
С) когнитивті лингвистика, структуралық лингвистика
D) морфонология, интонация, тарихи лингвистика
E) салыстырмалы-тарихи тіл білімі, функционалды грамматика

5. Этнолингвистикада қандай ұғым-түсініктерге ерекше мен береді?
А) этнос, этнос болмысы, этнос тілі
В) концепт, тілдік тұлға
С) тілдік қатынас, тілдік тұлғалар
D) сөз, сөз тіркесі, сөйлем
E) тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер

6. «... жоқ, жерде тіл болмайды, тілсіз ... болмайды».
А) этнос
В) сөз

- C) ғылым
- D) білім
- E) жазу

7. «Этностың» орнына «этнос болмысы», «тілдің» орнына «тіл әлемі» деген термин-ұғымдарды қолдануды ұсынған ғалым

- A) Ә.Қайдар
- B) Г.Смағұлова
- C) Е.Жанпейісов
- D) Ж.Манкеева
- E) М.М.Копыленко

8. Этнолингвистиканың тілді этнос тілі арқылы зерттеудегі мақсаты ...

- A) тіл арқылы этностың болмысын танып білу.
- B) тіл арқылы этностың шығу тарихын зерттеу.
- C) тіл арқылы тілдің құрылымына талдау жасау.
- D) тіл арқылы адамзаттық құндылықтарды тану.
- E) тіл арқылы ұлттың қалыптасуын зерттеу.

9. Этнолингвистикаға қатысы бар қоғамдық-әлеуметтік пәндер

- A) мәдениеттану, этнография, этнология, мифология
- B) археология, тарих, экономика
- C) фонетика, морфонология, фразеология
- D) тарих, философия, математика
- E) география, лексикология, фонема

10. Этнос тілінің тілдік табиғатын айқындауға тікелей қатысты лингвистикалық пәндер.

- A) этимология, диалектология, ономастика
- B) терминология, синтаксис, морфонология
- C) лексикография, функционалды грамматика
- D) фразеология, паремиология, интонация
- E) сөз мәдениеті, қолданбалы лингвистика

11. Этнолингвистиканың қоғамдық пәндермен байланысы ...

- A) зерттеу нысанына байланысты
- B) зерттеу тәсіл-әдістеріне байланысты
- C) байланысы жоқ
- D) ұстанатын принциптеріне қарай
- E) қалыптасу кезеңдеріне байланысты

12. Этнолингвистиканың лингвистикалық топтағы пәндермен байланысы ...

- A) зерттеу тәсіл-әдістеріне байланысты

- В) зерттеу нысанына байланысты
- С) байланысы жоқ
- Д) ұстанатын принциптеріне қарай
- Е) қалыптасу кезеңдеріне байланысты

13. Антропоэзектік бағыттағы тіл білімінің салалары
- А) этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика
 - В) лингвомәдениеттану, функционалды грамматика, фонетика
 - С) когнитивті лингвистика, қолданбалы лингвистика
 - Д) паралингвистика, терминология, лексикология
 - Е) этнолингвистика, функционалды грамматика

14. ... жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым.

- А) Мәдениет
- В) Сөз
- С) Сөйлем
- Д) Этнос
- Е) Таным

15. «Шашылу» мағынасын беретін фразеологизм қай қатарда?

- А) балапан басымен, тұрымтай тұсымен
- В) піскен асқа тік қасық
- С) қойын құрттап, айранын ұрттау
- Д) көңілде көлеңке қалмады
- Е) кәсібі бардың – несібі бар

16. Этнолингвистика мәдени лексиканы ...

- А) этностық таным-талғам тұрғысынан түсіндіруді мақсат етеді.
- В) жалпыадамзаттық таным тұрғысынан түсіндіруді мақсат етеді.
- С) жеке тұлға танымы тұрғысынан түсіндіруді мақсат етеді.
- Д) тілдің құрылымдық жағынан түсіндіруді мақсат етеді.
- Е) атқаратын қызметі жағынан түсіндіруді мақсат етеді.

17. ... жазу-сызу, қолөнер, ән-күй өнері т.б. пайда болуын, қалыптасуын, дамуын, өзіндік ерекшеліктерін талдап, таратып айтуды негізгі міндетім деп санайды.

- А) мәдениеттану
- В) география
- С) археология
- Д) когнитивті лингвистика
- Е) этнолингвистика

18. Этнолингвистика этнос болмысына қатысты ... түгел қамтуға тырысады.

- A) тілдік деректерді
- B) тек тұрақты тіркестерді
- C) тек мақал-мәтелдерді
- D) тек фразеологиялық тіркестерді
- E) терминдерді

19. Этнолингвистика термині ғылым әлемінде ең алғаш кімнің идеясы негізінде туындады?

- A) Б.Уорфтың
- B) Ф.де Соссюрдің
- C) Ә.Қайдардың
- D) Л.Толстойдың
- E) М.М.Копыленконың

20. Б.Уорф пен Э.Сепирдің тіл фактілерін этнос мәдениеті мен жеке тұлға тұрғысынан қарастыратын теориясы ғылымда қандай атпен белгілі?

- A) Сепир – Уорф болжамы
- B) Сепир – Уорф теориясы
- C) номинация теориясы
- D) экстралингвистика
- E) лингвистика

21. Этнолингвистика идеясын әр қырынан және әр деңгейде қарастырған ғалымдар

- A) Ф.де Соссюр, Н.И.Толстой, М.М.Копыленко.
- B) Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев
- C) А.Байтұрсынұлы, І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев
- D) Л.Толстой, М.Копыленко, Ә.Жүнісбек
- E) Ә.Қайдар, О.Нақысбеков, А.А.Шахматов

22. Этнолингвистиканы тек «көне дүниені» зерттеуші ғылым деп танып, оларды байырғы халық тілінен, жергілікті тіл ерекшеліктерінен іздеу идеясын ұсынатын ғалымдар

- A) Н.И.Толстой, В.Н.Топоров, В.В.Иванов
- B) А.А.Потебня, Ф.И.Буслаев, А.Н.Афанасьев
- C) Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, Н.Уәли
- D) Ф.И.Буслаев, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева
- E) Ә.Қайдар, М.Копыленко, Н.И.Толстой

23. Тіл әлемін «Адам», «Табиғат», «Қоғам» деп қай ғалым бөледі?

- A) Ә.Қайдар

- B) М.Копыленко
- C) Н.Уәли
- D) Ж.Манкеева
- E) Н.И.Толстой

24. Ә.Қайдардың этнолингвистикаға байланысты алғашқы мақаласы қай жылы жарық көрді?

- A) 1985 ж
- B) 1950 ж
- C) 1970 ж
- D) 1993 ж
- E) 1991 ж

25. Қазақ этнолингвистикасына тән зерттеу тәсілі

- A) індете зерттеу
- B) сараптай зерттеу
- C) тарихи-салыстырмалы зерттеу
- D) салғастырмалы зерттеу
- E) этимологиялық талдау

26. Сөз, сөз тіркесі, тұрақты тіркестің алғашқы мағынасы қалай аталады?

- A) номинативті
- B) этнолингвистикалық
- C) коннотациялық
- D) лексикалық
- E) грамматикалық

27. Этностық танымнан туындаған мағына қалай аталады?

- A) этнолингвистикалық
- B) номинативті
- C) коннотациялық
- D) лексикалық
- E) грамматикалық

28. Төрт түлік малға қатысты деректерді этнографиялық жағынан қарастырған ғалым-этнограф

- A) Ж.Бабалықов
- B) А.Тоқтабай
- C) Қ.Ғабитханұлы
- D) Қ.Жұбанов
- E) С.Қондыбай

29. Тілді адам болмысымен бірлікте қарастыратын әдіс

- A) антропоэзектік
- B) салыстырмалы
- C) этимологиялық
- D) аймақтық
- E) салғастырмалы

30. Қазақ тіл білімінде антропоэзектілік төңірегінде зерттеулер жүргізіп жүрген ғалымдар

- A) Ә.Қайдар, Н.Уәли, Ж.Манкеева
- B) А.Жұбанов, Т.Сайрамбаев, А.Салқынбай
- C) Е.Жанпейісов, Ә.Рақыш, А.Смақова
- D) , Ә.Жүнісбек, Ө.Айтбаев, Б.Әбілқасымов
- E) М.Малбақұлы, С.Бизақов, З.Базарбаева

31. «Қазақ тіліндегі тұрақты теңеулер сөздігінің» авторы

- A) Т.Қоңыров
- B) М.Малбақов
- C) Н.Уәли
- D) Г.Смағұлова
- E) Б.Сағындықұлы

32. *Күштілікті, мықтылықты* білдіретін тіркес

- A) нар жолында жүк қалмас
- B) ердің құны, нардың пұлы
- C) тары көже таң атқанша
- D) түбектен тары өткізу
- E) шымшықтан қорққан тары екпес

33. *Шеге ат* тіркесінің білдіретін мағынасы

- A) бұрынғы уақытта құда түскенде құдандалы кісінің беретін малы
- B) қалыңмал есебінен тыс, қыз туыстарына берілетін қосымша бір мал
- C) қалыңмалдың сыртында құдаға берілетін қалаулы ат
- D) Өлген кісінің құрметіне арналған азалы ат
- E) Сүйінші сұрағанда берілетін кәде

34. *Жанама ат* тіркесінің білдіретін мағынасы

- A) қалыңмал есебінен тыс, қыз туыстарына берілетін қосымша бір мал
- B) бұрынғы уақытта құда түскенде құдандалы кісінің берген малы
- C) қалыңмалдың сыртында құдаға берілетін қалаулы ат
- D) Өлген кісінің құрметіне арналған азалы ат
- E) Сүйінші сұрағанда берілетін кәде

35. *Тұс ат* тіркесінің білдіретін мағынасы

- A) қалыңмалдың сыртында құдаға берілетін қалаулы ат

- В) қалыңмал есебінен тыс, қыз туыстарына берілетін қосымша бір мал
- С) бұрынғы уақытта құда түскенде құдандалы кісінің берген малы
- Д) Өлген кісінің құрметіне арналған азалы ат
- Е) Сүйінші сұрағанда берілетін кәде

36. *Құлындағы сақау – құнандағы ақау* фразеологизміндегі *сақау* сөзі нені білдіреді?

- А) ауру аты
- В) дене мүшесінің аты
- С) тобығы
- Д) қалып-күйінің аты
- Е) түр-түс

37. «Диуани лұғат-ит түрк» еңбегіндегі төрт түлік мал атауларын зерттеген ғалым

- А) М.Бейсенова
- В) Қ.Ғабитханұлы
- С) Г.Смағұлова
- Д) А.Тымболова
- Е) А.Әмірбекова

38. *Қабырғасымен кеңесу* тіркесінің білдіретін мағынасы

- А) әйелімен ақылдасу
- В) бала-шағасымен кеңесу
- С) сөзге келмеу
- Д) әруаққа бағыштау
- Е) нанымға сену

39. Алла Тағаладан жаңбыр жаууын сұрап, мал сойып, Құран оқыту дәстүрі

- А) тасаттық
- В) қорықтық
- С) бәсіре атау
- Д) аластау
- Е) ұшықтау

40. «Жақсы кісінің ашуы – жібек орамал кепкенше». Бұл мақал неге қатысты айтылады?

- А) адамның мінез-құлығына
- В) салт-дәстүрге
- С) наным-сенімге
- Д) қарым-қатынасқа
- Е) киім-кешекке қатысты

41. *Күшала* қай тілдің сөзі

- A) иран
- B) араб
- C) орыс
- D) грек
- E) моңғол

42. Прецедентті жалқы есімді табыңыз.

- A) Қайда барсаң да Қорқыттың көрі
- B) Панасы бар елдің данасы бар
- C) Абай – қазақтың бас ақыны.
- D) Дананың сөз еліне ақыл
- E) Қаз дауысты Қазыбек би

43. Прецедентті жалқы есімді табыңыз.

- A) Барар жерің Балқан тау
- B) Жаман иттің атын Бөрібасар қояды
- C) Қазақ қартайса түйе бағады
- D) Сүмбіле туса су суыр
- E) Таразы туса таң суыр

44. Прецедентті жалқы есімді табыңыз.

- A) Есім ханның ескі жолы
- B) Керең адамның аузына қарар
- C) Ел қадірін білмеген өгейлікпен өтеді
- D) Ұлың жақсы болса өмірдегі демеуің
- E) Даналық елдің ішінде

45. Прецедентті жалқы есімді табыңыз.

- A) Түркістанның түбін түйе шалады
- B) Міне алмаған көлігін жамандайды
- C) Талабың болса, тау жығасың
- D) Кедей жасқаншақ боп көрінеді
- E) Бармен жарас, жоққа қарас

46. Прецедентті жалқы есімді табыңыз.

- A) Сүлеймен пайғамбар мың жасапты
- B) Бала атадан батпан артық туады
- C) Жаман да болса ұрпақ қалсын
- D) Қарағайға қарап тал өсер
- E) Өтірікші алдымен өзін алдар

47. Мифтік таным негізіндегі ұғым-түсініктер жасай алатын жалқы есімдер

- A) Бәйтерек, Әулиеағаш
- B) Қайрақты, Жетісай
- C) Қызылту, Боранды
- D) Жусансай, Ақкөл
- E) Екпінді, Алға

48. Белгілі бір халықтың (этностың) болмысында ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа ауысып отыратын неше алуан әдет-ғұрып, наным-сенім, ырым-кәде, тәлім-тағылым, рәсім-қағида жиынтығы

- A) салт
- B) дәстүр
- C) ырым
- D) наным
- E) таным

49. Салт пен дәстүрдің айырмашылығы бар ма?

- A) салт пен дәстүр – бір ұғым емес.
- B) салт – заман талабына сай өзгеріп отырады.
- C) дәстүр – заман талабына сай өзгеріп отырады.
- D) салт ешқашан өзгермейді.
- E) айырмашылық жоқ.

50. Халықтың (этностың) болмысында ұзақтан бері қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа ауысып, күнделікті әдетіне, өмір-тіршілік заңына, қағидасына айналған аманат, рухани мұра міндетті түрде орындалуға тиісті қағида, өмір сүрудің өзіндік тәсілдерін, үлгі-өнегесін айқындап, бағдарлап отыратын қоғамдық-әлеуметтік мәні зор құбылыс.

- A) дәстүр
- B) салт
- C) ырым
- D) наным
- E) әдет

51. Көбіне-көп тұтас халықтың, жеке этностың бойынан табылатын, соның өмір-тіршілік тәжірибесі, дүниетанымы арқылы қалыптасқан, жұрттың бойына әбден сіңіп, ойланып-толғанып барып істеуді талап етпейтін үйреншікті қылық, әрекет.

- A) әдет
- B) салт
- C) ырым
- D) наным
- E) дәстүр

52. Жақсы ниетпен жасалатын әртүрлі әдет-ғұрып, дәстүр

- A) ырым
- B) салт
- C) дәстүр
- D) әдет
- E) сенім

53. Қарғыс мәнді фразеологизм

- A) киенкі келгір
- B) қазаның қаңсымасын
- C) берекесін берсін
- D) бағар көбейсін
- E) көзің ашылғыр

54. Қазақ ұғымындағы үш тілсіз жау:

- A) от, су, ұйқы
- B) су, қару, тамақ
- C) нәпсі, су, ұйқы
- D) от, жер сілкініс, тамақ
- E) садақ, ұйқы, қару

55. Уытты, шаншып алатын, сүйектен өтетін тіл

- A) ащы тіл
- B) қызыл тіл
- C) шешен тіл
- D) ана тіл
- E) сөйлеу тіл

56. «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» еңбегінің авторы

- A) Қ.Жұбанов
- B) К.Аханов
- C) Ә.Хасенов
- D) А.Байтұрсынұлы
- E) І.Кеңесбаев

57. Америкалық этнолингвистиканың негізін қалаушылар.

- A) Ф.де Сосюр, В.фон Гумбольдт
- B) Г.Шухардт, Г.Штейнталь
- C) Э.Сепир, Б.Уроф
- D) К.Фосслер, Б.Кроче
- E) Л.Щерба, Е.Поливанов

58. Арғықазақ мифологиясын зерттеген ғалым

- A) Аманхан Әлім
- B) Нұргелді Уәли

- C) Қондыбай Серікбол
- D) Сейсенбай Құдас
- E) Ерджан Әжібек

59 Тіл біліміндегі ғылыми аспектілерді көрсетіңіз.

- A) структурализм, капитализм, салыстырмалы-тарихи
- B) антропоэзектілік, салғастырмалы-тарихи, философиялық
- C) салғастырмалы-тарихи, антропоэзектілік, натурализм
- D) структурализм, антропоэзектілік, салыстырмалы-тарихи
- E) антропоэзектілік, натурализм, дарвинизм

60. Структурализмнің көпшілікке танымал үш мектебі

- A) Прага, Копенгаген және дескриптивтік мектептер
- B) Прага, Ресей және дескриптивтік мектептер
- C) Прага, Америка және Ресей мектептері
- D) Польша, Копенгаген және дескриптивтік мектептер
- E) Қазан, Ташкент, Ресей мектептері

Глоссарий

1. **Антропологиялық лингвистика.** (Грек. anthropos – адам + logia - ілім + фр. linguistique <лат. lingua- тіл>) 1. Жазуы жоқ тілдерді зерттейтін тіл білімінің саласы. 2. Методологиялық негіз ретінде «антропологиялық принципті» (тіл дегеніміз адамның бір бөлігі) қолдайтын және тілдік құбылыстарды «тіл–адам» диадасы бойынша қарастыратын зерттеулердің шартты атауы. Мыс., тілді меңгеруді, оны білуді және пайдалануды қамтамасыз ететін мидың күрделі инфрақұрылымын талдау негізінде тілдік қабілетін зерттеу; тілді сөйлеушілер мен лингвистік интуициясына сүйену; тілдің танымдық функциясын дүниені түсіну формасы ретінде зерттеу; тілдің адам мен қоғамның өзара қарым-қатынасын зерттеу халықтың тілі мен рухани мәдениетінің өзара байланысын, халықтың менталитеті, халық шығармашылығын және басқаларды зерттеу; тілге адамдық сипат беру, соның нәтижесінде тіл – организм, тіл – жүйе, тіл – механизм, тіл – қабілет және т.б. бейнесін жасау; адамды оның тілін үйрену арқылы зерттеу және басқалар.

2. **Ата дәстүрі.** Халықымыздың санасына сіңіп, әбден қалыптасқан, күнделікті әдетіне айналған, ұрпақ үшін мызғымастай болып орныққан дәстүр.

3. **Ата салты.** Әрбір салт дәстүр, наным-сенім, ырым-кәде т.б. танымдық көзқарастардың көпшілігі белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік ортада, этностың, тайпаның, халықтың болмысында қалыптасады. Олардың баршасы оның даму барысында ата-бабадан ұрпағына ауысып келе жатқан көне дүние, рухани мұра болып саналады. «Ата салты» дегеніміз соншама бай салт-дәстүріміздің біздерге жеткен және жалғаса беруге тиісті басы ашық, етене жақын өз мұрамыз.

4. **Әдет-ғұрып.** Әдетке де, ғұрыпқа да айналып үлгірген салт-дәстүрдің жалпылама, жинақтама мағынасын білдіретін қос сөз түріндегі атау. *Әдет-ғұрыптың* жалпылама мағынасын *салт-дәстүр* мағынасынан бөліп алып айрықша көрсету де оңай емес. Өйткені мұндай ұғымдарды білдіретін тіліміздегі (көбісі) тұрақты тіркестердің жасалу мотивінде (уәжінде) неше алуан факторлар (наным-сенім, жол-жорық, дағды-әдет, тиым-шектеу т.б.) қабаттасып, астарласып жата береді.

5. **Гумбольдтишылдық.** Өз бастауын В. фон Гумбольдтың тілдік концепциясынан алған, тілдік жүйе туралы көзқарастар мен оларды зерттеу туралы әдістер. Гумбольдтың пікірінше, тіл ойлаумен, мәдениетпен, рухани өмірмен диалектикалық байланыста өмір сүреді, оны Антиномиялық тұрғыдан ғана түсіндіруге болады, яғни Тіл формасы мен тіл белгісі ұғымдары арқылы түсіндіру. Тіл қоршаған ортаны, дүниені ойға айналдырып, түсіну үшін, адамдар арасында қатынас құралы болу үшін, сөйлеушінің ойлау сезімін, дүниетанымын дамыту үшін қажет. Тіл адамдардың дүние туралы танымын қалыптастырады, дүниені қабылдауды реттейді. Тілге жүйе, әрекет ретінде қарау, тілді рухани байлықтың басқа түрлерімен салыстыру, тілді өздігінен туған организм ретінде түсіндіру және басқа мәселелер көптеген елдердің

лингвистикасына, соның ішінде, Германия (Г.Штейнталь, В.Вундт, Э.Гуссерль), Ресей (А.А.Потебня, Г.Шпет) тіл біліміне де тән болды

6. **Ғұрып.** Салт-дәстүр, салт-сана, рәсім-қағида ұғымдарына жақын сөз. Алайда бұл ұғымдарға қосымша, оның бойында діни, мифологиялық дәстүрге қатысты тұрмыс салтымызда қалыптасқан дағды, әдеттер көбірек байқалатын тәрізді. *Діни ғұрып* деп көбінесе жұрттың табиғат құбылысына, жан-жануарлар дүниесіне, Тәңір мен Алла, Құдайға сыйыну, тағызым-мінажат ету, олардың неше алуан кереметтеріне сену, илану т.б. дәстүрін айтатын сияқты.

7. **Дәстүр.** Белгілі бір халықтың (этностың) болмысында ұзақтан бері қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа ауысып, күнделікті әдетіне, өмір-тіршілік заңына, қағидасына айналған аманат, рухани мұра, міндетті түрде орындалуға тиісті қағида. Бұл орыс тіліндегі «традиция» атауының баламасы. Дәстүр – халықтың ұлттық болмысында ғасырлар бойы қалыптасқан, ескі мен жаңаның үздіксіз алмасып, жаңғырып, жаңаланып, дамуына арқау болатын құбылыс, мәңгілі үдеріс. Дәстүр – үзілмей, ұзаққа созылатын, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ауысып отыратын рухани мұра; өмір сүрудің өзіндік тәсілдерін, үлгі-өнегесін айқындап, бағдарлап отыратын қоғамдық-әлеуметтік мәні зор құбылыс. Даму үстінде дәстүрдің заңды түрдегі өзгеруі, жаңаланып, жақсаруы, замана талабына сай озығы ілгері кетіп, тозығы шығып, шеттеп қалатындары да болады. Қазақтың «Дәстүрдің озығы бар, тозығы да бар» дейтіні осыдан. Алайда қалай болғанда бар дәстүр жалғастығы мен сабақтастығы – ұрпақ жалғастығын, олардың болмыс-бітімінің (менталитетінің) жалғастығын білдіретін өміршең құбылыс.

8. **Жөн-жосық** (сондай-ақ, *жөн-жоба, жөн-жоралғы* т.б.). Этностың (халықтың) әдет-ғұрпында, салт-санасында қалыптасқан сан алуан дәстүрдің ғасырлар сынағынан өтіп, ұлт өмірінде дұрыстығы дәлелденген, адамды дұрыс жолға сілтейтін салттық үлгілерін ұсынатын атау. Жоғарыда аталған *Әдет - әдет емес, жөн – әдет* деген сөз осы жөн-жосықтың – бір айғағы. *Жосық//жосын* – сиректеу болса да, қазақ тілінде «көп іс-әрекеттің ішіндегі дұрысы, әдет-ғұрып, ырым-кәделердің ең ыңғайлысы, қисындысы» (ҚТС, 243) деген мағынада қолданылады. Қырғыз тілінде: *жосуы* – «1. порядок правило; 2. следы, остатки старого» (Юдахин К.К. КРСЛ, т.ө, М., 1965, 263).

9. **Интеграция.** (Лат. *integration* – *қайта қалпына келуі, толығу*) Тілдердің бірігуі, бірігу үдерісінде олардың айырмашылықтарының жойылуы.

10. **Интерлингвистика.** (Лат. *inter* – аралық + фр. *linguistique*) (*interlingua* – халықаралық тілдер атауларының бірінен шыққан) Халықаралық жасанды тілдерді зерттейтін лингвистика саласы. Лингвистикалық қолданысқа интерлингвистика термині 1911 ж. Бельгия ғалымы Ж.Мейсманс, О.Осперсеннің (1931 ж.) еңбегі арқылы енген. Интерлингвистика жасалуы, құрылымы, топтастырылуы, қызмет аясы, таралуы, өзіндік мәртебесі, қарым-қатынасқа көмекші құрал ретінде Табиғи тілдермен өзара байланысы бар.

11. **Интерпретация.** Шындықты семиотикалаудың негізгі тәсілі (сана қызметін таңбалаушы). Тілдік қызметте көрінетін кез келген нысанға түсініктеме беріледі. Таңбаға түсініктеме беру арқылы белгілі бір мағынаны

телу қоршаған ортаны алғашқы семантикалау деп аталады. Интерпретациялық мүмкіндіктер көпәспектiлi құндылықтық-мағыналық кеңiстiк шеңберiнде пайда болады және дамиды, мұнда мәдени сана мен шындық арасында мәдени сананың шындықпен – ақпарат көзiмен – өзара қарым-қатынасының өрiсi қалыптасады.

12. **Кәде.** Көбiнесе *ырым* сөзiмен қосарланып айтылатын онымен мағынасы жақын (о бастағы арабтың *қағида* сөзiнен тұлғасы өзгертiлiп алынған) сөз. Бұл сөз де этнос мүшелерiнiң күнделiктi өмiр-тiршiлiгiнде қалыптасқан, ұлттық салт-дәстүрдi бiлетiн, орындауға тиiстi адамдардың iс-әрекетiне, жүрiс-тұрысына, әдет-дағдысына айналған дәстүрлi құбылыс. Кәденiң қазақ болмысында түрлерi де көп, мазмұн-тақырыбы да әр алуан: *қонақ кәде, күйеу кәде, қыз кәде, ауыл үй кәдесi, ел кәдесi* т.т. *Қалыңсыз қыз болса да, кәдесiз күйеу болмайды деген мақалды алсақ, ол бүкiл құдандалыққа байланысты сан-алуан салт-дәстүрлердiң өзiндiк ерекшелiгi мол өзектi сәттерiне жататын – қалыңдық пен күйеу жiгiт арасында аса бiр қажеттi де сезiмтал, нәзiк «көпiр» болып жүретiн жеңгенiң, жеңгетайлық дәстүрдiң бiр сәтiн аңғартып тұр. Ол белгiлi жағдайларға байланысты, ғашық-машық болып, шарифат заңын аттап барып қосылатын жастар арасында сыршыл жеңгенiң қалыңсыз қыз бен қасiреттi күйеудiң басындағы дәстүрлiк қалыпты аңғартып тұр. Күйеу жiгiт қалың бермесе де, қызға қолын жеткiзу үшiн жеңгесiнiң қалауын табуы керек. Ол көптеген ырым-кәделер. «Қалмады баста бөрiк, белде белбеу – Жеңгесiн қызды ауылдың сыйлай-сыйлай ...» деп айтылатын күйеу «зары» да, мiне, осы *кәде беру, кәдесiн жасау* салтына байланысты.

13. **Контраст.** (Фр. *contraste* – айқын көрiнген қарама-қарсылық, ағыл. – *contrast*) Лексикалық, фонетикалық және грамматикалық единицалардың қарама-қарсы ұғымда қолданылуы және өмiр шындығын контрастық тұрғыдан суреттеп беру үшiн қолданылатын сөйлеу айшығы.

14. **Кулмулятивтiк қызмет.** Тiлдiң ғасырлар бойы дүниеге келiп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретiнде түгел жеткiзiп отыратын қызметi.

15. **Лингвистикалық философия.** (Грек. *philosophia* <*phileo* – жақсы көремiн + *sophia* – даналық). Табиғи тiлдiң сипатталуын жүзеге асыратын философиялық бағыт. ХХ ғ. бiрiншi жартысында пайда болған және ол неопозитивизм философиясымен, ғылым тiлiн логикалық талдаумен байланысты. Негiзiн салушылар – Л.Витгенштейн, өкiлдерi – Ф.Вайсман, Дж. Остин, Э.Анкомб, П.Стросон, П.Гич, Дж.Р.Серл, Л.Линский, З.Вендлер, М.Блэк, П.Грайс т.б. Тiл мен сөйлеу адам қызметiнде мақсатты және мөлшерленген құрамда қарастырылды, сондықтан белгiлi мақсатты орындауға арналған басқа да тiлдердiң болуы ықтимал; сөйлеу қызметiнiң өзi – «тiлдiк ойын» мағынасында, ал мағына «тiлдiк қолданыс» (таңбалау теориясына қарама-қарсы) деп түсiндiрiледi, онда сөздiң мағынасы сөйлеу, сөз орамы мағынасымен айқындалды және прагматикадан бөлiнбедi. Мағына теориясын тiлдiк қолданыс ретiнде П.Грайс «сөйлеушiнiң мағынасы» категориясының көмегiмен дамытты, семантикалық зерттеу шекаралары сөйлеудiң

прагматикалық және динамикалық аспектілерінің есебімен (қарапайым тіл мен мораль тілін талдау материалы негізінде кеңіді).

16. **Мәдени ая** (*фон*). Белгілі бір этностың әлеуметтік өмірі мен белгілі бір тарихи уақиғамен байланысты жайттарды білдіретін, тілдік таңбалардың жүйесі.

17. **Мәдени коннотация**. Сөздің лексикалық мағынасының құрылымына енбейтін, бірақ сол сөздің мағынасымен қабаттаса, жарыса жүретін компонент *мәдени коннотация* деп аталады

18. **Мәдени сема**. Сөздің мағыналық құрылымындағы мәдени ақпаратқа ие элемент, семантикалық бірлік (единица).

19. **Метатіл** (*гр. meta – соңы*). «Екінші қатардағы тіл», бұл тілде адамның табиғи тілі «тіл – объект» ретінде қабылданады, яғни зерттеу объектісі болады. «Метатіл» термині алғашында математика мен логикада пайда болған. Метатілді металингвистика зерттейді. Лингвистикалық метатіл күрделі құбылыс. Оның негізінде бір жағынан терминаралық қатынастар жатса, екінші жағынан – жалпы ғылыми лексика жатады. Метатіл ғалымдар арасында қолданылатын тіл. Мысалы; «мағына» терминімен қатар мынадай сөз тіркестері де қолданылады: «тілдік мағына», «сөз мағынасы», «ауыспалы мағына» және т.б. Тіл біліміндегі ұғымдардың жүйесі метадологиялық бағытқа тәуелді болады. Бір терминнің әртүрлі түсінігі болуы мүмкін. Мысалы, фонема – «сөз бен морфемалардың дыбыстық қабығын айқындай алатын дыбыстық тілдің ең кіші бірлігі» (Мәскеу фонологиялық мектебі); «дифференциалды белгілердің жиынтығы» (Прага фонологиялық мектебі); «Функциялар торындағы қиылысу нүктесі» (глосемантикада) т.б.

20. **Мифология**. Адамзаттың рухани мәдениетінің ең көне формасы. Миф (аңыз, ертегілер) сананың әлі толық жетілмеген біртұтас ең көне формасы. *Мифология гректің mifos – аңыз, ертегі және logos – ілім, білім деген сөздерінен шыққан*. Қоғам дамуының бастапқы сатыларында қоғамдық сананың формасы мифтер барлық халықтарда болды. Мифологияда сыртқы дүние мен адам, ой мен сезім, зат пен идея, объективтік және субъективтік дүниелер арасында айқын шекара болмады. Ол шекаралар кейіннен пайда болды. Мифологияда олардың барлығы тұтасып жатты. Ол дүние жанындағы біртұтас түсінік болып табылды. Белгісіз дүниені түсіндіруге тырысудан оданда белгісіздігі мол дүниені танып білуге ұмтылу, егерде ол дүние танып білуге мүмкіндік бермесе, тәңірге немесе құпия ғаламат күшке сілтеме жасау – Мифтің өзіне тән ерекшелігі.

21. **Мотивация, уәждену**. (Фр. *motif – сылтау, дәйектеме, ағыл. motivation – уәждеме, дәлелдеме*). Тіл арқылы аталған заттың немесе құбылыстың белгілерін бейнелеу актісі. Әдетте мотивация мәні диахрониялық тұрғыдан ашылады.

22. **Мотивема**. (Фр. *motif – сылтау, дәйектеме*). Гомогендік мотивті білдіретін термин, мыс., қазақ тіліндегі ою-өрнектердің атауларына қарай мотивеманы ажыратуға болады. Жан-жануарлардың бір мүшесіне

ұқсастығына қарай – түйемоншак, мүйіз, өркеш, ашатұяқ т.б.; аңға байланысты – бөрікөз, иттабан, түлкібас; құс бейнесіне қарай – құсқанат, қазтабан және т.б.

23. **Мотивология.** (Фр. motif – сылтау, дәйектеме + logia - ілім). Лексикологияның бір саласы, дәлелдемелі (жартылай дәлелдемелі, дәлелдемесіз). Сөздер мен мотивтік қатынастарды қарастырады. Сөздің түрлі аспектілерде мотивтенуі. Өзге тілдік единицалармен мотивациялық қатынастарға (диахронды және синхронды) түсетін лексикалық мотивологияның зерттеу объектісі болып табылады.

24. **Наным-сенім.** Бір-бірімен мағыналас сөздерден – *наным* мен *сенім* – құралған қос сөз түріндегі бұл атаудың тіліміздегі қолданыс аясы өте кең. Бұл сөздің термин ретінде кейінгі кезде, орыс тілінің *поверия* сөзіне балама ретінде қолданудан қалыптасқандығы мәлім. *Наным* да, *сенім* де, яғни *наным-сенім* адам баласының Аллаға, құдіретті Құдайға, Тәңірі мен Жаратқан иенің ғажайып қасиеттері мен табиғаттың небір тылсым құбылыстары мен құпия-сырларына сенуден, нанып, иланудан санамызда туындап қалыптасқан ұғым-түсініктер. Наным-сенімдер ұлт болмысында қалыптасқан көптеген салт-дәстүр, әдет-ғұрып, кәде-ырымдардың о баста пайда болуында мотивтік (уәждік) негіз болғандығы белгілі. Наным-сенімдер реальді (шындық) өміртіршіліктен ғасырлар бойы жинақталған тәжірибе (опыт) негізінде пайда болып, дәстүр-салтқа айналған өмір, табиғат құбылыстары. Наным-сенім тақырыбына қатысты салт-дәстүрлер адам баласының барлық іс-әрекеті игі, оңды, нәтижелі бола бермейтін, оның теріске, сәтсіздікке бастайтын түрінің де болатынын аңғартып, ескертіп отыруға бағышталған. Жинақталған мол тәжірибе негізінде адам өмірі мен табиғатта болатын құбылыстардың болашағын алдын ала болжау, білу, жобалау, долбарлау, көріпкел-көрегендік сыр таныту сияқты құбылыстардың барлығы, мазмұны мен тақырыбы басқа-басқа бола тұрса да, сайып келгенде этнос болмысында қалыптасқан наным-сенімге, адамның таным-талғамдық сезім-қасиетіне байланысты. Мәселен, қазақ болмысында кең тараған: *оң қабағың тартса - қуанасың, сол қабағың тартса - ренжисің, ит аспанға қарап ұлыса - иесінің шаңырағына қауіп-қатер туады, Құмырсқа күн батпай илеуіне асыға кіре бастаса - ауа райы бұзылады, Нажағай жарқылдағанда - сыртта жатқан темір-терсектің бетін жауып қой - нажағай (жай) отын тартады, От жаққан орынды аяғыңмен баспа, таптама - оттың киесіне ұшырайсың* т.б. көптеген осы сияқты салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-кәде, тиым-шектеулер наным-сенім, танымдық уәжінен туындағаны мәлім. Сондықтан да салт-дәстүрдің наным-сенім түріне жататын үлгілері тақырып, мазмұн жағынан әр қилы топтардың құрамында жүруі мүмкін.

25. **Неогумбольдшылдық.** (гр. neos – жаңа). Еуропалық лингвистика дәстүріне берілген шартты атау. Ол Л.Вайсгербер И.Трир, Х.Глинц, П.Хартман және басқалардың есімдерімен тығыз байланысты (XIX ғ. 20 жж.) кейде Америка этнолингвистикасын, лингвистикалық қатыстылық теориясын (Сепир-Уорф гипотезасын) неогумбольдшылдық тілді ойлаумен, таныммен, мәдениетпен тығыз байланысты зерттеу, тілдің семантикалық жағына және

қоршаған әлемді бейнелеу ерекшелігіне көңіл бөлу тән. Н.И.Кант рухындағы субъективтік идеялистік таным теориясы бола отырып, В.фон Гумбольдт және Э.Кассирер идеяларымен қанаттанды, толықты. Әлем бейнесі адам санасында тілдің көмегі арқылы жасалады. Сондықтан: а) тіл адамның ойлауын, танымын, мәдениетін, дүниетанымын анықтайды; б) әртүрлі тілдер адамдарға қатысты түрлі әлем бейнелерін жасайды; в) тіл адамның танымдық мүмкіншіліктерін шектейді; г) тілдердің ерекшеленуі әртүрлі логика мен ойлау типтерін анықтайды.

26. Номинация. (Лат. nomination – атауы, аталуы) 1. Шындықтың белгілі бір фрагментін атауға және белгілеуге қабілетті тілдік единицалардың құралу үдерісі; 2. Осы үдерістің нәтижесі (есімдерді білдіретін сөздер, фразеологизмдер, сөйлемдер); 3. Атау актілерінің үдерісімен және нәтижесімен байланысты проблемалардың жиынтығы. Негізі номинация (этимологиялық талдау нәтижесінде айқындалатын оның туындау сипаты, мыс., ат, нан, ана және номинация туынды (сол тілде сөйлеушінің ассоциативті ойлауы арқылы берілетін оның туындаушы сипаты) түрлері кездеседі. Туынды номинация тілдерде троп (метафора, метонимия және т.б.), аффиксация және синтаксистік конструкциялар арқылы жүзеге асырылады.

27. Номинация теориясы. Номинативті единицалардың пайда болуының жалпы заңдылықтарының сипаттамасы бұл үдерістегі тілдің, ойлаудың және шындықтың өзара іс-әрекетін зерттеу, номинативті единицалардың пайда болуында прагматикалық факторлардың рөлін айқындау, тілдік номинация техникасын зерттеу және т.б.

28. Парадигма. (*Gr.paradeigma – үлгі, мысал*). 1) Кең мағынада бір – бірінен ерекшеленіп келетін, сонымен бірге бәріне ортақ белгілері арқылы біріккен кез-келген тілдік бірліктер тобы. 2) Осындай топтар мен жиынтықтардың жасалу моделі (үлгісі) мен схемасы. 3) Неғұрлым түр мағынада – морфологиялық Парадигма терминінің синонимі. Тіл бірліктері тобының жүйесіне қарай парадигма – морфологиялық, парадигма – лексикалық, парадигма – синтаксистік, парадигма – сөзжасамдық болып жіктеледі. Бұлардың ішінде жиі қолданылатыны – морфологиялық парадигма. Онда сөздің грамматикалық мағынасы мен әртүрлі қосымша жалғану арқылы тұлғасының түрленуі арасындағы сәйкестіктен жасалған модельдер, схемалар қарастырылады. Мысалы, зат есімнің көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғауларының, етістіктің есімше, көсемше, рай, шақ, жақ тұлғаларының морфологиялық парадигмада сөз түрлендірудің барлық жүйесі де, сондай-ақ бір ғана тұлғаның түрлену жүйесі жеке қарастырылуы мүмкін. Морфологиялық парадигма – синтаксистік парадигманың жасалуына негіз болады.

29. Прецедент. Бұл белгілі бір мәдени-тілдік қоғамдастық мүшелерінің лингвокогнитивтік қызметінде бұрын орын алған және одан кейінгі ұқсас фактілерге үлгі ретінде қызмет ететін дискурсивтік факт. Этникалық прецеденттердің құрамына ұқсас фактілерді туындату үшін үлгі ретінде қызмет ететін эталондық фактілер кіреді. Дискурста олар тұрақты мағынасы

бар екіншілік таңбалармен берілген. Прецеденттік мәтін тілдік таңбалардың сызықтық кезектілігін білдіретін сөйлеу-ойлау қызметінің нәтижесі ретінде қарастырылады, олардың мағыналарының жиынтығы ондағы бар мағынаға тең болмайды. Мұндай мәтін өзінің прецеденттілігімен лингвомәдени қоғамдастықтың барлық мүшелеріне белгілі; оның мағыналық қабылдануының инвентарлық құрылымы дискурсивтік сананың когнитивтік базасына кіреді.

30. Прецеденттік айтылым. Предикаттық сипаттағы күрделі таңба-идиомамен вербалданатын сөйлеу-ойлау қызметінің репродукцияланатын нәтижесі, оның мағынасы компоненттерінің мағынасының жиынтығымен сәйкес болмайды. Прецеденттік айтылымдар халық санасының когнитивтік базасына тікелей кірмейтін ұғым-түсініктерді көрсетеді, сондықтан да барлық тіл сөйлермендерінің сөйлем түзілістерінде белсенді түрде пайдаланылады.

31. Салт. Белгілі бір халықтың (этностың) болмысында ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа ауысып отыратын неше алуан әдет-ғұрып, наным-сенім, ырым-кәде, тәлім-тағылым, рәсім-қағида жиынтығы (орыс тіліндегі «обычай» сөзіне сәйкестеу). Салттың *дәстүрден* (қар.) бір ерекшелігі замана талабына сай аз да болса өзгеріп, жаңғырып, жаңаланып отыруында.

32. Сана. Адам табиғатына тән әртүрлі деңгейде дамып отыратын өте күрделі психико-физиологиялық, моральдық-этикалық, тарихи-әлеуметтік құбылыс. Ол соған байланысты жеке басқа тән сана, адамилық (инсандық) сана, ұлттық сана, тарихи сана т.б. болып танылады. Қалай болғанда да «сананың» салт-дәстүрге тікелей қатысы бар. Ол адамның рухани болмысында қабылдайтын салт-дәстүрге жататын ұғымдардың барлығын механикалық түрде емес, ой-парасат безбеніне салып, өлшеп-пішіп, өмір-тіршілікке қажеттілерін таңдап алуда айрықша (аналитикалық) қызмет атқарады. *Сана* сөзінің *салт* сөзімен қосақтала айтылуы халықтың барша әдет-ғұрпын, наным-сенім, ырым-кәде т.б. рухани байлығын саналы түрде қабылдауды білдіреді.

33. Сепир-Уорф гипотезасы. Лингвистикалық салыстырмалы болжам теориясы. Бұл теория бойынша, тіл ойлауға және дүниені қабылдауға ықпал етеді («...Біздің қоғамдағы тілдік нормалар интерпретацияларды белгілі бір тәртіппен таңдауға бейім болғандықтан, біз басқаша емес, дәл осылай көреміз, естиміз, қабылдаймыз» Э.Сепир. Гипотеза авторлары – американ ғалымдары Э.Сепир мен Б.Л.Уорф көп жағдайда өз болжамдарын В.фон Гумбольдт көзқарасымен және американдық Этнолингвистика идеяларымен сабақтастырады. Гипотезаға дәлел ретінде қолданылған дәйектер: тілдер болмысты әрқалай талдайды (заттар, кеңістік, уақыт т.б.) және оны әр тілге тән, ерекше ұғымдармен береді; тіл адам мінез-құлқын реттейді; тілдердің айырмашылықтары болмыс туралы көзқарастардың өзгешеліктерін, логиканы, тіпті, ойлау нәтижелерін анықтайды және т.б.

34. Структуралық лингвистика (*құрылымдық тіл білімі*). Тілді құрылымдық элементтерден тұратын таңбалық жүйе ретінде қарастыратын ілім. Структуралық лингвистика деп аталуы тілдік элементтері өзара қарым-қатынаста болатын тіл құрылымына ерекше көңіл бөлуден шыққан. Структуралық лингвистикада тілдің сипатталуы қатаң формалдылыққа

негізделген. Тілдің құрылымын талдау нақты мәтіндегі сөйлем, морфема, фонема желісінің жинақталған инварианттарын ажыратуға мүмкіндік береді. Осылайша тіл бірліктерінің сөйлеу кезінде түрлену шегі, яғни олардың синонимдік құбылыстары анықталады. Структуралық лингвистика ХХ ғасырдың 20-30 жылдары ерекше бағыт ретінде қалыптасты, ол тіл элементтерінің тарихына зор мән беріп, кез келген тілдің құрылымын латын және Еуропа тілдерінің грамматикалық ұғымдары арқылы сипаттауға тырысқан, ХІХ ғасыр соңында үстемдік еткен жас грамматиктер бағытынан өзгеше болды. Структуралық лингвистиканың негізгі бағыттары: 1) Прага мектебі; 2) американдық структурализм мектебі; (дескриптивті лингвистика), 3) Копенгаген мектебі; 4) Лондон мектебі арқылы дамыды.

35. Ырым. «Қазақ тілінің сөздігінде» (ҚТС, 762) «жақсы ниетпен жасалатын әртүрлі әдет-ғұрып, ескі дәстүр» деп түсіндіріліпті. Бұл сөздің мағынасын этнолингвистикалық тұрғыдан тереңірек қарастырсақ, этнос болмысында, салт-дәстүрінде қалыптасқан, алайда өмір-тіршілігіміздің әр түрлі сәтінде, қажеттілігіне сәйкес қолданыс тауып, орындалып отыруға тиісті әдет-дағдылардың бір көрінісі. *Ырымын жасау, ырымдау* – қалыптасқан әдет-ғұрып, ата салтын бұлжытпай орындау. Қалай болғанда да, ырымның бір қауымдағы адамдардың тіршілігін игілікті әдетке бағыттауда, ұлттың өзіндік салт-дәстүрі бар екенін және оның күнделікті өмірде міндетті түрде орындалуға тиісті екендігін елестетіп, ескертіп отыратын қызметі бар. Кейде *ырымын жасау* әдеті ұлттың үлкен де күрделі салт-дәстүрін түгел сақтап, бастан-аяқ орындау мүмкіндігі болмаған жағдайда, оның кейбір жол-жобасын (имитациясын), бөлшек-бөлігін орындауды ғана талап ететін сәттері де болады. Мәселен, үйге кірген адамның *тізе бұғуі, нан-тұз ауыз тиюі* т.т.

36. Ырым-кәде. Жоғарыда аталған *ырым* мен *кәде* сөздері аңғартатын ұғым-түсініктердің жинақталған жалпылама мәнін білдіретін қос сөз. Қазақ тілінде ырым-кәделердің түрі де көп, тақырыптық топтары мен қолданыс аясы да кең.

37. Этнографизмдер. Халықтың рухани мәдениет ұғымдары мен заттарының атаулары. Этнографизмдер көркем әдебиет тілінде стилдендіру, кейіпкердің сөйлеу мінездемесін беру, жергілікті ерекшеліктерді көрсету құралдары ретінде қолданылады.

38. Этнонимдер. (Грек. Ethnos, тайпа, халық + onuma – есім, атау). Автоэтнонимдер және аллоэтнонимдер болып бөлінеді, яғни этностардың өздерін-өздері атауы және оларды басқалардың атауы.

39. Этнонимика. Лексикология мен ономазиологиядағы алуан түрлі этникалық қауымдастықтардың (рулардың, тайпалардың, ұлыстардың, халықтардың, ұлттардың) атауларын зерттейтін сала.

40. Этнос (*халық, тайпа, жұрт, ұлт*). Жалпыға ортақ, сыртқы кескін-кейпі ғана емес, едәуір тұрақтанған ерекше мәдениеті (тілін қоса) мінез-құлқы бар, сол сияқты өзінің бірыңғай екенін және басқа этникалық топтардан бөлектігін түсінетін сана-сезімі бар, оның бұл қасиеті өз атымен (этноним) бекітілген адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты бір тұтастығы. Сондай-ақ

территориясы да бірыңғай болуы тиіс. Этнос ұғымы – халықтың этникалық табиғаты туралы сөз болғанда қолданылады, мысалы, орыс этносы, қазақ этносы, неміс этносы, ұйғыр этносы, корей этносы, т.б. Халық пен этнос бір мәнде де айтылады, сонымен бірге контекстке байланысты бірде халық, бірде этнос мәнісінде қолданылады. Этнос – халықтың этникалық сипаттамасы. Халық – этностың субстанциясы.

КУРС БОЙЫНША СӨЖ ТАПСЫРМАЛАРЫ

СӨЖ тақырыбы	Жүргізу түрі
Қазақ тіл біліміндегі этнолингвист ғалымдар	реферат
«Этнос жоқ жер тіл болмайды, тіл жоқ жерде этнос болмайды»	ойтолғау жазу
«Этнос» терминін қалай түсінесіз?	Сөздіктерден, түрлі энциклопедиялардан анықтамаларды теріп жазу, талдау
Этнолингвистика ғылымының қалыптасу, даму тарихы	реферат
Этнография мен антропология қандай ғылым салалары?	конспект
«Мәдениет» сөзінің әр саладағы мағыналары туралы не білесіз?	Сөздіктерден, түрлі энциклопедиялардан анықтамаларды теріп жазу, талдау
Этнолингвистикалық мектептер	реферат
Қазақ және түрік ұлттарындағы адамның сыртқы тұлғасын суреттейтін тілдік бірліктерді жинастыру, салыстыру	реферат
Халықтың менталитеті мен адамның менталитеті дегенді қалай түсінесіз?	Дөңгелек үстел өткізу
Монолингвизм, билингвизм, полилингвизм терминдеріне түсінік беру	Сөздіктерден анықтамаларды теріп жазу, талдау
Ұлттық ою-өрнектердің символдық мәні	Ойтолғау жазу
Халықтың бұрынғы мәдениеті туралы білуге этнолингвистика қалай көмектеседі?	пікір алысу
«Ата өрісі» («ата жұрты»), «Ана өрісі» («нағашы жұрты») және «құда-андалық өріс»	Өз туыстарыңыздың осы үш топқа бөліп, сызбасын жасаңыз
Аспан денелері атауларының этнолингвистикалық табиғаты	этнолингвистикалық этюд жазу
Мифтік таным негізіндегі ұлттық ұғым-түсініктер	этнолингвистикалық этюд жазу
Тілдік деректерді этнолингвистикалық тұрғыдан зерделеудің әдіс-тәсілдері	конспект

Қазір әлемде қанша ұлт өкілдері бар?	статистикалық деректер жинастыру
Қазақстанда қанша ұлт тұрады, олар қай тілде сөйлейді?	картасын жасау
«Мәдени мұра» бағдарламасы қай жылы құрылды және ол туралы не білесіз?	реферат
Ыдыс-аяқ атауларына этнолингвистикалық талдау	этнолингвистикалық этюд жазу
Үйлену дәстүріне байланысты қалыптасқан фразеологизмдердің этнолингвистикалық табиғаты	этнолингвистикалық этюд жазу
Қару-жарақ атауларының этнолингвистикалық табиғаты	этнолингвистикалық этюд жазу
Киелі сандар жүйесіндегі халықтық дүниетаным	этнолингвистикалық талдау
Халықтық өлшем атауларының этнолингвистикалық табиғаты	этнолингвистикалық талдау
Соматизмдердің этнолингвистикалық сипаты	этнолингвистикалық талдау
Діни наным-сенімдер және оның тілдегі көрінісі	этнолингвистикалық этюд жазу
Жылқы малына қатысты атаулардың этнолингвистикалық сипаты	этнолингвистикалық этюд жазу
Киіз үйге қатысты фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты	этнолингвистикалық этюд жазу
Қазақ этнолингвистикасының өзіндік ерекшеліктері	реферат
Этнофразеологизмдердің ұлттық этномәдени сипаты	реферат
Қазақ эпостарындағы жер-су атаулары мен кісі аттарының этнолингвистикалық сипаты	реферат
Қазақстанның этнолингвистикалық картасын жасау	карта жасау

Әдебиеттер:

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998.
2. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алматы, 1995.
3. Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алматы, 1994.
4. Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы, 1997.
5. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2008.
6. Карабулатова И.С., Шаймерденова Н.Ж., Авакова Р.А., Ниязова Г.М. Этнолингвистика евразийского континуума: теория и практика. – М., 2009.
7. Қайдар Ә. Қазақтар: ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). – А., 2009.
8. Қайдар Ә. Қазақ қандай халық. – А., Дайк-Пресс. 2008.
9. Кайдар А. Тысяча метких и образных выражений. – Астана: Білге, 2003. – 368 с.

Қосымша әдебиеттер

1. Қайдаров Ә. Халық даналығы. – Алматы, 2004.
2. Қайдаров Ә. Этнолингвистика // Білім және еңбек. – 1985, № 10, 18-22 бб.
3. Жанпейісов Е. Этнолингвистика // Ана тілі. – 1994, 20 қаңтар.
4. Толстой Н.И. Этнолингвистический словарь славянских древности. – Москва, 1966. т.І.
5. Верещагин Е., Костомаров В. Язык и культура. – М., 1983.
6. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени сипаты. – Алматы, 1998.
7. Воробьев В.В. Лингвокультурология. – Москва, 1997.
8. Толстой Н. И. Некоторые проблемы и перспективы славянской и общей этнолингвистики // Известия АН СССР. Серия лит. И яз. Т. 41. – 1982 №5, 397-405 с.
9. Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. – Москва, 1997.
10. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы, 1995.
11. Аронов К. Этнолингвистическая природа народных космоимов в казахском языке. – Алматы, 1992.
12. Кейкін Ж. Қазақ атаулар мен байламдар. – Алматы, 1999.
13. Тілеуғабылұлы Т. Сандар әлеміне саяхат. – Алматы, 1995.
14. Гумбольдт В. Язык и философия языка. – Москва, 1985.
15. Ахметов Ә. Америкалық «Үндістердің» шығу тегіне тарихи және этнолингвистикалық көзқарас \\\ Ақиқат. – 2006. № 11-12.
16. Ахметов Ә. Түбі түркі өркениеті. – А., 2009.
17. Отандық түркология: мәселелер, ізденістер, нәтиже. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – А., 2007.
18. Дәулетбекова Ж. Сөз мәдениетінің ұлттық-танымдық негіздері. – А., 2007.
19. Абақан. Е.М. Тілдің мәдени философиясы. Алматы: «Айкос», 2000.

- 20.Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы, 1995.
- 21.Сулейменова. Э.Д. Актуальные проблемы казахстанской лингвистики: 1991-2001. – Алматы: «Арыс», 2001.
- 22.Сыздықова. Р. Сөз құдіреті. – Алматы: «Санат», 1997.
- 23.Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. – М: Языки русской культуры, 1998.
- 24.Ареальные исследования в языкознании и этнографии: Язык и этнос. –Ленинград, 1983.
- 25.Базиев А.Т., Исаев М.И. Язык и нация. – М: «Наука», 1979.
- 26.Қалыбаева Қ.С. Қазақ тіліндегі диалектілік тұрақты сөз тіркестері. – Алматы, 1997. – 72 б.
- 27.Мұстафаұлы С. Тұрақты тіркестердегі жергілікті ерекшеліктер. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 170 б.
- 28.Момынова Б. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар. – Алматы: Арыс, 2009. – 160 б.
- 29.Жиренов С. Когнитивтік лингвистика. – Алматы, 2010. – 108 б.
- 30.Этнолингвистика текста. Семиотика малых форм фольклора// Тезисы и предварительные материалы к симпозиуму. – Москва, 1988.
- 31.Исаев М.И. Словарь этнолингвистических понятий и терминов. 3-ое изд. – М.:Флинта:Наука, 2003. – 200 с.

Этнолингвистикалық аспектіде қорғалған диссертациялар тізімі:

1. Ағабекова Б. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық теңеулердің ұлттық мәдени сипаты. – А., 2010. – 133 б.
2. Ағабекова Ж. Қазақ тілінде қалыптасқан араб текті кісі аттарының этнолингвистикалық сипаты. – А., 2005. – 131 б.
3. Айтпаева Ә. Бесік жырларының этнолингвистикалық сипаттамасы (қазақ, орыс, неміс тілдерінің материалдары бойынша). – А., 2006. – 150 б.
4. Ақбердиева Б. Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық құрылымдар (қазақ тілі материалы бойынша). – А., 2000. – 119 б.
5. Аронов Қ. Қазақ тіліндегі халықтық космонимдердің этнолингвистикалық табиғаты. – А., 1992. – 196 б.
6. Асылова Р. Аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулардың лингвомәдени мазмұны. – А., 2011. – 110 б.
7. Атабаева М. Қазақ тіліндегі диалектілік лексиканың этнолингвистикалық негізі. – А., 2006. – 290 б.
8. Атаханова Р. Туыс емес тілдердегі мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты (неміс және қазақ мақал-мәтелдері негізінде). – А., 2005. – 180 б.
9. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер (салыстырмалы этнолингвистикалық зерделеу). – А., 1995. – 256 б.
10. Әлімжанова А. Қазақ тіліндегі әйел қолөнеріне байланысты халықтық лексиканың этнолингвистикалық сипаты. – А., 2008. – 180 б.
11. Әшімханова Ф. Қазақ тіліндегі антропонимдердің лингвомәдени жүйесі. – А., 2007. – 112 б.
12. Ғабитханұлы Қ. Наным-сенімге байланысты тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаты. – Алматы, 1995.
13. Ержанова Ұ. Батыс Қазақстан облысы топонимдерінің этнолингвистикалық сипаты. – А., 1998. – 157 б.
14. Жаубасова Т. Қазақ ұлттық музыка аспаптары атауларының этнолингвистикалық сипаты. – А., 2006. – 123 б.
15. Жұмағұлова Ж. Қазақ тіліндегі этноэлеметтік атаулардың лингвомәдени сипаты. – А., 2006. – 112 б.
16. Жүсіпова Р. Ағылшын және қазақ мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық сипаты. – А., 2004. – 171 б.
17. Иманалиева Р. Этнолингвистическое вопросы изучения средств выражения пространственных представлений в казахском языке. – А., 1990.
18. Исаева Г. Киіз үйге қатысты атаулардың этномәдени негізі (қазақ, қарақалпақ, қырғыз тілдерінің материалдары бойынша). – А., 2008. – 147 б.
19. Керімбеков А. Қазақ тіліндегі сакральды атаулардың этнолингвистикалық сипаты. – А., 2007. – 137 б.
20. Керімбаев Д. Қазақ фольклорындағы жалқы есімдердің құрамы мен этнолингвистикалық сипаты. – А., 2003. – 122 б.
21. Күркебаев К. Қазақ тіліндегі өлшемдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты (ұзындық, арақашықтық, салмақ-көлем өлшемдері негізінде). – А., 2003. – 126 б.

22. Қарсыбекова Ш. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық сипаты. – А., 2004. – 109 б.
23. Мұсабаева М. Қазақ тіліндегі антропонимиялық «аталымдардың» этнолингвистикалық сипаттамасы. – А., 1995. – 196 б.
24. Мұхамбетов Ж. Көркем мәтіндердегі диалектизмдердің этномәдени мәні. – А., 2007. – 120 б.
25. Оңғарбаева Н. Қазақ жұмбақтарының тілі (этнолингвистикалық зерттеу). – А., 1997.
26. Өтебаева Э. Қазақ тіліндегі -дай, -дей, -тай, -тей тұлғалы теңеу мәнді тілдік бірліктердің этнотанымдық сипаты. – А., 2010.
27. Сағынова Б. Қазақ тіліндегі адам интеллектісіне қатысты лексика (этнолингвистикалық зерттеу). – А., 1999. – 125 б.
28. Сейітова Ш. Өсімдікке байланысты тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаты. – А., 1999. – 147 б.
29. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – А., 1998. – 292 б.
30. Тоқтағұл Б. Түркі тілдеріндегі төрт түліктің жасына қатысты атаулардың этнолингвистикалық сипаты. – А., 2005. – 123 б.
31. Тұрышев А. Мәшһүр Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері. – А., 2005. – 295 б.
32. Тілеуберидев Б. Оңтүстік Қазақстан топонимдерінің этнолингвистикалық сипаттары. – А., 1995. – 162 б.
33. Уызбаева Б. Қазақ тіліндегі соматикалық етістік фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты. – А., 1994. – 203 б.
34. Хазимова Ә. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени деректері. – А., 2002. – 119 б.
35. Шойбеков Р. Қазақ тілінің қолөнер лексикасы. – А., 2006. – 310 б.
36. Шота Қ. Дыбыстық еліктеуіш етістіктердің этнолингвистикалық негіздері. – А., 2004. – 120 б.

Мазмұны

Алғы сөз	3-4
<i>I тарау.</i> Этнолингвистика ғылымының теориялық негіздері	
1.1 Тіл біліміндегі антропоэзектік бағыт және оның салалары	5-13
1.2 Этнолингвистика – ғылым саласы	14-17
1.3 Этнолингвистика ғылымының зерттелу тарихы және этнолингвистикалық мектептер	17-24
1.4 Этнолингвистиканың зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеттері	25-29
1.5 Этнолингвистиканың басқа ғылым салаларымен байланысы.....	30-36
1.6 Қазақ тіл біліміндегі этнолингвистикалық принциптер мен әдіс-тәсілдер	36-41
Пайдаланылған әдебиеттер	42-43
<i>II тарау.</i> Қазақ тіліндегі этнолингвистикалық арналар	44-46
2.1 Фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты	46-57
2.2 Мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты	57-62
2.3 Жұмбақтардың этнолингвистикалық сипаты	62-67
2.4 Тұрақты теңеулердің этнолингвистикалық сипаты	67-71
2.5 Түркі тілдеріндегі этнолингвистикалық арналар көрінісі	71-79
2.6 Этнолингвистикалық талдау жасаудың үлгісі	79-81
Пайдаланылған әдебиеттер	82
Тест сұрақтары	83-93
Глоссарий	94-102
Курс бойынша СӨЖ тапсырмалары	103-104
Әдебиеттер	105-106
Этнолингвистикалық аспектіде қорғалған диссертациялар тізімі	107-108
Мазмұны	109